

**Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы
Құқық қорғау органдары академиясы**

САРҚЫТБАЙ САЯТ ЖЕТПІСБАЙҰЛЫ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ
ТІЛ ТУРАЛЫ ЗАҢНАМАНЫ БҰЗҒАНЫ ҮШІН ҚҰҚЫҚТЫҚ
ЖАУАПКЕРШІЛІК**

**6М030100 «Құқықтану» мамандығы бойынша заң ғылымдарының
магистрі дәрежесін алу үшін диссертация**

Ғылыми жетекші:

Арнайы заң пәндер кафедрасының
доценті Е.Е. Каженов
заң ғылымдарының кандидаты
әділет кеңесшісі

Ғылыми консультант:

Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер
кафедрасының доценті Б.Р. Есімсейтов
филология ғылымдарының кандидаты
қауымдастырылған профессор
әділет кеңесшісі

Қосшы, 2020 жыл

ТҮЙІНДЕМЕ

Диссертациялық жұмыс мемлекеттік тілдің этносаралық қатынас тілі ретіндегі рөлін күшейтуге арналған. Жұмыстың негізгі ойы - мемлекеттік идеология мен тіл саясатын ұтымды жүргізу және ұлттық кодты сақтап қалу. Зерттеудің қорытындылары бойынша ҚР Конституциясының 7-бабын өзгерту туралы референдум өткізу, «ҚР тіл туралы» Заңның 5, 8-баптарына өзгертулер енгізу, «ҚР Ұлттық құндылықтары туралы» заң қабылдау, оны бұзғандығы үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікті көздеу және «Қазақ тілі академиясын» құру ұсынылды.

Жұмыс құрылымы кіріспеден, негізгі бөлік 2 тараудан, 6 бөлімнен құралған, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жалпы көлемі – 94 бетте.

РЕЗЮМЕ

Диссертационная работа посвящена усилению роли государственного языка как языка межэтнического отношения. Основная идея работы - проведение рациональной государственной идеологии и языковой политики, а также сохранение национального кода. По итогам исследования предложено проведение референдума об изменении ст. 7 Конституции РК, внесение изменений в ст. ст. 5 и 8 Закона «О языке в РК», принятие закона «О национальных ценностях РК», предусмотрев по нему административную и уголовную ответственность, а также создание «Академии Казахского языка».

Структура работы состоит из введения, основная часть из 2 разделов и 6 подразделов, заключения и списка использованной литературы. Общий объем-94 страниц.

SUMMARY

The dissertation work is devoted to strengthening the role of the state language as the language of interethnic relations. The main idea of the work is to carry out a rational state ideology and language policy, as well as to preserve the national code. The study proposed a referendum on amending article 7 of the Constitution, amendments to articles 5 and 8 of the Law «On language in the RK», the adoption of the law «On national values of Kazakhstan», providing it administrative and criminal liability, as well as the creation of the «Academy of the Kazakh language».

The structure of the work consists of an introduction, the main part of 2 sections and 6 subsections, conclusions and a list of references. The total volume is 94 pages.

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР	3
БЕЛГІЛЕРІ ҚЫСҚАРТУЛАРЫ	4
КІРІСПЕ	5-9
1. ТІЛДЕР САЯСАТЫНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ.	
1.1. Шет елдердегі мемлекеттік тілді дамыту саясатының тарихы және оның артықшылығы мен кемшіліктері	10-22
1.2. Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілдің даму тарихы	23-36
1.3. Қазақстан Республикасында тілдерге қатысты нормативтік құқықтық актілер мен мемлекеттік бағдарламаның орындалуы мен проблемалары	37-46
2. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ДЕҢГЕЙІ.	
2.1. Құқық қорғау қызметіндегі жедел іздестіру шараларын, тергеуді және іс қағаздарды жүргізу тілі, оның электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесіндегі пайдаланылуы, проблемалары және оларды шешу жолдары	47-55
2.2. Тіл саясатының жаңа талаптарын ескере отырып, құқық қорғау қызметінде тілдерге қатысты заңнамаларды бұзғаны үшін құқықтық жауапкершілік мәселелері	56-71
2.3. Құқық қорғау қызметінде латындандыру процессінің қолайлы жақтары	72-78
ҚОРЫТЫНДЫ	79-89
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	90-94

АНЫҚТАМАЛАР

Осы диссертацияда тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады:

Сингармонизм - Сингармонизм (гр. *συν* - бірге, гр. *ἁρμονία* - үндесу) — үндестік заңы. Үндестік заңы түркі тілдерінің дыбыстық жүйесіндегі басты заң. Сингармонизм тілдің бүкіл фонетикалық бейнесін, дыбыс жүйесі мен буын жүйесінің ерекшелігін, сөйлеу нормасын айқындайтын құбылыс. Сингармонизм бойынша сөздер не бірыңғай жуан, не бірыңғай жінішке, не еріндік, не езулік болып айтылады. Түбірге жалғанатын қосымшалар да осы заңдылыққа бағынады. Мысалы: далалық, еңбекшілер, жұлдузым (жұлдызым), күлкүлі (күлкілі). Сингармонизмнің басты қасиеті, оның сөзайырымдық және сөзтанымдық қызметінен көрінеді.

Транслитерация - (лат. *trans* - арқылы, *littera* - әріп) — бір жазудағы әріптерді екінші бір жазудың әріптерімен, яғни бір әліпбидегі жазуды басқа бір әліпбиге ауыстыру. Егер сөздердің дыбыстық құрамына әліпби сәйкес келсе, онда әліпби ауыстыру қиындық келтірмейді. Ал сөздердің дыбыстық құрамына әліпби сәйкеспеген жағдайда оларды жазу күрделенеді.

Парадигма – (үлгі деген сөз) – зерттелетін мәселені шешу үшін үлгі ретінде алынған теория; теориялық көз-қарастардың, методологиялық принциптердің, әдістемелік қабылдаудың және эмпиризмдік нәтижелердің бірігу жүйесі; ғылымның белгілі бір даму кезеңінде ғылыми қауымдастықпен қабылданған және болжамдарды ғылыми ұғыну үшін, ғылыми таным процесінде туатын міндеттерді шешу үшін үлгі, модель, стандарт ретінде пайдаланылатын теориялық және әдістемелік ережелер жиыны.

Синтаксис - (гр. *σύνταξις* - құру, тәртіп, амал-тәсіл) - сөз тіркесі туралы, сөйлем туралы ғылым. Сөйлеу дағдысы бойынша сөздер өзара белгілі бір жүйемен тіркеседі. Сол тіркестердің де, сөйлемдердің де өз жүйелері, өз заңдары болады. Синтаксис сөйлеудің калыптасу ережелерін зерттейді. Қазақ тілінің синтаксисі грамматикалық ілім ретінде екі салада зерттеліп келеді: сөз тіркесінің синтаксисі, сөйлемнің синтаксисі. Соңғысы өз ішінен жай сөйлем синтаксисі, құрмалас сөйлем синтаксисі болып жіктеледі.

БЕЛГІЛЕРІ МЕН ҚЫСҚАРТУЛАРЫ

КСРО - Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
Қазақ АКСР - Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасы
ҚАССР - Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасы
Қазақ КСР - Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы
ҚР ҚПК – Қазақстан Республикасының Қымлыстық-процестік кодексі
ҚР ҚК – Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі
ӘҚБК - Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің
БАҚ – Бұқаралық ақпарат құралы
АҚШ – Америка Құрама Штаттары

КІРІСПЕ

Тақырыптың өзектілігі мен негіздемесі. Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл - қазақ тілі [1].

Осы норма «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңының 4 бабында толығымен көзделіп, мемлекеттік тіл - мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі делінген.

Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру - Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы.

Үкімет, өзге де мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар:

Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілді барынша дамытуға, оның халықаралық беделін нығайтуға;

Қазақстан Республикасының барша азаматтарының мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруіне қажетті барлық ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық жағдайларды жасауға; қазақ диаспорасына ана тілін сақтауы және дамытуы үшін көмек көрсетуге міндетті [2].

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның мақсаты: қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі толыққанды қызметін қамтамасыз ете отырып, латын графикалы әліпби негізінде қазақ тілін жаңғыртуға, тіл мәдениетін одан әрі арттыруға және тілдік капиталды дамытуға бағытталған үйлесімді тіл саясатын жүргізу.

Бағдарламаның басты міндері:

- мемлекеттік тілдің этносаралық қатынас тілі ретіндегі рөлін күшейту;
- білім беру саласындағы қазақ тілінің функцияларын кеңейту және оны қолдану мәдениетін арттыру;
- мемлекеттік және мемлекеттік емес сектор ұйымдарында қазақ тілін меңгеру деңгейін арттыру;
- ақпараттандыру және коммуникация саласындағы қазақ тілінің қолданылуын жетілдіру;
- мәдениет, халыққа қызмет көрсету, БАҚ және бизнес саласында мемлекеттік тілдің қолданылуын реттеу, әлеуметтік беделін арттыру;
- халықаралық коммуникацияда қазақ тілінің қолданылуын кеңейту болып табылады.

Бұл құжат мемлекеттік және ұлттық бірегейліктің аса маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілді дамытудың басымдығына негізделген және азаматтардың рухани-мәдени, тілдік қажеттіліктерін толыққанды қанағаттандыруға бағытталған [3].

Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаев: «Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторы болып табылатын қазақ тілінің одан әрі дамуы үшін барлық күш-жігерімізді салуымыз керек. Сонымен бірге елімізде тұратын барлық халықтардың өкілдері ана тілдерінде еркін сөйлей, оқи алуына, оны дамытуға қолайлы жағдай тудыру қажет», - деп атап көрсеткен болатын [4].

Ел бірлігі доктринасында мемлекеттік тіл жалпыұлттық және рухани бірліктің басты факторы, негізгі басымдығы ретінде айқындалған. Оны меңгеру әрбір Қазақстан азаматының парызы мен міндеті болып саналып, жеке өзінің бәсекеге қабілеттілігі мен қоғамдық өмірге араласуының белсенділігін айқындайтын ынталандырушы тетік болуға тиіс.

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңының Конституцияға сәйкестігі жөніндегі» қосымша Қаулысында, мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында мемлекеттік тіл - қазақ тілі, ал ресми тіл - орыс тілі екінші мемлекеттік тіл мәртебесіне ие емес. Мемлекеттік тіл мәртебесінің үстем болуы оның жария-құқық саласында қолданылуының айрықшылығы, не басымдылығы Конституцияда баянды етіліп, заңдарда белгіленеді. Конституция мемлекеттік және қоғамдық маңызы бар іс-шаралар өткізу кезінде қазақ және орыс тілдерінің тең қолданылуын белгілемейтіндігі көрсетілген [5].

Демек, заңнамаларға сәйкес Қазақстан Республикасының барлық мемлекеттік ұйымдары мен органдары мемлекеттік тілдің басымдығын қамтамасыз етуге міндетті.

Алайда, іс жүзінде құқық қорғау органдары мен басқа да мемлекеттік ұйымдарда қазақ тілі қолданыстан тыс. Мемлекеттік тіл тек ілеспе хат денгейінде қолданылып, негізгі құжат мәтіні орыс тілінде дайындалады (электрондық құжат айналымыда), жиын, жедел отырыстар орыс тілінде жүргізіледі, тапсырмалар, ақпараттар т.б. іс-шаралар орыс тілінде беріледі. Сонымен қатар, жедел тексеріс іс-шараларын жүргізу және сотқа дейінгі тергеу тілі орыс тілімен басым қамтылған.

Қазақ тілінің дамуына заң тарапынан белгілі қолдау болғанымен, мемлекеттік ұйымдар мен құқық қорғау органдары тарапынан ол жеткілікті ескерілмей, заң талаптарына қайшы әрекеттер орын алуда.

Мемлекеттік шенеуніктер мен қызметкерлер үйреніп, қолданып жарытып жатпаған қазақ тілін үйрену үшін халық негіз көрмей отыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Қазақ тіліне реформа, тіпті қажет десеңіздер тілімізді жаңғырту қажет. Ғалымдарымыздың салмақты пікірлерін күтеміз. Тағы да қайталап айтамын, біз нақты қазақ тілін реформалаймыз. Мұндай ұлтымыз үшін тағдыршешті мәселеде науқаншылдыққа және жеңілтектікке жол беруге болмайды», - деп мемлекеттік тілді реформалау қажеттігін атап өтті [102].

Сондықтан осы мәселе бойынша шетел тәжірбиесін ескеріп, қолайлы жақтарын пайдалана отырып, ұсыныс енгізу өзекті болып табылады.

Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңына өзгертулер мен толықтыруларды енгізуді, мемлекеттік тілдің заңды мәртебесін көтеру үшін арнайы заң қабылдауды, заңда белгіленген мемлекеттік тілдің мәртебесін бұзғаны үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікті көздеуді қарастыру қажет.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты:

- шет елдегі тіл саясатына қатысты ұтымды ұсыныстарын, заңнамаларын жинақтап, оны талдап, қалыптасу тарихы мен қолдану тәжірибесін қарастыру;

- Қазақстан Республикасындағы қазақ тілінің даму тарихы мен бүгінгі жағдайын қарастыру;

- мемлекеттік тілдің дамуына қатысты нормативтік құқықтық актілер мен бағдарламалардың орындалуы мен проблемаларын айқындау;

- мемлекеттік қызметтегі шенеуніктер мен қызметкерлердің қазақ тілін қолданбау, оны ары қарай дамытпау, мәртебесін көтермеу мәселелерінің туындау себептері мен салдарын толық анықтап, оның алдын алу үшін ұтымды ұсыныстар беру;

- бүгінгі мемлекеттік тілдің «мүшкіл» жағдайын шешу үшін қосымша қажетті заң нормаларын енгізу бойынша ұсыныс беру;

- мемлекеттік тілге қатысты Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңнамаларына қайшы әрекеттерді анықтау, оның алдын алу жолдарын ұсыну;

- мемлекеттік тілге қатысты Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңнамаларына қайшы, коллизия тудыратын заңдарды анықтау, оның алдын алу жолдарын ұсыну;

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұйымдары мен құқық қорғау органдары қызметкерлерінің мемлекеттік тілді жетік біліп, қызметте пайдалану үшін қосымша іс-шараларды жүргізуді ұсыну және басқасы.

Диссертациялық зерттеудің міндеті - Қазақстан Республикасында бірлікті нығайтудың негізгі факторы ретінде мемлекеттік тілдің мемлекеттік қызметте кең қолданысын қамтамасыз ету.

Мемлекеттік тілдің қолданылуына бағытталған көптеген заңдар мен нормативтік құқықтық актілер қабылданғанымен, олар Қазақстан Республикасы Конституциясындағы орыс тілдің қолдану аясына берілген құқыққа қайшы келе алмайды.

Сондықтан Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабын өзгерту туралы референдум өткізуді, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңның 5-бабы мен 8-бабына өзгертулер енгізуді, мемлекеттік тіл мәртебесіне арнайы заң қабылдауды, ұлттық идеология мен тіл саясатын ұтымды жүргізу жолын қарастыру міндет.

«Қазақстан Республикасының Ұлттық құндылықтары туралы» Заң қабылдап, ең басты құндылықтардың бірі ретінде қазақ тілінің мәртебесі мен үстемділігін көздеу қажет.

Мемлекеттік тіл мәртебесін бұзғандығы үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікті көздеу керек. Ал оның алдын алу үшін тәртіптік жауапкершілікке тарту мәселесін қарастыру қажет.

«Қазақ тілі академиясын» құру керек. Ол мемлекеттік идеология мен мемлекеттік тіл саясатын ұтымды жүргізетін, ұлттық кодты сақтап қалуға бағытталған кешенді іс-шараларды ұйымдастыратын мемлекеттік ұйым болуын қарастыру керек.

Қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру көптен күтілген тарихи маңызды оқиға, ол ұлттық идеялогиямыз бен тіл саясатымызға оң нәтижесін берері анық. Сондықтан осы мәселенің ұтымды жақтарын қарастырып өту маңызды.

Диссертациялық зерттеу объектісі - Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұйымдары мен құқық қорғау органдарындағы тіл саясаты және мемлекеттік тілдің бүгінгі күндегі мәртебесі мен оның болашағы. Мемлекеттік тіл мәртебесіне қатысты құқықтық жауапкершілік.

Диссертациялық зерттеу пәні - Қазақстан Республикасының Конституциясының, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңының, ҚР ҚК, ҚР ҚПК, ӘҚБК және басқа да заңнамалар мен нормативтік құқықтық актілердің тиімділігін арттыру жолдары болады.

Диссертациялық зерттеу әдістері мен әдістемесі. Зерттеу барысында танымның жалпы ғылыми диалектикалық әдісі мен арнайы әдістері қолданылды: тарихи, құқықтық, салыстырмалы-құқықтық, формальды-заңдық, логикалық, статистикалық талдау, ғылыми талдау әдістері.

Ғылыми жаңалықты негіздеу. Мемлекеттік тілдің басымдығын арттыру ҚР Конституциясында, заңнамаларда, Президент жолдауларында, тұжырымдамаларда, доктринада, бағдарламалар мен жоспарларда көрсетіліп, үгіт-насихат жүргізіліп, ауқымды қаражат бөлінгенімен ұлттық құндылықтың басты факторы ретінде қалыптаса алмай жатыр.

Бұл мәселе құқықтық жауапкершілік енгізумен шешілмейді.

Мемлекеттік тілдің этносаралық қатынас тілі ретіндегі рөлін күшейтіп, мемлекеттік идеология мен тіл саясатын ұтымды жүргізу үшін кешенді жұмыс ұйымдартыру қажет. Ол үшін:

- мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеріп, басымдығын қамтамасыз етуге бағытталған нормативтік құқықтық актілер қабылдау бойынша ұсыныс беру;
- мемлекеттік тілдің қолданысына кедергі, немесе қайшы нормативтік құқықтық актілерді анықтау;
- мемлекеттік тіл саясатын арттыру үшін нормативтік құқықтық актілерге толықтырулар мен өзгертулер енгізу бойынша ұсыныс беру;
- мемлекеттік тіл саясатын бұзғаны үшін құқықтық жауапкершілікті көздеу;
- мемлекеттік тілді латын әліпбиіне көшіру мәселесі бойынша ұсыныс беру маңызды.

Зерттелудің құқықтық базасы - Қазақстан Республикасының Конституциясы; «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151-І Қазақстан Республикасының Заңы; Қазақстан

Республикасының қылмыстық-процесстік кодексі, Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі; Әкімшілік құқық бұзушылық кодексі, «Тілдерді дамыту мен қолданудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» мен басқада нормативтік құқықтық актілер.

Зерттеудің теориялық базасы. Құқықтың жалпы теориясы, конституциялық, қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу, әкімшілік құқық, шетелдік авторлардың еңбектерінде қамтылған зерттелетін мәселелерге қатысты ғылыми ережелер құрады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар.

Диссертациялық жұмыстың аясында қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар келесідей:

1) Халықаралық нормаларды ескере отырып, Конституцияда баянды етілген өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып, «Республикалық референдум тағайындау туралы» конституциалық Заң нормаларын басшылыққа алып, Конституцияның 7 бабының 2 тармағына референдум жүргізу арқылы келесідей өзгерту енгізуді ұсыну:

«Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деген норманың күшін жойып, орнына *«Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында қазақ тілі қолданылады. Орыс тілі ұлтаралық қатынас тілі болып табылады»* - деген норманы енгізу.

2) «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңына келесідей өзгертулер енгізуді ұсыну:

- *«Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады»* деген 5 баптың күшін жоюды;

- 8-баптың *«Орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады»* деген норманың күшін жойып, орнына *«Орыс тілі ұлтаралық қатынас тілі болып табылады»* - деген норманы енгізуді ұсыну.

3) «Қазақстан Республикасының Ұлттық құндылықтары туралы» Заң қабылдап, ең басты құндылықтардың бірі ретінде қазақ тілінің мәртебесі мен үстемділігін көздеуді ұсыну.

4) «Қазақстан Республикасының Ұлттық құндылықтары туралы» Заң талаптарын бұзғандығы үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікті көздеуді ұсыну:

- Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық кодексіне жаңа 75-1 бабын енгізіп, ұлттық құндылықтарға қарсы жасалған құқық бұзушылықтар түрлерін белгілеп, ол үшін жауапкершілікті көздеу.

- Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексіне жаңа 145-1-бабын енгізіп, ұлттық құндылықтарды тікелей немесе жанама шектегені үшін қылмыстық жауапкершілікті көздеу.

Құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында тәртіптік жауапкершілікке тарту тәжірбиесін қолға алу керек. Ол үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы

органдардың, құқық қорғау мен арнаулы мемлекеттік органдардың, соттың және басқада мемлекеттік ұйымдардың ережелерінде «Қазақстан Республикасындағы Ұлттық құндылықтар туралы» Заңды бұзғандығы үшін тәртіптік жауапкершілікті көздеуді ұсыну.

5) «Қазақ тілі академиясын» құруды ұсыну.

Ол Қазақстан Республикасының идеологиясы мен мемлекеттік тіл саясатын ұтымды жүргізуші, ұлттық кодты сақтап қалуға бағытталған кешенді іс-шараларды ұйымдастырушы негізгі мемлекеттік ұйым болуы маңызды. «Қазақ тілі академиясы» міндеттерінің ішінде:

- мемлекеттің барлық саласында қазақ тілінің үстемділігін қамтамасыз етіп, өзекті проблемаларын шешу үшін нормативтік-ұйымдастырушылық жұмыстарды жүргізу (с.і. мемлекеттік тілде оқытудың әдіснамасын жетілдіру мен стандарттау; мемлекеттік тілде оқытудың инфрақұрылымын дамыту; мемлекеттік тілде оқыту процесін ынталандыру; барлық сала бойынша қазақ тілі заңдылығын сақтап терминалогиялар әзірлеу; қазақ тілінің лексикалық қорын жетілдіру және жүйелеу; оқулықтар мен маңызды кітаптардің аудармаларын қамтамасыз ету; тіл мәдениетін жетілдіру; латындандыру процесін жүргізу және т.б.);

- білім мен тәрбиені мемлекеттік тілде беруді қамтамасыз ету;

- бұқаралық ақпарат құралдарында, интернет ресурстарында, әлеуметтік желілерде қазақ тілінде жүргізілуін және беріліп отырған ақпараттың ұлттың мүддемізге сәйкестігін бақылау;

- кітаптар пен оқулықтар қазақ тілінде шығарылуын қамтамасыз ету. Құнды кітаптар мен баспа туындыларын мемлекеттік тілге аударылуын қамтамасыз ету және т.б.

б) Конституцияда баянды етілген мемлекеттік тіл мәртебесіне қайшы әреттердің алдын алуды ұсыну.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодекстің 30-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасында қылмыстық сот ісін мемлекеттік тілде жүргізілуін міндеттеу. Кодекс талаптарын бұзғандарды тәртіптік жауапкершілікке тарту.

7) Заң талаптары бұрмаланып, коллизия тудыратын нормативтік құқықтық актілердің күшін жоюды ұсыну.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 13 нормативтік қаулысы Қазақстан Республикасы қылмыстық-процестік кодексінің 30 бабының 2 тармағын ескермегендіктен, оған Кодекстің сол бабындағы норманы толығымен енгізу.

Сонымен қатар басқа да маңызды іс-шараларды жүргізуді ұсыну.

Зерттеу нәтижелерін апробациялау және тәжірибеге енгізу.

Зерттеу жүргізу нәтижесінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты, Қазақстан Республикасының Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог — Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Жолдауына орай ұйымдастырылған халықаралық

ғылыми-тәжірибелік жұмыстар жинағында «Қылмыстық процесті жүргізетін тіл мәртебесі» - атты мақала жарық көрді.

Сондай-ақ, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тіліне, ұлттық құндылықтарына қарсы құқық бұзушылықтардың алдын алу жолдары» деген мақала, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдарының академиясы «Қазіргі заң ғылымының дамуы: теория және практика» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік жұмыстар жинағында жарияланды.

1. ТІЛДЕР САЯСАТЫНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

1.1. Шет елдердегі мемлекеттік тілді дамыту саясатының тарихы және оның артықшылығы мен кемшіліктері

Голландтық социолог Абрам де Де Сваанның пікірінше жаһандық тіл жүйесі ерте «әскери-аграрлық» режимдерден бері үнемі дамып келеді. Осы режимдерде жаулап алушылар өз тілін жауланған аграрлық қоғамдастықтарға міндеттеу нәтижесінде, соңғылар ол тілді меңгеріп алғашқы «орталық» тілдер (жаулап алушылар тілдері) пайда болды. Осылайша империялардың қалыптасуы болды.

Әлемдік жүйенің лингвистикалық өлшемі саяси, экономикалық, мәдени және экологиялық аспектілермен тығыз байланысты. Атап айтқанда, тілдердің қазіргі жаһандық жиынтығы алдыңғы жаулап алу мен үстемдік етудің және билік пен алмасудың жалғасқан қарым-қатынасының өнімі болып табылады.

Саяси экономика адамдардың бір тілді басқаларға үйретуге бейімділігіне негізделген. Ағылшын немесе Қытай сияқты белгілі тілдер жоғары мағынаға ие, өйткені ол тілде әлемнің көптеген жерінде сөйлейді, сондықтан олар румын немесе венгр сияқты аз пайдаланылатын тілдерге қарағанда экономикалық пайдалы болады [6].

Ғалымның бұл ойы тарихта болған көптеген құбылыстардан көрініс тауып отыр.

Атап айтсақ, латын тілі кезінде Рим империясы жаулап алған Еуропа елдерінің басым көпшілігінде ортақ тіл болды. Сол кезде қарым-қатынастың барлық түрі латын тілінде болды. Ғылыми еңбектердің көбі латын тілінде жарық көріп, ол ғылым тілі болды, нәтижесінде көптеген елдердің әліпбиіне айналды.

Ұлы Түркі тілі Еуразияның көптеген елдерінің ана тілдерінде көрініс тапты (Славян елдерінің, ағылшын, француз, германия, қытай, үнді, пәкістан, Парсы елдерінің, Араб елдерінің және т.б.). Түркі тілі әсіресе орыс (славян) тілінде басқару, қаржы, әскери, заң шығару және т.б. салаларына арналған терминдерде басым кездеседі. Ол әрине Ұлы дала түркілерінің сол елдерде өз әмірін жүргізу нәтижесінде қалыптасқан құбылыс.

Араб империясының кеңеюі араб тілінің Афро-Еуразия массивінде тіл ретінде кеңінен пайдалануға әкелді. Араб тілі бірінші кезекте ислам дінінің тарауымен тығыз байланысты болды.

Сол сияқты ағылшын, испан, португал, голланд, француз, орыс және т.б. тілдер отарлау саясатын жүргізу нәтижесінде басқа елдерде кең таралып, кейбір халықтардың тілінің жойылып кетуіне әкелген. Нәтижесінде отарлаушы елдің тілі бүгінгі күні солардың мемлекеттік тілі болып бекітілген.

Тарихты ұлы тұлғалар жасайды. Тоқыраудан шығып ең күшті және гүлденген мемлекеттер кімге міндетті? Тарихты түбегейлі өзгеріске әкелген реформаторлар мен билеушілерге міндетті.

Олар данышпандығымен әлемді өзгертті, жаңалықтар ашты, жаңа технологиялар ойлап тапты. Бұл адамдардың өмірбаяны әрдайым қызығушылық, таңданыс тудырды.

Мысалы, ежелден Пифагор, Будда, Конфуций, Аристотель, Ескендір Зұлқарнайын, Еділ қаған, Күлтегін қаған, Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари, Шынғысхан, және тағы басқа әлемге ұлы істерімен танылса, қазақ хандығында Керей мен Жәнібек хандар, Қасым хан, Хақназар хан, Тәуке хан, Абылай хан, Кенесары хан, Абай Құнанбайұлы және тағы басқа біртуар тұлғалар.

«Күштеп орыстандыру» саясаты кезіндегі қазақ елінің тәуелсіздігі үшін, оның индустриалды және әлеуметтік-экономикалық, саяси және рухани даму жолында күрес жүргізген ХХ ғасырдың қазақ интеллигенциялары: Тұрар Рысқұл, Ахмет Байтұрсын, Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулат, Жүсіпбек Аймауыт, Мағжан Жұмабай, Халел Досмұхамедұлы, Мұхаметжан Тынышбай, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мұстафа Шоқай және тағы басқа Алаш ардақтылары мен зиялы қауым тарихта ұлы істерімен із қалдырған.

Қазақ тарихында Алаш арыстарының орны ерекше. Олар қазақ елін өз жеріне ие болуын мақсат тұтты және өркениетті елдердің қатарына қосуды көздеді.

Алаш үкіметі құрылып, қазақтың саяси идеясының негізі қаланды. Алаш қозғалысының арыстары халықтың өзіндік санасын жоғары көтеріп, ұлттық бостандық идеясын ұсынып, қазақ елінің ұлттық мүддесін қорғады.

1917 жылғы 21-26 шілдеде Орынбор қаласында «Бірінші жалпы қазақ съезі» өтіп Алаш партиясының бағдарламасы жарияланды:

- Ресей демократиялық федеративтік республика болуы керек. Оның құрамындағы әрбір мемлекет тәуелсіз түрде әрекет етуі қажет;

- Ресей республикасында тең құқықтық, тұлға, сөз, баспа, ұжымдар ерікті болады;

- дін мемлекеттен бөлінеді. Барлық діндер тең құқылы.

- билік пен сот әр халықтың ерекшеліктеріне сәйкес құрылуы қажет, би мен сот жергілікті халықтың тілін білуі шарт және т.б.

Алаш қозғалысы жетекшілерінің аса ірі тарихи еңбектері қазақ жерін сақтап қалуымен тығыз байланысты.

Осы күнгі Қазақстан Республикасы жерінің тұтастығы мен сақталып қалуында Алаш қайраткерлерінің еңбегі орасан зор.

Олардың Кеңес үкіметінің басшыларымен келіссөздері, әсіресе Ахмет Байтұрсын осы бағыттағы қажырлы еңбегінен кейін, Қазақ автономиялық кеңестік социалистік республикасын құру кезінде, осы автономияның аумағын белгілеуде шешуші маңызға ие болған.

Қозғалыс көшбасшысы Ахмет Байтұрсын: «Басқалардан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға – оқу керек!

Бай болуға – кәсіп керек! Күшті болуға – бірлік керек! Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек!», - деген еді [7].

Әлихан Бөкейханның жобасы бойынша жер, сол жердің байлығы қазақ еліне қызмет етуі керек деп есептеп: «Оның әрбір түйір тасы әр қазақтың өңіріне түйме болып қадалу керек... Қазақтың жерінде өндірілген бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып киілуі керек», - деген ұстанымда болған. Түпкі мақсаты Жапонияның үлгісіндегі ұлттық-демократиялық мемлекет құру еді.

Халел Досмұхамедұлы: «Өз тілін өзі білмеген ел – ел бола алмайды. Тілінен айрылған жұрт – жойылған жұрт», - деп ана тілдің жойылып кетпеуіне еңбегін сіндірген. «Ана тілдің мәртебесін бекітетін» Заң қабылдау керектігін алғашқы болып ұсынды. Тіл саласындағы еңбектері негізінен емле, фонетика, термин, әліпби, аударма, көне сөздердің мағыналарын, этимологиясын ашуға және т.б. арналған еді [7].

«Алаш» партиясының бағдарламасында көрсетілген ел басқару жүйесі, жастардың білім алуы, ұрпақ тәрбиесі, ұлттар теңдігі, азаматтардың құқығы мен бостандығы жөніндегі ұстанымдар тәуелсіз қазақ мемлекетінің саясатымен сабақтас жатыр.

Алаш арыстарының арқасында Қазақстанның мемлекеттік шекарасы бекітілді. Автономиялы мемлекет болып жарияланды. Болашақ тәуелсіздікке іргетасы қаланды.

«Одақтас республикалардың кез келгені қалаған уақытында мемлекет ретінде бөлініп кетуге құқылы», - деп құжатқа Лениннің қолын қойдырған алғашқы реформаторлар болған. Бұл аталғандар қазақ елінің азаттығын аңсаған Алаш ардақтыларының қызметінен бірер мысалдары ғана.

Қазақтың елдігі мен тұтастығын аңсаған Алаш қайраткерлерінің идеясы бүгінде іске асты. XX ғасырдың 90-ыншы жылдарының басында тәуелсіз мемлекетіміздің іргетасы қаланды. Олардың еліміздің тәуелсіздігін ту етіп, XX ғасырда Қазақ елін өз алдына егемен мемлекет ретінде көргісі келген ізгі ниеттері тек XX ғасырдың соңында ғана жүзеге асты.

Заманында бар қазақтың қамқорына, сүйенішіне айналған «Алаш» партиясының саяси тұжырымдамасына, алашордашылардың саяси өмір жолы мен қызметіне қарап отырып, сол дәуірдегі саяси, экономикалық, әлеуметтік мәселелердің бүгінгі таңда да өзектілігін жоймағанын байқайсыз.

Қазақ халқының азат ел ретіндегі тағдыры, тарихы, мемлекеттік дербестігі, жері мен шекарасы, тілі мен діні туралы мәселелер арада ғасырға жуық уақыт өтсе де, күн тәртібінен түскен жоқ [7].

Қазақстан Республикасында қазақ тілінің мәртебесін көтеру мақсатында шет елдегі тіл саясатының қалыптасу тарихын, оның дамуын, ұтымды ұсыныстарын, заңнамаларын қарастырған жөн.

Осы тұста қайта жандандырылған иврит тіліне толығырақ тоқталған дұрыс.

«Әрбір іс үшін барлық күш-жігерін төгуге дайын бір дана және жігерлі адам қажет, сонда іс қандай да болмасын кедергілерге қарамастан ілгері

жүреді... Әрбір жаңалық үшін, әрбір, тіпті прогресс жолындағы ең кіші қадам үшін шегінуді білмейтін алғашқы өтуші қажет», - деген Израиль мемлекетінің иврит тілін қалаушы реформатор Элизер Бен-Иехуд [12].

Иврит тілінің жандануы бірегей құбылыс болды, бұл тәжірибені бүкіл әлем бойынша қайталауға тырысуда. Әсіресе бұл тәжірибені Ирландияда, Украинада, Оңтүстік Африкада және басқада елдерде өз ана тілдерін жандандыру жолында қолданып келеді.

Иврит тілі «жоғалған тіл», - деп саналатын және тек дін тілі болып қызмет еткен. Ол «клиникалық» өлімді бастан өткерген әлемдегі жалғыз тіл.

Еврейлер 16 ғасырдан астам басқа тілдерде сөйлескен. Тек жүз жыл бұрын ғана иврит тілі Израиль елінде қайта жандана бастаған.

Ол тілді Израиль тарихында алғаш жандандырған табанды және дәйекті тұлға - Элизер Бен-Иехуд. Оның күресі үлкен жеке құрбандарды талап етті.

Элизер Бен-Иехуд Литвада жүріп «Еврейлер - бұл ұлт, иврит олардың ұлттық тілі», - деген сенімде болып, 1879 жылы алғашқы иврит тілінде «Маңызды сұрақ» - атты мақала жазып, өзінің революциялық идеяларын сол жерде халыққа жеткізген.

Ол онда еврей ұлттық жаңғыру теориясын дамытып, Эрец-Израэльге (қазіргі Израиль мемлекетінің жері) еврейлерді қоныстандыру қажеттілігін атап көрсетеді.

Ол ұлттың негізгі белгісі тіл екеніне сенімді болды және еврей ұлтын жоққа шығарушы адамдармен «Бізде тіл бар, ол тілмен керек қылсақ қазірде қалаған нәрселерді жаза аламыз және сөйлесе аламыз», - деп дауласатын.

Оның идеясын еврей басшылары мен интеллигенциясы бірден қабылдаған жоқ. Сол кезде еврей тілінде жазғандардың барлығына дерлік, иврит тілін ауызекі тіл ретінде қайта құру идеясына сенімсіз қараған. Мысалы атақты Т.Херцль «Ивриттің мемлекеттік тілге айналуы туралы ешқандай сұрақ туындауы мүмкін емес, себебі оны ешкім білмейді», - деп мәлімдеген [8].

Сионистік ұйым көптеген жылдар бойы ивриттің ұлттық тіл ретіндегі рөлін елемеді. Тіпті кейінірек Элизер Бен-Иехудтың адал көмекшісі болған И.М. Пинес, сөзбе-сөз ивритті қайта құру идеясын «Асқақ арман», - деп санаған, оны жүзеге асыру мүмкін еместігіне сенген [12].

Дегенімен, Бен Иехуд өз арманын өмірінде жүзеге асырды. Ол 1881 жылы Эрец-Израэльге литвадан орала салып бірден екі жаңа қағидатты жариялады:

- адамдар үйде иврит тілінде сөйлесуі тиіс;
- иврит мектептік оқытудың жалғыз тілі болуы тиіс.

Ол осы екі қағидатты ерен еңбегімен жүзеге асырды.

Біраз уақыт бойы ол Иерусалимдегі Альянстың мектебінде алғашқы болып ивритте сабақ беріп, мектептерде иврит тілін оқытуға бағытталған әрекеттері үлкен жетістіктерге жетті.

Үйде тек иврит тілінде сөйлескен, иврит тіліне беріктігі соншама, жұбайына иврит тілін меңгергеніне дейін ұлымен басқа тілде қарым-қатынас жасатқызбаған, соның нәтижесінде ұлы әлемде ивритте сөйлейтін бірінші бала болған.

Элиэзер Бен-Иехуд иврит тілін жандандыру жолындағы күресіне жиырма жыл өткен шақта, яғни 1902 жылы Иерусалимде иврит тілінде сөйлейтін тек қана он отбасы болған [9].

Балабақшалардың (1898ж.) және жоғары оқу орындарының құрылуы иврит тілін нығайтуда маңызды рөл атқарды. 1906-1908 жылдары иврит тілінде екі гимназия құрылды.

Бірақ мұғалімдердің иврит тілінде тәжірибесі, не оқулықтары болмаған. Ол тұрмақ өздері де жақсы білмейтін, себебі көптеген тұжырымдамаларды білдіру үшін иврит сөздері жеткіліксіз болған.

Сондықтан Элиэзер Бен-Иехуд 1903 жылы шағын сөздік шығарды, ал 1908 жылдан бастап әр дәуірде жазылған жүздеген кітаптарды зерттеу негізінде еврей тілінің толық сөздігін шығара бастады. Ол қайтыс болғаннан кейін, бұл жұмысты шәкірттері М.Ц.Сегал мен Н.Х. Торчинер жалғастырып, 1958 жылы сегіз мың беттен тұратын он алты томдық сөздікті аяқтаған.

Иврит тілін жандандырудағы Элиэзер Бен-Иехуд жаңалықтарының бірі - ол заттардың атауын белгілеу үшін беймәлім немесе бұрыннан ұмытылған 220 астам сөздерді ойлап тапқан [8-13].

Элиэзер Бен-Иехудтың қажымас қайратының арқасында, 1916-1918 жылдары дүниежүзілік сионистік ұйым Израильде санақ жүргізгенде, отыз төрт мың адам, яғни жалпы санының қырық пайызының тілі – иврит болған.

Мектеп иврит тілінің қайта өркендеуінің басты факторы болған және дәл осы мектепте «тілдік соғыс», еврей халқының ортасында ұлттық күрестің бірінші оқиғасы болды.

Сол кезде «Эзра» атты неміс-еврей қайырымдылық ұйымы басқа елдердегі еврейлерге көмектесетін және еврей қалаларында (ишувте) бірқатар мектептері мен Иерусалимдегі мұғалімдер курстары бар беделді ұйым болады.

«Эзра» еуропаның мәдениеті мен дамыған тілдерін (бұл жағдайда неміс тілін) таратуды жөн көрді. Бірақ оқу бағдарламаларына неміс тілін үнемі кіргізуіне, мұғалімдер курстарының студенттері қарсы болды.

Дегенімен, «Эзра» 1913 жылы Хайфте жоғары техникалық мектепті ашпақ болып, ондағы барлық пәндер иврит дәл ғылымдарды баяндау үшін әлі де жеткіліксіз деп есептеп, неміс тілінде оқытылатынын мәлімдеді. Сонда жас мұғалімдер өз оқушыларымен бірге осы ұйымның мектептерін тастап кеткен.

Осылайша ең алдымен, ортақ тілмен біріктірілген қазіргі еврей ұлты қалыптасты.

Мұғалімдер мектепте ивритше сабақ беру процесінде, бір ұғымды белгілеу үшін әр түрлі неологизмдерді пайдаланды. Сол жылдары Давид Балиннің тілді басқару керек екеніне терең көзі жеткізген тамаша педагогтың

әсері айтарлықтай. Соның атсалысуымен 1903 жылы Эрец-Исраэльде иврит тілі бойынша одақ және «Иврит тілі комитеті» құрылады. Оның құрылуына Францияны сақтап қалу және оны дамыту мақсатында құрылған «Француз академиясы» шабыт берген.

Негізі қаланғаннан бастап «Иврит тілі комитеті» терминология мәселелерінде қызығушылық танытқан елдің барлық түкпір-түкпіріндегі мұғалімдерден ұсыныс жинады. Сөйтіп көп ұзамай бастауыш мектептерге арналған арифметикалық терминдердің тізімін жариялады. Бұл шара «Иврит тілі комитетінің» қызметінің негізгі түрлерінің біріне айналып, білімнің тұтас салалары үшін терминологияны енгізді. Ол комитет тек бір тақырыпты аяқтағаннан кейін келесіге кіріскендіктен бұл әдіс асығыс, шала шешімдер қабылдаудан аулақ болуға, бірыңғай және іс жүзінде ыңғайлы терминологияны құруға мүмкіндік берді.

«Иврит тілі комитетінің» мақсаты сөйлеу тілі ретінде ивритті тарату, орфоэпиялық нормаларды құру, лексиканы байыту, грамматиканы нормаландыру болды.

1925 жылы Иерусалимде иврит тілінде бірінші Еврей университеті құрылса, 1924 жылы Хайф технологиялық институты құрылды, ал 1925 жылы «Охел» тұрақты труппасы бар бірінші театр құрылған.

Х. Н. Бялик, Ш. Черниковский, К. Яков және сол кездегі басқа да көрнекті жазушылар елге оралғаннан кейін, Эрец-Исраэль иврит мәдениетінің әлемдік орталығына айналды. Осы кезеңде тіл дамуының басты факторы мектеп емес, әдебиет, ғылым, өнер және ең алдымен бай қоғамдық өмір болды.

Бұл кезеңде иврит тілі Эрец-Исраэль ішінде ғана емес, одан тыс елдерде де қарқын тарай бастайды.

Шығыс Еуропаның жаңа мемлекеттеріндегі аз ұлттарға кепілдік берілген құқықтарды пайдаланып, иврит тілінде оқытумен мектептердің тармақталған желісін құрды. Көптеген елдерде иврит тілінде басылымдар пайда болды.

Иврит тілі жандануы әлемдік лингвистердің назарын өзіне аударды, себебі олар үшін «зертханалық» жағдайда тілдің қалыптасу процесін қадағалаудың сирек мүмкіндігі туды.

Осылайша бастамасында сенімсіздік пен елемеушілік тудырған иврит тілі әйгілі реформаторлардың арқасында қайта жаңғырып әлімдік тіл қатарына енді.

Израилдің тәуелсіздігін жариялағаннан кейін иврит мемлекеттік тіл қызметін атқара бастады.

Еврей мемлекетінің пайда болуына байланысты репатриацияның қуатты толқыны басталды, үш-төрт жыл арасында алты жүз мың халқы бар еврей еліне жеті жүз мыңнан астам адам саны қосылды.

Шет тілдерінде көптеген ақпараттар (газеттер мен радиобағдарламалар) пайда болуы елге оралған қандастарды шұғыл түрде иврит тіліне үйретуді қажет етті. Жүздеген адам өз еркімен жаңа кенттерге репатрианттарды үйде

оқытуға аттанды. Күндізгі және кешкі курстар желісі құрылды. Көптеген оқытушылардың күш-жігерімен мың ғана басты иврит сөздерін құрайтын сөздік шығарылды. Бұл сөздіктің негізінде сабақтар ғана емес, жаңадан бастағандарға арналған кітаптар шығарылды.

Жаңадан оралған қандастарды ивритті еркін меңгерген отбасыларға енгізу табыспен аяқталды. Бұл жақында қайта жаңғыртылған иврит мәдениетінің өміршеңдігін катал сынаумен байланысты болды. Бірақ оған белгілі бір әлеуметтік факторлар көмектесті. Атап айтқанда, әртүрлі елдерден келген репатрианттар үшін қарым-қатынас құралы бола алатын Израильде жалғыз тіл болды. [12].

Элиэзер Бен-Иехудтың шәкірттері «Иврит тілі комитеті» негізінде «Иврит тілі академиясын» 1953 жылы Кнессет (парламент) қабылдаған «Иврит жоғары институты туралы» Заңының негізінде құрған.

Алғашында Академия 11 мүшеден тұрған, оның алтауын үкімет тағайындаса, бесеуін Комитет тағайындаған. Кейін Академия пленумы 23 академиктен және 15 академиялық кеңесшілерден тұратын. Бүгінгі күні оның құрамы 33 мүше және 11 кеңесшіден тұрады.

Грамматика, жазу, ғылым мен мәдениеттің түрлі салаларының терминологиясы бойынша комиссиялар - негізгі жұмыс органдары болып табылады, ал жоғарғы органы - пленум, аталған комиссияларда қаралған мәселелер бойынша түпкілікті шешім қабылдайды. Жалпы пленум жылына 5-6 рет жиналады.

Бұл Академия Израильдегі иврит тілін одан әры дамытумен айналысатын негізгі мемлекеттік мекеме болып, оның комиссиялары:

- иврит тілі саласындағы заңшығармашылықпен;
- ғылыми-техникалық терминологияны іріктеу және бейімдеумен;
- неологизмдерді әзірлеумен, грамматикалық, лексикалық, терминологиялық нормаларын бекітумен;
- электроника, математика, химия, молекулалық биология, психология, кітапхана ісі, үй шаруашылығы, банк ісі, құқықтану, әлеуметтану, дипломатия, өсімдіктер мен өнер атаулары, интеллект және т.б. салалар бойынша терминологиялық сөздіктер дайындаумен айналысады.

Сонымен қатар, шетел сөздерін транслитерациялау және жария ету ережелерін тұжырымдап, атаулы және етістік парадигмалардың нормаларын белгіледі, ал 1993ж. пунктуацияның жаңа ережелерін енгізді. Арнайы компьютерлік бағдарламаның көмегімен иврит тілінің іргелі тарихи сөздігі құрылды.

«Иврит тілі академиясының» қызметкерлері Израиль БАҚ, интернет, әлеуметтік желілерде иврит нормаларының сақталуын қадағалайды. Ал оның нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік, мемлекеттік емес барлық ұйымдарға міндетті. Сондай-ақ оқушыларға арналған оқу және анықтамалық басылымдарды басып шығарады және редакциялайды.

Мысалы, 2019 жылдың 17 маусымында Академия 1400 жаңа сөздердің тізімін жариялады. Олардың басым бөлігін ағылшын тілінен алынған заңды терминдер құрайды.

Барлық кірме, халықаралық сөздер сөздікке түспес бұрын «Иврит тілі академиясының» мақұлдауынан өтеді, оны сақтамаған сөздерді қолдануға тыйым салынған [14-18].

2012 жылдың 18 қарашасында Израиль Үкіметінің «Израильде және әлемде иврит мәртебесінің жоғарылауы» туралы шешімімен Элиэзер Бен-Иехудтың құрметіне, оның туылған күнін иврит тілі күні деп жариялады.

Мәдениет тілде және тілдік ықпалдар мен формаларда көрініс табатынын білген Израиль мемлекеті, иврит тіліне сүйіспеншілті тәрбиелеу, иврит тілінде сөйлеу мен хаттарды дұрыс және стандартты қолдану, лингвистикалық білім мен тілдік дағдыларды тереңдету, еврей ұлтын қайта жандандырудағы иврит тілінің маңыздылығын, еврей мұралары мен мәдениетін жариялау үшін арнайы кең ауқымды іс-шараларды үнемі жүргізіп отырады.

Іс-шаралар, адамның тілі оның бірегейлігінің өлшемі болып табылатындығын және оның ойлау түріне, сана мен қоғамдағы орынына әсер ететіндігін түсіндіруді көздейді.

Осылайша Израиль үкіметі иврит тілінде өзара түсіністікті тереңдету ғасырлар бойы еврей мәдени мұрасының үздіксіздігін қамтамасыз ететіндігін ескеріп, ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамытуды, оның дұрыстығы үшін жауапкершілікті және тілді байыту үшін сөздік қорын кеңейтуді көздейді [19].

Тіпті Израильде жергілікті тұрғындары ретінде арабтардың көптігіне қарамастан білім беру саласында олардың тілі - шет тілі ретінде беріледі.

Міне осылайша иврит тілін жаңғырту әлемегі бұрынсоңды болмаған мінсіз идеологияға айналды.

Осындай ел тағдырындағы тіл орнын социолог және публицист, Израильдің бұрынғы Мәдениет министрі проф. Амнон Рубинштейн «Иврит-еврей мемлекетінің негізі», – деп бағалаған.

Бұл иврит тілін жандандыру жолындағы аз ғана мәлімет. Өз мәдениеті бар өркениет ел боламын деген мемлекет осындай іс-шаралар жүргізуі міндет.

Тарихта ана тілінің дамуына ерінбей еңбегін төккен ағылшын тіліндегі емле реформаторы Ной Вебстерді атап өткен жөн. Оны «Американдық стипендия мен білімнің әкесі», - деп атаған, ал ғылыми еңбектері американдық балалардың бес ұрпағын сауатқа және оқуға үйреткен.

Вебстер өзінің табиғаты бойынша революционер болды және ол Американың Британиялық мәдени құлдығынан тәуелсіз болуына, олардың сән-салтанат пен көрсетілімнен тазартылған утопиялық Американы құруға ұмтылды. Ол Американдық құндылықтар мен ұлтшылдық Еуропадан жоғары деп есептеді. Олардың қателіктерін болдырмай әрбір адамның қасиетті

құқықтарын қамтамасыз ететін және жалпы төзімділік идеясына өз империясын негіздейтін Америка құруға шақырды.

Вебстер американдық ұлтшылдық үшін өзінің «Speller» және «Dictionary» еңбегін арнады.

Мұғалім бола отырып, ол бастауыш мектептердегі мұғалім сапасымен және Британиялық оқулықтарымен қанағаттанбағандықтан, «американдықтар американдық кітаптарды оқу керек», - деп үш томдық «Ағылшын тілінің грамматикалық институты» - атты жинағын жазды. Вебстердің кітабы келесі жүз жыл бойы балаларды оқуға, жазуға және сөздерді айтуға үйретті. Бұл өз уақытының ең танымал американдық кітабы болды.

Вебстер сөздіктерді Американы Британиядан бөлуге бағытталған ұлтшылдандыру құралы ретінде қарастырды.

Ол жаңа ұлттың ең жемісті авторларының бірі болды, оқулықтар, саяси очерктер, баяндамалар мен газет мақалаларын өмір бойы жазып отырды. Оның еңбегіне заманауи библиография 655 бетті қажет ететін еді.

Осылайша Вебстер Америкада Британиядан тәуелсіз ұлттық мәдениет құрып, бүгінгі Америка Құрама Штаттары мәдениетінің басты қалаушысы ретінде тарихта ізін қалдырды. [20-21].

Венгрия тілі мен әдебиетін жандандырушы реформаторы Ференц Казинчи. Ол мындаған венгр сөздерін ойлап тауып, қайта жандандырып ғылыми прогресспен бірге жүруіне ықпал етті. Нәтижесінде 1844 жылы венгр тілі ұлттың ресми тіл болды [22-23].

Жаңа Норвегия тілі мен әдебиетін қалаушылар Кнуд Кнудсен, Мариус Ньюгаард, Хенрик Вергеланд, Ивар Аасен және Бьорнстьерне Бьёрнсон. Олар заманында норвегиялық әдебиеттің көп бөлігі Дат тілінде жазылғандығына қарамастан норвегияның жаңа ұлттық тілін қабылдауға қол жеткізген [24-28].

Қазіргі грек әдебиетінің негізін қалаушысы және тәуелсіздік үшін грек соғысына және грек тілінің тазаланған түрінің пайда болуына жол салушы Адамантиос Корайс [29-30].

Бенгал тілін парсы және араб ықпалынан сақтап қалушы реформаторлар Джайгопал Таркаланкар мен Ишвар Чандра Видьясагар [31-32].

Румын тілін жандандырушы және кирилицадан латын әліпбиіне көшуіне еңбегін сіңірген Скарлат Варнав [33].

Серб тілі мен сөздігінің басты реформаторы Вук Караджич және латын әліпбиіне серб тіліне енгізушілер Любомира Стоянович пен Йован Скерлика [34].

Сомали тілінің транскрипциясы үшін латын әліпбиін жасаушы, сомалиліктерді сауаттылыққа және мәдениетке үйретуші Шир Джама Ахмед [35].

Қазіргі чех тілін құрушылар Йозеф Юнгманн пен Йозеф Добровский [36-38].

Міне осындай өз елінің ұлы реформаторларының арқасында қазір сол елдер тәуелсіз өз мәдениеті мен тілін дамытып келеді.

Қазіргі заманда көптеген елдерде ана тіліне қамқор көрсету мақсатында мемлекеттік тілді бұзғандығы үшін құқықтық жауапкершілік көзделген.

Мысалы ретінде көршілес елдердің тәжірбиесін қарастырып өтсек.

2019 жылдың 16 шілдесінде Украина «Украин тілін қолдануды қамтамасыз ету туралы» Заң қабылдады.

Заңға сәйкес Украинаның әрбір азаматы мемлекеттік тілді меңгеруге міндетті, украин тілін бұзған адамдар әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

Украин азаматтығын алғысы келгендерге украин тілін меңгерудің «тиісті деңгейін» растау қажет.

Заң сондай-ақ украин тілін барлық деңгейдегі шенеуніктер, судьялар, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, келісімшарт-әскери қызметшілер, білім беру, медицина саласының қызметкерлері, мемлекеттік және коммуналдық кәсіпорындардың лауазымды тұлғалары, адвокаттар мен нотариустар білуге міндетті.

Мемлекет білім беру процесінде және мәдениет саласында мемлекеттік тілді пайдалануды қамтамасыз етеді.

Теледидар мен радиохабар тілі украин тілі болады. Украин тілінде хабар тарату үлесі 7:00 мен 18:00 арасындағы және 18:00 мен 22:00 арасындағы әрбір уақыт аралығында хабарлар мен фильмдердің, олардың бөліктерінің жалпы ұзақтығының кемінде 90% құрауы тиіс. Жергілікті телерадиокомпаниялар үшін басқа тілдерде хабар тарату 20% аспауы тиіс.

Заң сондай-ақ кітап шығарушылар үшін украин тілінде жыл бойы өздері шығарған кітаптардың кемінде 50% шығару міндеттемесін қарастырды.

Украинада сатылатын тауарларда орнатылған пайдаланушы интерфейсі бар компьютерлік бағдарламалардың украин тілінде пайдаланушы интерфейсі болуы тиіс.

Заңға сәйкес қызмет көрсету саласы украин тілінде жұмыс істейтін болады. Компьютерлік бағдарламалар интерфейсі мемлекеттік тілде және/немесе ағылшын немесе Еуроодақ елдерінің тілдерінде болуы тиіс. Әдепкі сайттар алдымен украин тілінде жүктелуі керек, бірақ басқа нұсқалары болуы мүмкін.

Заң сондай-ақ мемлекеттік тіл стандарттары жөніндегі ұлттық комиссияны қалыптастыру және оның жұмыс істеу тәртібін айқындайды.

Мемлекеттік тілді қорғаумен Украинаның Министрлер Кабинеті тағайындайтын және босататын тиісті уәкіл айналысатын болады [39].

Сонымен қатар, осы жылдың 13 наурызында Украина Президенті «Орта білім туралы» Заңға қол қойды.

Заңда оқытудың үш үлгісі бекітілген:

1) ана тілінде 1-ден 11-ге дейін (12) сыныпқа дейін тәлім алу тек Украинаның байырғы халықтары үшін (Қырым татарлары);

2) Еуроодаққа кіретін елдердің (румын, венгр, поляк және т.б.) өкілдері үшін:

- бастауыш мектепте оқыту ана тілінде жүргізіледі;
- 5 сыныптан бастап пәндердің кемінде 20% украин тілінде оқытылады;
- 9 сыныпта пәндердің кемінде 40% украин тілінде оқытылады;
- 9 сыныптан жоғары пәндердің кемінде 60% украин тілінде оқытылады.

3) украинаның басқа ұлттық қауымдастықтарына арналған, яғни өзінің тіл ортасында тұратын ұлттар (ең алдымен, орыс тіліне қатысты). Бұл жағдайда бастауыш мектепте орыс тілінде украинамен тең оқытылады. Ал 5 сыныптан бастап оқу үдерісінің кемінде 80% украин тілінде жүргізілетін болады [40].

Ал Прибалтика елдерінде ана тілдеріне деген құрмет өте ерекше.

Мысалы Латвия елін алсақ, ол елде ана тілдеріне қатысты әкімшілік жауапкершілікке бір тарау арнаған.

Атап айтсақ, 26-бапта кәсіби және қызметтік міндеттерді орындау үшін қажетті көлемде мемлекеттік тілді пайдаланудан бас тартқандығы үшін отыз бестен жүз сексен еуроға дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

Сол сияқты келесі бұзушылықтар үшін әкімшілік жауапкершілік көзделген:

- 27-бапта кеңестерде және басқа да жұмыс кездесулерінде ауызша аударманы мемлекеттік тілде ұсынбағаны үшін;

- 28-бапта іс жүргізуде мемлекеттік тілді пайдалануды қамтамасыз етпегендігі үшін;

- 29-бапта жеке және заңды тұлғаларға мемлекеттік тілде медициналық көмек және басқа да мемлекеттік қызметтерді ресми тілде көрсете алмау, шет тілінде жасалған шартты ресми тілге аудармаған үшін;

- 30-бапта құжаттарды мемлекеттік тілде қабылдамау немесе сараптама жасамағандығы үшін;

- 31-бапта Латвия аумағында болып жатқан оқиғаларды ресми тілде аудармасын ұсынбау;

- 32-бапта радио, теледидар және фильмді ресми тілге көшіруге қабілетсіздігі үшін;

- 33-бапта мемлекеттік тілде атауларды атауға және пайдалануға қабілетсіздігі үшін;

- 34-бапта таңбалардың, мөрлердің немесе бланкілердің ресми тілдегі мәтіндерін ресми тілде шығармағаны үшін;

- 35-бапта халыққа ресми тілде ақпарат беру қағидаларын сақтамағаны үшін (ресми тілдегі жазбаларды, белгілерді, плакаттарды, хабарламаларды, этикеткаларды, баға индикаторларын, тауардың таңбаларын, қолдану жөніндегі нұсқаулықтарды, кепілдік құжаттарды немесе техникалық паспортты, өндірілетін өнімге, оның орамында немесе ыдыстағы жазбаларды ресми тілде ұсынбағандығы үшін, не дәл аудармасын ұсынбағандығы үшін);

- 36-бапта мемлекеттік тілді құрметтемегендігі үшін;

- 37-бапта мемлекеттік тілді меңгерудің қажетті деңгейі мен дәрежесін анықтауға қабілетсіздігі үшін [41].

Мемлекеттік тілді бұзғандығы үшін әкімшілік жауапкершілік сонымен қатар Тәжікстан мен Өзбекстанда да қарастырылған.

Соңғы кездегі дау туғызған Өзбекстандағы тіл мәселесін қарастырып өтсек.

Өзбекстан Конституцияның 4-бабына сәйкес Өзбекстанда мемлекеттік тіл өзбек тілі болып табылады. Сондай-ақ, "Мемлекеттік тіл туралы" Заңның 9-бабына сәйкес, мемлекеттік билік және басқару органдарында жұмыс мемлекеттік тілде жүргізіледі және қажет болған жағдайда басқа тілдерге аудару қамтамасыз етіледі.

«Әкімшілік жауапкершілік туралы» Кодекстің 42-бабы бойынша мемлекеттік тілді бұзғандығы үшін әкімшілік жауапкершілік көзделген.

Алайда, бұл бап мемлекеттік органдар мен ұйымдарда іс жүргізу кезінде «Мемлекеттік тіл туралы» Заңның талаптарын сақтамаумен байланысты қатынастарды қамтымайды.

Сондықтан бүгінгі таңда Өзбекстанның кейбір мемлекеттік мекемелерінде мемлекеттік тілде емес, басқа тілдерде іс жүргізу жағдайлары орын алады.

Бұл өз кезегінде мемлекеттік тілге құрмет пен назар аударудың төмендеуіне әкеледі.

Мұндай жағдай кейбір мемлекеттік органдарда «Мемлекеттік тіл туралы» Заңның сақталмауына және іс жүргізудің мемлекеттік тілде жүргізілмеуіне әкеп соғады.

Жоғарыда көрсетілген жағдайлардың алдын алу үшін және мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру мақсатында Өзбекстан әділет министрлігі «Әкімшілік жауапкершілік туралы» Кодексіне толықтырулар енгізуді ұсынды.

Мемлекеттік органдар мен ұйымдарда мемлекеттік тілде іс жүргізу жөніндегі талапты қатаң сақтау үшін лауазымды адамдарға қатысты жауапкершілік белгілену көзделген.

Осы заң жобасында мемлекеттік органдар мен ұйымдарда мемлекеттік тілде іс жүргізуді қамтамасыз етпейтіні үшін лауазымды адамдарға қатысты әкімшілік жауапкершілік белгілеу көзделеді. «Әкімшілік жауапкершілік туралы» Кодекстің 42-бабы екінші бөлікпен толықтырылады.

Аталған бапты мемлекеттік органдар мен ұйымдарда іс жүргізу кезінде «Мемлекеттік тіл туралы» Заң талаптарын сақтамағаны үшін лауазымды тұлғаларға екіден беске дейінгі базалық есептік шамаға дейінгі мөлшерде айыппұл салынады [42-45].

Осылайша бізге көршілес елдер мемлекеттік тіл саясатын ұтымды жүргізіп жатыр.

Бүгінгі күні Кеңес Одағына кірген он бес мемлекеттің ішінде орыс тілі Ресей мен Беларусь мемлекеттерінде мемлекеттік тіл болып табылады.

Ал ресми тіл болып орыс тілі тек Қазақстан мен Қырғызстанда сақталып келеді. Қалған он бір мемлекетте орыс тілі жеке мәртебеге ие емес, шет тілі болып саналады.

Әлемнің жартысына жуық елдерінің ресми тілі бар. Көп елдерде тек бір ресми тіл бар, мысалы, Ресей, Франция, Турция, Израил, Германия, Жапон, Албания және тағы басқаларында. Олардың қатарына Қазақстан, Беларусь және Қырғызстанды қоспағанда бұрынғы Кеңес Одағының барлық елдері жатқызамыз.

Басқа елдерде екі немесе одан да көп ресми тіл бар: Үндістан, Оңтүстік Африка, Финляндия, Белгия, Ауғанстан, Канада, Парагвай, Швейцария, Боливия және тағы басқалары. Соның ішінде бұрынғы Кеңес Одағы елдерінен Қазақстан, Қырғызстан және Белорус мемлекеттерін қосса да болады.

Италия мен Испанияда бір ресми тіл болғанымен кейбір өңірлерде басқа ресми тілдері белгіленген. Ал АҚШ-та ресми тіл жоқ болғанымен көбіне ағылшын тілі қолданыста, тек кейбір штаттарында испан, француз және гавай тілдері ресми тіл болып енгізілген.

Отарлау саясатының нәтижесінде көптеген елдерде бұрынғы отаршылдық басқару тілдері ресми тіл ретінде қалып қойған. Мысалы:

- ағылшын тілі 56 елде мемлекеттік, немесе ресми тіл болып табылады (Ямайка, Кения, Нигерия, Жаңа Зеландия, Доминика, Замбия, Зимбабве, Намибия, Гамбия, Гайана, Гана және т.б.);

- француз тілі 29 елде мемлекеттік, немесе ресми тіл болып табылады (Конго, Буркина Фасо, Габон, Гаити, Бенин және т.б.);

- испан тілі 20 елде мемлекеттік, немесе ресми тіл болып табылады (Аргентина, Венесуэла, Боливия, Колумбия, Коста-Рика, Куба, Мексика, Перу және т.б.);

- португал тілі 8 елде мемлекеттік, немесе ресми тіл болып табылады (Бразилия, Мозамбик, Ангола, Сан-Томеде және т.б.);

- орыс тілі 4 елде мемлекеттік, немесе ресми тіл болып табылады (Ресей Федерациясы, Беларусь, Қазақстан мен Қырғызстан) [46].

Егер Ұлы қазақ даласында «Қызыл» империя отарлау саясатын жүргізбегенде, Алаш ардақтылары қуғынға ұшырамағанда, біз кез-келген Еуропа, не Америка елдерінен асқан ел болар едік.

1.2. Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілдің даму тарихы

Түркі тілі, оның ішінде қазақ тілі ерте дәуірден біртұтас тіл болған. Оған дәлел Орхон, Енисей, Талас өзендерінің бойынан, Алтай тауының бөктерінен, Есік қорғанынан, басқа да қалалардың орындарынан табылған ескерткіштер.

Мысалы, екі құлпытастағы Күлтегін жазуы - ежелгі түркі жазба ескерткіші екенін 1893 жылы Дания ғылым академиясының мәжілісінде В.Томсен жариялады.

Радлов, С.Е.Малов, қазақ ғалымдары С.Аманжолов, Ғ.Айдаров, Қ.Өмірәлиев, т.б. түркітанушылар Орхон жазба жәдігерлерінің түркі тіліндегі мәтінін оқып, оны тілдік, әдеби, тарихи тұрғыдан зерттеді [48].

Құлптастың бірінде: «Жоғарыда Көк Тәңірі, төменде қара жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған. Адам баласы үстіне ата-бабам Бумын-қаған, Істеми қаған таққа отырған. Таққа отырып түрік халқына, еліне, төріне тұтқа болған, қалыптастырған. Төрт тараптағылар қарсы жау болған. Қол аттандырып төрт тараптағы халықты бағындырып, иеленген. Бағындырып бейбіт қылған. Бастыны жүгіндірген, тізеліні бүктірген. Шығыста Қадырхан жынысына дейін, батыста Темір-қақпаға дейін қондырған», - деп жазылған [47].

Олжас Сүлейменов тілтанушы ретінде көне түркі тілін зерттеген, әсіресе шумерлер және шумер тілі туралы зерттеулері батыс ғалымдарының көне тіл үнді-еуропа деген тұжырымдарын теріске шығарған.

Оның «Аз и Я», «1001 сөз», «Тарихқа дейінгі түркілер» және тағы басқа еңбектері, түркі халықтарының ежелден дамып келе жатқан тіліне арналған.

О.Сүлейменов бір жиында Ұлы Түркі елдерінің, соның ішінде қазақ тілінің ежелден қалыптасқандығының дәлелі ретінде, Шығыс Түркі қағаны Күлтегіннің 8 ғасырда тасқа жазып қалдыртқан ескерткіштегі жазбасын келтірген: **«Түн ұйықтамадым, күндіз отырмадым, қара терімді төктім, қызыл қанымды жүгірттім, түркі халқы үшін!»**. **Ойланыңыздаршы 8 ғасыр. Міне, тұлға өзінің ой-сенімін, өзінің патриотизмін осындай формулада жеткізе алу үшін, халық пен мәдениет мыңжылдықтар жүруі тиіс. Елестетіп көріңіздерші, 731 жыл. Ол кезде не француз, не неміс, не ағылшын, не орыс, не славян жазбалары жоқ кез. Ал сол кезде мәдениеті жоқ деп саналатын түркілер, кенеттен саяси формадағы жаһандық ойларды білдірген. Және бұл тіл 13 ғасыр өтсе де сақталып, еш өзгеріске ұшырамаған»** [49].

Қазақ тілінің даму тарихы әлі де толық зерттелмеген, ол кешенді жұмыстар жүргізуді талап ететіні белгілі.

Дегенімен, жоғарыда келтірілгендей, қазақ тілі түркі тілінің бөлшегі ретінде ерте заманнан қалыптасып келеді:

- V - X ғасырларда көне түркі жазуы;
- X - XX ғ. араб жазуы;
- XX ғ. басы төте жазу;
- XX ғ. 1929 - 1940 жж. латын жазуы;
- 1940 жылдан - бүгінгі күнге дейін кирил жазуы;
- 2025 жылдан бастап латын жазуы.

Қазақстанда оқу-ағарту жұмысы ерте заманнан басталған. Әсіресе, отырықшы аудандарда орта ғасырлардың өзінде-ақ (7 — 8 ғ.ғ.) көптеген

мектептер мен медреселер (мұсылмандық бастауыш оқу орындары), діни білім беретін жоғары оқу орындары жұмыс істеген.

Атақты Әбу Наср әл-Фараби Отырар медресесінде, Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұни, Ахмед Иүгінеки, Қожа Ахмет Иасауи, т.б. ұлы ойшылдар діни медреселерде оқып, білім алған. 18 - 19 ғ.ғ. мұндай медреселер Қазақстанның барлық аймағында ашыла бастаған.

19 ғасырдың 2-жартысында білім беру ісі үш түрлі бағытта дамыды:

1) қадим мектептері - мұсылмандық дәстүрлі діни мектептер;

2) орыс-қазақ мектептері;

3) жәдит мектептері - әр түрлі ғылым салаларын оқытатын жаңашыл бағыттағы мұсылмандық мектептер.

Қазақстанда 19 ғасырдың 50, 60-жылдарында діни білім беретін 84 оқу орны болды. Бұл оқу орындары ислам дінін уағыздайтын бастауыш мұсылман мектептерінің молдаларын, қазиларды, сопылар мен шарифат заңдарын түсіндіретін жоғары лауазымды діни қызметкерлерді даярлады.

Сондай-ақ, халыққа әдебиет, мәдениет, оқу-ағарту мәселелерінен де дәріс беретін мәдени-насихат орталығы рөлін атқарды. Мұндағы мұғалімдердің көпшілігі Мысыр, Бағдат, Стамбұл және Қазан, Орынбор, Уфа қалаларында оқып, тәрбие алған молдалар болған.

Медреселерде оқу мерзімі 4 жыл болып, оған балаларды 7 жастан бастап қабылдаған. Ауылдық жерлердегі мектептер қазақтың көшпелі өміріне бейімделіп, оқу күз, қыс айларында жүргізілді.

Уфа қаласындағы «Ғалия» медресесінде Т. Жомартбай, М. Сералин, Б. Майлин, М. Жұмабай дәріс алса, Семейдегі Ахмет Риза медресесінде Абай Құнанбайұлы оқыды. Бұл оқу орындарында діни пәндермен қатар құқық, тарих, логика, риторика, география, философия, математика, астрономия және медицина пәндері оқытылған.

Медресе жанында Мұсылман мектептерінің түлектері жұмыс істеген. Медреселер киіз үйлерде орналасып, ауылмен бірге көшіп жүрген. Тек қалалық медреселер ғана бай саудагерлердің қаражатымен салынған ғимараттарда орналасқан [50].

Дэвид Кристал өзінің «Тіл өлімі» кітабында: «Бір доминантты тіл, басқа әлсіз тілмен қарым - қатынасқа түскенде, ол кеңірек тарап, әлсіз тілді ығыстырады», - деген. Яғни, ұлтты жоқ қылып жіберу үшін оларға көстілділікті енгізсе жетіп жатыр дегені [51].

Осы тұста ХХ ғасырдың басында Қазақстанда орын алған Ресейдің отарлау агрессиясына тоқталған жөн.

Қазақ АКСР 1920 жылы қазанда өткен І-Құрылтайының декларациясында қазақ және басқа ұлт тілдеріне мән беру мәселесі талқыланып, нәтижесінде «ҚАССР мемлекеттік мекемелерінде қазақ және орыс тілдерін қолдану тәртібі туралы» декреті қабылданды.

Қазақ АКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің 1921 жылғы 2 ақпандағы «Қазақ және орыс тілдерін республикалық мемлекеттік мекемелерінде қолдану туралы» декреті, 1923 жылғы 20 қарашадағы «Қазақ тілінде іс

жүргізуді енгізу туралы» декреті қазақ тілінде іс жүргізудің алғашқы заңды құжаттары болды.

Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитеті КСРО Орталық Атқару Комитеті Ұлттар Кеңесі Төралқасының 1927 жылғы 26 тамыздағы мәжілісінде жасаған «Республика мемлекеттік аппаратын тұрғылықтандыру туралы» баяндамасында, қазақ тілінде іс жүргізудің республикадағы жайын әңгімелеп, оны одақтық деңгейде мәселе етіп көтерді. Қазақ тілінде іс жүргізуді республикалық деңгейде дұрыс шешу мәселесі Қазақ өлкелік партия комитетінің 1929 жылы 11-16 желтоқсанда өткен V Пленумында қаралып, қаулы-қарарында ерекше көңіл бөлінді.

Алайда, XX ғасырдың 20-жылдары ортасынан бастап халықтардың тең құқықтығының принциптері, КСРО ұлттардың өз мәдениеті мен тілін дамыту құқығы шектеле бастады. Тіл саясаты өрескел бұрмаланып, оның орнына Сталиннің ұлттарды ұлттық рухани қазынасынан айыруды көздейтін «біртұтас кеңес халқын жасау» саясаты орнықты.

Бұл бағыттағы жұмыстар жергілікті халықтың және Кеңес Одағында, соның ішінде қазіргі Қазақстан Республикасында тұратын ұлттық топтардың мүдделері ескерілмей жүргізілді.

Заңсыздық пен зорлық-зомбылық көп ұлтты мәдениетке орасан зор нұқсан келтірді, мұндай келеңсіздікке қарсылық білдірген зиялы азаматтар қуғын-сүргінге ұшырады, көбісі ату жазасына кесілді.

Ғалым Н. Жанақтың тарихи зерттеу еңбектеріне сүйене отырып, Кеңестік кезеңде қазақ тілінің өркендеуіне кері ықпал еткен мынадай ішкі және сыртқы әлеуметтік-демографиялық процестерді атап көрсетуге болады:

- ұжымдастыру немесе қолдан жасалған ашаршылық зардаптары;
- Кеңес Одағы бойынша, әсіресе Қазақстандағы жаппай индустрияландыру;
- Ұлы Отан соғысы жылдарында Ресей мен Украинадан ірі өнеркәсіп орындарының Қазақстанға көшірілуі;
- Кеңес Одағын басқарған Н.С. Хрущевтің тың игеру саясаты [53].

Еуропалық елдерінің отарлау саясатын мемлекеттілікті жоюмен, бұрынғы өмір сүру тәртібін сындырумен, құрбандар мен қиратулармен, қуғын-сүргіндермен, елдің байырғы халқын ассимиляциялаумен, білім беру жүйесінің, дінінің ал кейде адамдарды құртумен жүзеге асырған. Ол отарлаушылар мәдениетінің өсіп-өнуімен және әртүрлі таралуымен қатар жүрді.

Өзін жоғары мәдениетті тасушылар деп санаған жаулап алушылардың көзінше жергілікті тұрғыны ең жақсы үлес алуға құқығы жоқ абориген болды.

Ғасырлар бойы қалыптасқан өмір салтына кез келген жаппай зорлық-зомбылық араласу, қоғамның қалыпты дамуын, қалыптасқан тәртібін бұзады және бар әлеуметтік жүйені хаос пен тозуға итермелейді.

1847 жылы француз парламенттік комиссиясының атақты баяндамасында депутат де Токвиль былай деп мойындады: «Біз

мұсылмандық қоғамды, олардың бізбен танысқанынан кейін, одан да бақытсыз, шашыраңқы, надан және одан да варварлық қоғамға айналдырдық».

Қазақстандағы ресейлік отарлаушылардың мінез-құлқы еуропалықтардың өз отарларының аумағында әрекет сипатымен ұқсас көп болды. 1992 жылы қазақтардың I-дүниежүзілік форумында: «патшалық Ресейдің отарлау саясаты басқа отаршылдық жүйелерден асып түспесе, еш кем емес», - делінген еді [64].

Ең алдымен, дербес мемлекеттік құрылымдар жойылды, мұнымен қанағаттанбастан, шешуші орыстандыру саясатына көшу жүзеге асырылды.

Қазақстанға Ресейдің жақын көрші болуы өте теріс салдарға әкеп соқты. Бұл жерде ұлттық езгі күшті болды, күштеп орыстандыру қаттырақ жүргізілді. Екі ғасырға созылған Ресей империясының Қазақстанды колониясына айналдыру процесі көптеген драмалық беттерді қамтиды.

Кеңес заманында Қазақстанның өмірінің рухани саласында Патшалық отаршылдық саясаты үнсіздік аймағында болды.

Мектеп және жоғары оқу орындарының оқулықтарында сол кезеңдегі тарихқа Кавказ, Орта Азия және Қазақстан экономикасын бірте-бірте бағындырған ресейлік капитализмнің дамуына көп көңіл бөлінді.

Қазақстандағы Ресейдің отарлау агрессиясының кейінгі эскалациясы өзара байланысты үш негізгі бағытты, үш дәйекті фазаны: әскери, саяси және экономикалық экспансияны қамтыды.

Қазақстанды отарлауының бастапқы кезеңі (XVIII - XIX ғасырдың басы) оның аумағында ресейлік протекторатты орнату болды. Осы кезеңде орыс-қазақ шекарасында орыс бекіністердің, қалалардың белсенді құрылысы жүргізілді. Әскери ғимараттар қазақ аумағының ішінде де салынды.

Әскери экспансия нәтижелерін одан әрі дамыту, орыс басқару жүйесін құрумен, хан билігін таратумен және қазақтардың саяси құқықтарын шектеуге бағытталған басқа да әкімшілік іс-шараларды жүргізумен қатар болды.

Осылай Қазақстан Ресей империясының шикізат қосалқысына айналды.

Патшалық Ресейдің Қазақстандағы саясатының төртінші және соңғы элементі - рухани экспансия болды, яғни мақсаты қазақ халқының ақыл-ойын жаулап, оларды орыстандыру және орыс халқымен ассимиляцияландыру [64].

Кеңес Одағының басшылығы XX ғасырдың 20 және 30 жылдарында жүргізіп отырған саясатының нәтижесінде дарынды қазақ лингвист-теоретиктері мен әдіскерлері: А. Байтұрсын, Қ. Жұбан, Н. Төреқұл, Т. Шонан, Е. Омар, Х. Досмұхамед, Қ. Кеменгер, қазақ тілінен хат жазу және оқу құралдарын құрастырушылар мен жазушылар С. Сейфуллин, Б. Майлин, М. Дулат, М. Жұмабай, Ж. Аймауыт, Т. Жүрген және т.б. репрессияға ұшырады. 1937 жылы бірде-бір кәсіби лингвист қалмады деуге болады [54].

Қазақстан Ресейге қосылғаннан кейін жергілікті басқару бөлімдерінде шенеуніктер мен аудармашылар даярлайтын орыс-қазақ және орыс-түзем мектептерін ашу қажет болды.

Осы мақсатпен Омбы қаласында Азиат училищесі (1789) ашылып, оған қазақ балалары да қабылданды. 1841 жылы Жәңгір хан Бөкей Ордасында қазақ балалары үшін мектеп-пансионат ашты. 1825 жылы Орынбор қаласындағы татар мектебінің негізінде Неплюев кадет училищесі (1844 жылы –кадет корпусы), 1846 жылы Сібір әскери училищесі базасында – Омбы кадет корпусы ашылды. Бұл оқу орындарын Шоқан Уәлихан, Садық Бабажан, Халиолла Өскенбай және т.б. оқыды. 1850 жылы Орынбор шекара комиссиясы жанынан қазақ балалары үшін 7 жылдық мектеп ашылды. Осы оқу орнының түлегі, педагог Ы.Алтынсариннің басшылығымен 1864 жылы Торғай қаласында тұңғыш қазақ мектеп-интернаты ашылды. Ол «Қазақ хрестоматиясын» (1879) «Қазақтарға орыс тілін оқытудың бастауыш оқу құралын» (1880) жазды. Ы. Алтынсарин тек мәтіндерді жаттауға ғана негізделген діни оқытуға қарсы болды. Ол ашқан қазақ-орыс мектептерінде ежелгі ғылымдармен қатар дін тарихы да оқытылды. «Мұсымандық тұтқасы» оқулығында ол адамгершілік, тектілік тәрбиесінің діни принциптерін оқушыларға түсіндірді.

1879-1889 жылдары Ы. Алтынсарин Іле, Қостанай, Торғай, Ырғыз уездерінде 2 сыныптық орыс-қазақ мектебін ашты, 1888 жылы Орск қаласында – мұғалімдер даярлайтын оқу орнын ашты.

Ы. Алтынсариннің жастарды кәсіптік оқыту туралы ой-пікірлері мен ұсыныстары кең қолдау тапты. 1886 жылы Торғайда – қолөнер, 1889 жылы Қостанайда - ауылшаруашылық училищелері ашылды. 1890 жылы Қарабұлақта, 1893 жылы Қостанайда, 1896 жылы Ақтөбеде қыздар училищесі ашылды. Бұл оқу орындарында қолөнер және ауылшаруашылық шеберханалар болды. 1883-1920 жылдары 300-ге жуық ұл мен қыз мұғалімдер семинариясын бітіріп шықты.

19 ғасырдың 2-ші жартысында қазақ мектебі қандай болу керек деген көкейкесті мәселе тұрды. Қарама-қарсы пікірдегі екі топ пайда болды: біріншісі Н.И. Ильинскийдің басшылығымен қазақтарды өз мәдениетінен алшақтатып, оларды орыстандыру саясатын қолдады. Екінші топтағы Ш. Уәлихан, Ы. Алтынсарин және Абай Құнанбайұлы және т.б. сынды демократ-ағартушылар алдыңғы қатарлы прогрессивті мәдениетті игеру арқылы өз халқын дамыған елдер деңгейіне дейін көтеруді армандады. Абай жастарды «Өмірдің кілті - білімде, өнерде», - деп шақырды.

А. Байтұрсын қазақ балаларын қазақ тілінде оқытуға аса көңіл бөлген. 1905 жылы 26 маусымда оның жетекшілігімен бір топ интеллигенция Қарқаралы қазақтарының атынан «Қазақ даласындағы білім тура жолға қойылуы керек, ол үшін сауаттылыққа ауыл мектептеріндегі балалар өз ана тілінде оқытылулары қажет», - деген талаппен Ресей үкіметіне петиция жолдады. А. Байтұрсын алғаш рет қазақ әліпбиін жазып шығарды [52].

1920 жылы қазан айында Қазақ АКСР Халық ағарту комисариаты құрылды, халық комисары болып А. Байтұрсын тағайындалды. 1921 жылы білім беру жұмыскерлерінің Бүкілқазақстандық конференциясы өтті. Конференцияда бірыңғай мектеп жүйесін құру, техникалық-кәсіптік білім, саяси тәрбие, оқу-тәрбие жұмыстары және т.б. мәселелер қарастырылды.

1922-23 жылдары ұлттық мектептерді кітаптармен, бағдарламалармен қамтамасыз ету шаралары бекітілді; қазақ тілінде 14 оқулық шығарылды («Физика», «Грамматика», «Алгебра», «Мектеп гигиенасы» және т.б.). 1920-30 жылдары республика мектептерінің материалдық базасын нығайту мақсатында мемлекет айтарлықтай көлемде қаражат бөлді. 367 мектеп салынды, 361-не күрделі жөндеу өткізілді. Бастауыш мектептер саны 333-тен (1926 ж.) 1864-ке (1930 ж.) дейін артса, оқушылар саны 215,1 мыңнан 320,1 мыңға дейін (олардың ішінде - 124,9 мыңы қазақтар) өсті [52].

Қазақ КСР-дегі орыстандыру саясаты ұлттық құрамның өзгеруіне негізгі себеп болды, ол тұрғылықты халықтың пайызының күрт төмендеуіне әкеліп соқты, оған келесі факторлар әсер етті:

- 30-жылдардың басында Қазақстандағы ашаршылық кезеңіндегі қазақ халықының кемуі (Бұл кезеңдегі **Зұлмат** статистикасы мен деректерін айту да, есту де қиын. Олжас Сүлейменов 2016 жылы 27 мамырда Баянауыл аудандық «Баянтау» газетіне берген сұхбатында (№22 (10725)) «Мәскеуге барған бетте Ленин кітапханасынан 1926 жылғы санақтың қорытындылары жарияланған кітапты тауып оқығанмын. «Казахи – самая крупная тюркоязычная национальность советского союза – 6 млн 200 тыс человек» деген тұсын көшіріп алғанмын. Ал 1939 жылы 2 млн адам ғана қалған. Мұндай қорлыққа тек қой мінезді жуас халық қана шыдай алады. Ал біз жылқы мінезді халық емес пе едік!? – деген. 1924 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде Әлихан Бөкейхан: «Қазақтардың өсу қарқыны әлемдік деңгейден жоғары. Егер әрбір 200 қазаққа орта есеппен 3 адам қосылып тұрады десек, онда 1914 жылы қазақтардың саны 6 млн 470 мыңға жеткен», - деп жазған. 1897 жылғы санаққа сүйенген М.Тынышбай: «Біздің есептеулерге сәйкес қазақтар 4 091 746 адам. Орыс империясындағы түркі халықтарының 30,08%-ын құраған», - деп жазған) [55].

- 20-шы және 30-шы жылдары славян республикаларынан шыққан шаруалардың қоныс аударуы (250 000 астам адам);

- 30-шы жылдары басталған Қазақ КСР-інің индустрияландыруы барысында басқа республикалардан қоныс аударушылардың келуі;

- 1937-1949 жылдар аралығында Қазақ КСР-не халықтарды жер аудару (1 миллионға жуық адам);

- Қазақ КСР-на 20-жылдардың соңынан 50-жылдардың басына дейінгі кезеңде Сталиндік қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтарды көшіру (5 миллионнан астам адам);

- 1954 жылы басталған тың игеру барысында басқа республикалардан қоныс аударушылардың келуі (1954-1956 жылдардағы тек бірінші кезеңінде ғана 640 000 адам қоныстанған).

Қазақстанда орыстандыру саясатының арқасында орыс тілі беделді болып әлеуметтік мобильділік пен кәсіби мансаптың кепіліне айналды.

1920-1930 жылдары қазақтар арасында орыс тілін меңгергендер саны аз болса, 1970 жылдары қазақтардың 42% орыс тілін еркін меңгерген (қырғыздарда бұл көрсеткіш 19%, өзбек, тәжіктер мен түркмендерде 15% төмен болған). Ал 1989 жылы қазақтардың 63% орыс тілін меңгерген. Қала қазақтарының 30 % ана тілін білмеген.

1959 жылы қазақтардың саны республиканың барлық халқының тек 30% құраған, ал 1962 жылы ол көрсеткіш 28,9% дейін төмендеген, ал славян халықтары керісінше 57 % өскен.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми ақпараты бойынша Қазақстан жерінде тәуелсіздік алғанға дейін қазақтардың саны тек орыстармен салыстырғанда кем болған. Тек тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ саны арта бастаған:

	1970ж.	1979ж.	1989ж.	1999ж.	2009ж.
Барлығы	13026274	14709508	16222324	14981281	16009597
оның ішінде:					
Қазақтар	4228367	5282481	6486029	8011452	10096763
	32,5%	35,9%	40%	53,5%	63,1%
Орыстар	5542929	6019391	6092377	4480675	3793764
	42,6%	40,9%	37,6%	29,9	23,7%

Қала тұрғындары бойынша көрсеткіш:

	1970ж.	1979ж.	1989ж.	1999ж.	2009ж.
Барлығы	6636116	7980457	9269000	8455783	8662432
оның ішінде:					
Қазақтар	1141995	1671007	2508942	3650609	4841083
	17,2%	20,9%	27,1%	43,2	55,9%
Орыстар	3865325	4484526	4710057	3447599	2763012
	58,2%	56,2%	50,8%	40,85	31,9%

1996 жылға дейін Славян халықтарының қоныс аудару нәтижесінде (негізінен бұл орыстар болды) қазақтардың саны оларға қарағанда кем болды. Мұндай жағдай одақтас республикалардың ішінде жалғыз қазақ елінде болды.


Орыс тілі халықтың көпшілігінің тілі болды, ал оны меңгеру қалыптасқан қажеттілік болды. Қазақ КСР барлық білім беру саласы жаппай орыстандырылды:

- 1938 жылы «Ұлттық республикалар мен облыстардың мектептерінде орыс тілін міндетті түрде оқыту туралы» қаулы шықты;


- 1979 жылы орыс тілін оқыту мектепке дейінгі мекемелерге де міндетті болды;

- 1955 жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1955 жылғы 4 маусымдағы «Орыс мектептерінде қазақ тілін міндетті оқытудан босату туралы» Жарлығы еліміздің орыс тілді мектептерінде қазақ тілінде оқытуды тіпті шегерткен.

1952/53, 1954/55 оқу жылдарындағы Қазақстандағы оқушылардың саны



1960/1961 оқу жылындағы Қазақстандағы қазақ тілінде білім беретін мектептер саны



[56].

1959-1960 жылдары Қазақ КСР 192 274 оқушыдан тұратын 3123 қазақ мектептері болды, ал 4199 орыс мектептерінде 826 103 оқушы оқыды. Тағы 374 998 оқушы аралас тілде оқытатын 1518 мектепте оқыды.

1958 жылы қазақ мектептеріне баратын қазақ балаларының үлесі 75% құраса, 1991 жылы бұл көрсеткіш 34,4% дейін төмендеген. Қазақ мектептерінің айтарлықтай үлесі ауылдық жерлерде болды, ал қалаларда қазақ тілінде оқыту болмаған деседе болады. **1980 жылдардың соңына дейін Алматы қаласында № 12 жалғыз қазақ мектебі болған** [54].

Ана тіліміз үшін күрес, егемендік үшін күрестен еш кем емес.

Қызыл империя кезеңінде де ана тілімізді тұншықтыру саясаты жүргізілді. Алайда осынау далада еркін өмір сүріп, ана сүтімен өсіп, ана тілімен тәрбие алған ұлтымыздың жігерін жасыта алған емес. Күні кешегі Алаш қайраткерлері тіл үшін намыстың туын тікті.

Алаш қозғалысы – бүгінгі тәуелсіздік бастауы, қайнар көзі.

Орыстандыру саясатына қарсы күрес жүргізген Алаш ардақтыларымыз бен зиялы қауым болмағанда Ресей Федерациясының құрамында болып есіміміз: Иван, Вечаслав, Наталья, т.б. болар еді.

Мысалы кәріс ұлты 1950 жылдан бастап есімдерін орыс тілде беріп келеді немесе ұлттық дәстүріне қайшы келседе бойжеткендер тұрмысқа шыққансоң күйеуінің тегін алып жатыр және басқада әдетіне, дәстүріне қайшы әрекеттер әдетке айналған. Бұл Кеңес Одағындағы идеологияның мықтылығына дәлел [60].

Ұлтшыл азаматтарымыздың тіліміз үшін күресінің нәтижесінде, 1989 жылғы Қазақ КСР Жоғары Кеңесінде қазақ тіліне мемлекеттік мәртебесі берілді.

Бұл 1995 жылғы Ата Заңда конституциялық шешімін тапты. 1997 жылғы «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңда қазақ және орыс тілдерінің негізгі құқықтық мәртебелері мен қағидалары енгізілді.

Тәуелсіздік жылдары қазақ тілінде оқытатын мектептер желісі 2768-ден 3777-ге жетті. Бұл еліміздегі барлық мектептердің жартысына жетіп қалады.

Орта арнаулы және жоғары оқу орындарында қазақ тілінің жағдайы мемлекеттік талаптарға сай емес. Студенттер қазақ тілінде сөйлей бермейді. Орыс топтарындағы ұлты қазақ студенттердің 80-90 пайызы өз тілдерінде сөйлемейді. Орыстілді қазақ оқытушылар өзара да, студенттермен де тек орыс тілінде сөйлеседі.

Бастауыш мектептің алғашқы сыныптарында бүлдіршіндердің қазақша жаза, оқи және сөйлей алуына, олардың ұлттық ойлау жүйесінің қалыптасуына ерекше мән берген жөн. Бар мүмкіндік, күш-жігер балабақша мен бастауыш мектептерде мемлекеттік тілді дамытуға бағытталғаны дұрыс болар еді. Бұғанасы әлі бекімеген, ұлттық тәрбие мен ана тілін бойына толық сіңіре алмаған, ұлттық ойлау жүйесі әлі қалыптаса қоймаған ұрпаққа өзге тілді үйретуге күш салу ақылға сыймайды. Ал ағылшын және орыс тілін кейінгі сыныптардан бастап, бірақ оларды әлемдік білім-ғылымның негіздерін игеру құралы ретінде оқытқан дұрыс [58].

Жазушы, журналист, лектор, профессор Д.Кристал 1987 жылы «Тілдердің Кембридж энциклопедиясын», 1995 жылы «Ағылшын тілінің Кембридж энциклопедиясын» шығарған. 1997 жылы «Ағылшын тілі - әлемдік тіл», - деген еңбегі жарық көрген.

Бұл - аталмыш кітаптың «Ана тілі» газетінде (18.11.04) жарияланған нұсқасынан үзінді:

«Әлемде 6000-нан астам тіл болса, солардың 600-не ғана жойылу қаупі төнбейді екен (2700 - негізгі тіл, 4000-ға жуығы - сол тілдердің диалектісі). Кейбір болжамдар бойынша ХХІ ғасырдың аяғына таман үркердей топ - негізгі тілдер ғана қалып, қалғандары жойылып кетпек.

Бірде-бір адам сөйлемейтін тіл өлген тіл болып саналады. 1990 жылдардың ортасында Камерун деген елдің Адамавия өлкесінде мынадай оқиға болды. Оны Англияның қатер төнген тілдер қорының мүшесі Брюс Кондель әңгімелеп берді. Оның айтуынша, 1995 жылы қарашаның 5-і күні Момбила ауданында касаба тіліндесөйлейтін ең соңғы Богон есімді азамат дүниеден өткен. Қарашаның 4-і күні касаба тілі тірі болса, қарашаның 5-і күні ол тіл өлді.

Қатер төнген тілдер қорының Англияның Единбург қаласында өткен ІІ конференциясында (1998 жыл) Оле Стив Андерсен деген лингвист 1992 жылы қарашаның 8-інде Батыс Кавказдағы обух тілінде сөйлеген ең соңғы адам Тефлик Есенц дүние салғанда, обух тілі де бірге өлгенін айтады. Тілші обух тілін жазып алуға 2-ақ сағат үлгермей қалыпты. Себебі, ол сол ауылға жеткенде Тефлик екі сағат бұрын дүниеден өтіп кеткен екен. Сонымен сіз өз тіліңіздің ең соңғы өкілі, яғни сөйлеушісі болсаңыз, онда тіліңіз өлді деп есептей беріңіз.

1980 жылғы есеп бойынша, тірі тілдердің саны 6000-мен 7000-ның аралығында. 1992 жылы шыққан халықаралық лингвистикалық энциклопедияның мәліметіне сенсек, 6300 тірі тіл бар деп жазылған. «Әлем тілдерінің жартысы өледі», - деген тұжырым дұрыс болса, ол - 3000 тілдің ажалы деген сөз.

Лингвист Майкл Краустың пікірінше, адамзат тілінің 90%-ы өледі. Әлемде 600 тіл қалады. Ал осы ғасырда тілдердің 50%-ы ғана қалмақ. 3000 тіл өмір сүруін жалғастырады. Оның айтуынша, 100 жылда 1200 ай болса, әр айда 2 тіл өледі екен. Краус: «Солтүстік Америкада 187 жергілікті тіл бар. Сол 187 тілдің бәріне қазір ағылшын тілі қауіп төндіруде. Яғни олар жойылғалы тұр», - дейді.

Әлемдегі тілдердің даму процесін қадағалап отыратын Халықаралық тілдер институты үстіміздегі ғасырда дүние жүзіндегі тілдердің 90 проценті жойылады деп болжам жасапты. Деректерінде дүние жүзі бойынша бүгінде 6 мың тілдің тағдыры қалт-құлт етіп тұрса, жыл сайын 10 тілдің өлі тілге айналуы дәстүрге ұласыпты.

Жағрафиялық жағдайына байланысты жіктеп айтатын болсақ, Еуропаның өзінде 123 тілдің 9-ына құрып кету қаупі төнсе, 26-сы шалажансар, 38-і мешел күйде болса, Оңтүстік Азияда 700 тілдің 40-ы ғана

аман-сау қалу мүмкіндігіне ие. Ал Солтүстік Шығыс Азияда 47 тілдің тек 6-ы орыс тілінің қыспағына төтеп берер халде болса, 20-сы жаназасын күтіп отыр. Қалған 21-і айықпас дерт үстінде. Ал Орта Азияның, оның ішінде өз ана тіліміздің хал-жағдайының мәз еместігі өзімізге аян.

Мұндай кеселдің, негізінен, отарлау саясатының салдарынан туындайтындығы белгілі. Тарих бетін парақтасақ, XVIII ғасырдан бері Австралия құрлығында 250 тілдің 20-сы ғана қалған. XVI ғасырда Бразилияны Португалия жаулап алғалы 540 тіл жойылып кеткен» [59].

Қазақ жазушысы, аудармашы, публицист Герольд Бельгер: «Қазақ тілінің байлығын, қоректілігі, бояуын астын сыза, жұрттың бәріне сіндіргім келеді. Қазақ тілі, – ерекше құдіретті тіл. Өз күшімше, әлімше соны түсіндіріп келемін. Лексикалық жағы, сөз байлығы басқа ұлттардан әлдеқайда асып түседі. Академияда 1-2 миллион сөздік қоры бар екен. Қай елде бар? Англияның тұтас сөздігінің өзінде 240 мың, Маяковский, Пушкин, Гетені алсақ, солардың өзінде 15-18 мың сөздің төңірегінде. «Абай жолында Әуездің қолданатын сөздік саны 16 мың 893! Демек, 17 сөзі кем – 17 мың!» [60].

Алаш арыстарымыз бен зиялы қауымның арқасында ана тіліміз сақталып қалды, тек еміне шипа берсек болғаны, әлімдік тілдердің алдыңғы қатарында бекер жүрмегендігін көрсетеріне кәміл сенемін.

Бізге патриоттық сезімді, отанын, елін, тілін, сүйетін рухты реформаторларды қолдауымыз керек. Оларды осы ұлы іске бірігіп жұмылдыруына ат салысуымыз керек.

«Тілімізді кіршіксіз таза ұстап, қыз жасауындай жайнатуға тиістіміз», - деген ұлы ғалым Шоқан Уәлихан.

«Әр адамның өз тіліне деген қатынасына қарап оның мәдени деңгейі туралы ғана емес, сонымен қатар азаматтық құндылығы туралы да нақты айтуға болады. Өз еліне деген шынайы махаббат өз тіліне деген сүйіспеншілігіңсіз елестету мүмкін емес. Өз тіліне немқұрайлы қараған адам - жабайы. Оның тілге деген немқұрайлығы өз халқының өткеніне және болашағына толық немқұрайлықпен түсіндіріледі» - Константин Паустовский [61].

Осындай құлдық сезімділерден құтылу үшін мемлекетке мықты ұлттық идеология ұстануы қажет, ал ол үшін қисық заңнамаларды реттеп, түзетіп, жауапкершілік енгізу керек.

Абай Құнанбайұлы «Сегізаяқ» өлеңінде: «Білгенге маржан, Білмеске арзан, Надандар бәһра ала алмас» демекші, алдымызда керемет мүмкіндіктер бар екенін біреуі білсе, көбі білмей жүр, не білгісі жоқ.

«Өмірімнің 43 жылын қазақтардың арасында, қазақ тіліне құлағымның құрышын қандырумен келген екем. Менің ұғым-түйсігімде қазақ тілі құдды қазақтың осынау кеңпейіл, мейірбан дархан даласы сияқты ғажайып ұшан-теңіз бай, шешен де көркем тіл. Тек сол оралымды бай тілді «қиыннан қиыстырар ел данасы» керек. Өз басым осылай түсінемін», - деген екен Г. Бельгер [62].

Бір сұғбатында Г.Бельгер қазақ тілінің бүгінгі жағдайы туралы ойын былай деп жеткізген: «Бәлен жылдан бері қазақ тілі деп айқайлап келе жатырмыз, талай дөңгелек стөл де өткіздік. Үлкен мінбелерде де сөйледік. Қатты-қатты сөздер де айттық. Нақты мысалдар да келтіргенбіз. Бұл іске қарайған қаржы да жұмсалды. Үкімет тарапынан қолдау да бар. Бірақ нәтижесін көре алмай отырмыз. Шынымды айтсам кейбірде осы мәселеден түңіліп кетемін. Сол себептен бұл тақырыпта аса бір сөйлегім де келмейді. Көңілім қалған мәселе болды. Таңертең болконға шығып тұрған кезде маған қазақ тілінің болашағы бар сияқты болып көрінеді. Жас қазақтың жігіттері мен қыздарын көресің. Әп-әдемі киініп алған. Қарасаң көз тоймайды. Бұрынғыдай қазақ тіліне ешбір қыспақ жоқ. Қайта қазақша сөйле деп жатырмыз. Құдайға шүкір қазағымыздың саны да жылдан жылға артып келеді. Ал, кешке қарай жатар алдында болконға шығып тұрған кезде, «әй, осы қазақ тілінің жетістігі шамалы-ау», - деген ойға келемін. Үлкені де кішісі де орысша сөйлесіп жатқан біреу. Кейде тіпті қазақша сөйлеп жатқан адамды көрмейсің. Қазақ мектебінде оқитын оқушы балалардың өздері де үзіліс кезінде орысша сөйлеседі екен.

Тағы бір байқағаным осы қазақ тілі байларға қажет емес сияқты. Қазақ тілі тек қана кедейлерге керек сияқты болып көрінеді.

Байлар түгел кейде ел ағалары мен шенеуініктердің де биік мінбелерде орысша сөйлеп тұрғанын көреміз.

Ия, депутаттарды қарасаңыз да, президенттің маңайында жүргендерді қарасаңыз да бәрі де жиналыстарда орыс тілінде сөйлейді. Соған жұрт қарайды да, «Е, осы қазақ тілінің болашақта қажеті жоқ шығар», - деп ойлайды.

Әрине қазақтар орыс тілін, ағылшын тілін білгені жөн. Дегенмен бізде мемлекеттік тілдің тағдыры алаңдатып отырған кезде, үш тілдік тұғыр деген мәселе қазақ тілінің дамуына кедергі келтіреді. Ана тілін үйренгісі келмей жүрген шала қазақтарға бұл үлкен сылтау болады.

Мен әдеби кітаптарды көп оқимын ғой. Аймауыттың заманындағы қазақ тілімен қазіргі қазақ тілінің арасы жер мен көктей. Қазіргі қазақ тілі өте жұпыны. Бұрынғы ұшқырлы ой жоқ. Баяғы жан жоқ. Көп жерде орысша-қазақшаны араластырып пайдаланады. Сонау, XVIII-XIX ғ.ғ. жыраулардың, ақындардың өлең-жырларын оқып отырып таң қаламын. Қазақ тілінің ауқымы қаншама десеңізші?!

Күнделікті тұрмыста пайдаланудан шығып қалған сөздерді есептесек қазір он млн. қазақ сөзі бар екен. Ондай сөздік қор немістерде де, орыстарда да, ағылшындарда да жоқ. Соны бірақ қазақтардың өздері де біле бермейді.

Мемлекет тілін білмегендерді үлкен қызметке жібермеу керек. Сонда барлық шенеуініктер мемлекеттік тілді өздерінің ертеңгі күні үшін үйренетін болады. Германияға барған немістер алдымен «Хох дойчті» үйренеді. Оны меңгеріп алмай олардың ешқайсысын жұмысқа қабылдамайды. Мемлекеттік қызмет түгел тіпті еден сыпырушыға да жұмысқа алмайды [63].

Алтыннан қымбат қаншама уақытымыз бекер өтіп, Абай Құнанбайұлының: «Көп айтса көнді, жұрт айтса болды - әдеті надан адамның. Таласып босқа, жау болып досқа, қор болып, құрып барасын», - деген ащы сөзін сезінбей жүргендейміз.

«Ащы болсада өткен тарихтың барлық беттерін білу керек. Қазақ және орыс халықтарының қарым-қатынасының оң жақтарын ғана баяндаудан тұратын, бір жақты, кеңес әдебиетіндегі жұмыстар жеткілікті. Сондықтан ащы шындықты айту керек, Ресей мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынастардың суық жақтарын айтудан қорқуға болмайды. Керісінше, ақиқаттың жарығы улы тұман, күмән, жаңылыстар мен қателерді шашыратуы керек. Тарихи тағдыры тығыз байланысқан қазақ және орыс халықтарының өзара қарым-қатынасының жылнамасында әр түрлі кезеңдер болды. Өзара тиімді ынтымақтастық мүддесінде тікелей және ашық диалог жүргізу үшін өткеннің жеке беттерін ұят үнсіздікпен айналып өтпеу керек. Нақты ғылыми жарықтандыру, объективті және бейтарап, өткен оқиғалардың шынайы бейнесін беруге арналған. Тек осы жағдайда ғана Ресей мен Қазақстанның өзара қарым-қатынасының жекелеген қиын кезеңдерін кейбір жауапсыз саясаткерлер өздерінің пайдакүнемдік мақсаттарында пайдалана алмайды. Қазақстандағы патшалықтың рухани экспансиясын зерттеу де өзекті, өйткені қазақ халқының рухани саласындағы патшалықтың отаршылдық саясатының салдары әлі де әсер етеді. Орыстандыру саясатының салдарынан қазақтар бұрын өзінің ұлттық өзіндік мәдениетіне ие болған фактіні ұмытып, оны жоққа шығаруын жатқызуға болады», - деген белгілі таихшы З.Т. Садуақасова [64].

Бұл айтылған ғалымның пікіріні орынды. Себебі өткен тарихи құбылыстарды ешкім өзгерте алмайды, бірде біз, бірде олар тарихи аренада беделді болып, өз үстемдігін жүргізгендегі теріс жақтары болашақ қарым-қатынасқа кедергі болмауы керек. Ол табиғи заңдылық. Одан теріс бұрылмай, керісінше болашақта зор пайдасы бар, ұтымды қарым-қатынас орнату керек.

Алдында көрсетілгендей бұрыңғы Кеңес Одағы құрамында болған 15 мемлекеттің ішінен тіл саясатына қатысты іргелі шешім қабылдамай отырған тек Қазақстан (Қырғызстанда бұл мәселе Үкімет деігейінде қарастырылып жатыр).

Өзбекстан Республикасында ана тілі - мемлекеттік тіл, онымен басқа еш тіл ресми қолданбайды. Өз саясатын ұтымды ұстанып, енді мемлекеттік қызметкерлерге ана тілін бұзғандығы үшін жауапкершілік енгізуде.

Жона бергеннің жұқарар кезі, соза бергеннің үзілер кезі келді. Маңызды шешімдер қабылдау керек. Халықаралық аренада бізді ұлттық идеологиямыз бен берік тіл саясатымыздың бар екендігін білдіре алатын, ұлттық мүдделерді қорғай алатын және екіжақты пайдалы ынтымақтастықты ұстанушы ел ретінде тануы керек.

1.3. Қазақстан Республикасында тілдерге қатысты нормативтік құқықтық актілер мен мемлекеттік бағдарламаның орындалуы мен проблемалары

Конфуций: «Егер де маған ел басқару мүмкіндігі туса, ең алдымен сол елдің тіл мәселесін қолға алар едім. Себебі тіл бірлігі болмаса, пікір бірлігі болмайды және идеология дұрыс жүргізілмейді. Идеология дұрыс жүргізілмей, ортақ түсіністік таппаған елде бірлік болмайды. Сондықтан бәрінен де бұрын адамдар арасындағы бірлікті ұстап тұрған тіл мәселесі маңызды» - деген.

Мемлекеттік тілді мәртебесіне сай дамыту Қазақстан Республикасының Конституциясында, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңында, басқада құқықтық нормативтік актілерде, Президент жолдауларында, тұжырымдамаларда, бағдарламалар мен жоспарларда көрсетілгенімен, нәтижесіз болып тұр.

Қаншама үгіт-насихат жүргізіп, ауқымды қаражат бөлінсе де, қазіргі жағдайы белгілі.

Қазақ тілін дамыту жолындағы мемлекеттік органдардың әрекетіне қарасақ, шашыраңқылық байқалады.

Республикалық орталық мемлекеттік мекемелерде, құқық қорғау органдары мен арнайы органдарында негізінен орыстілді қызметкерлер болғандықтан аймақтық, жергілікті биліктің қағаз-құжаттары да міндетті түрде екі тілде дайындалады және соның өзінде қазақшасы орысшасының аудармасы, көшірмесі, тіркемесі мәртебесіне ие.

Ресми құжаттар, халықаралық шарттар мен құқықтық нормативтік актілер алдымен орыс тілінде әзірленіп келеді.

Мұндай қазақ тіліне қойылатын заңнамалық талаптармен мемлекеттік тілді дамыту ұзаққа созылмақ, не кері әсерін бермек.

Өз еркімен жүрмей тұрған істі, заң жүзімен итермелеу керек. Сонда ғана өз төрімізге өзіміз шыға аламыз.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі жаңа Конституцияның жобасын әзірлеуде ең маңызды мәселелері қызу пікірталас жағдайында өтті. Соған қарамастан, 1993 жылғы 28 қаңтарда Қазақстан Республикасының алғашқы Конституциясы қабылданды.

Нәтижесінде Конституция бойынша қазақ тілі — мемлекеттік тіл болып бекітіліп, ал орыс тілі ұлтаралық қатынас тілі мәртебесіне ие болды. [65].

Алайда, 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының 7 бабына сәйкес, Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл - қазақ тілі деп, 2-тармағында

мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады деп белгіледік [1].

Яғни, мемлекеттік тілді білмей-ақ, орыс тілін мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында, мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізуде еркін қолдана аламыз.

Осы жағдай «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңымен қосымша күрделеніп тұр.

«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңның 4 бабында Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі.

Мемлекеттік тіл - мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі.

Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру - Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы.

Үкімет, өзге де мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар: Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілді барынша дамытуға, оның халықаралық беделін нығайтуға;

Қазақстан Республикасының барша азаматтарының мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруіне қажетті барлық ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық жағдайларды жасауға; қазақ диаспорасына ана тілін сақтауы және дамытуы үшін көмек көрсетуге міндетті.

Сонымен қатар, аталаған заңның 23 бабы бойынша тілдің дамуы мемлекеттік тілдің басымдығын және іс қағаздарын жүргізуді қазақ тіліне кезең-кезеңмен көшіруді көздейтін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарымен қамтамасыз етіледі.

Алайда, көрсетілген заңның келесі талаптары мемлекеттік тілдің күшін басып тұр:

- Заңның 5-бабына сәйкес мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады.

- 8-бапта мемлекеттік тіл Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, ұйымдарының және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жұмыс және іс қағаздарын жүргізу тілі болып табылады, орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады.

Осы заң талаптарын басшылыққа алып, алдында көрсетілген 4-бапты және 23 бапты елемесе де болады [2].

Дәл осы жағдайда халықтың «маған қазақ тілін үйрену қаншалықты қажет?», - деген сұрағы орынды және мұндай жағдайда мемлекеттік тілдің мәртебесіне байланысты ешкімге қандайда бір талап қоя алмайсың.

Мұндай еліміздің Конституциясынан бастап, Кодекстердің, заңдардың, басқада нормативтік құқықтық актілердің «қоршауында түн шығып» жатқан қазақ тілінің мәртебесі асқақтамас!

Мемлекеттік тілдің мәртебесін кеңейту мақсатында, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңының Конституцияға сәйкестігі жөніндегі» қосымша Қаулы қабылдағанын біреуі білсе көпшілігі білмейді. Оған ешкім көңіл аудармайды және сілтеме де жасамайды.

Нақтырақ айтсақ, осы Қаулының 2-3-тармақтарында, мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында мемлекеттік тіл - қазақ тілі мен ресми түрде пайдаланылатын орыс тілінің тең қолданылуы бұл соңғысына екінші мемлекеттік тіл мәртебесі берілетінін білдірмейді.

Мемлекеттік тіл мәртебесінің үстем болуы оның жария-құқық саласында қолданылуының айрықшылығы, не басымдылығы Конституцияда баянды етіліп, заңдарда белгіленуі мүмкін екендігін білдіреді.

Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан тыс жерлерде, атап айтқанда, мемлекеттік және қоғамдық маңызы бар іс-шаралар (қабылдаулар, ассамблеялар, съездер, конференциялар, дөңгелек үстел отырыстарын) өткізу кезінде қазақ және орыс тілдерінің тең қолданылуын белгілемейді, ал Конституцияның 7-бабының 2-тармағында пайдаланылған "тең" термині мұндай іс-шараларға қатысты емес. Республика Конституциясы әркімге өз қалауы бойынша қарым-қатынас тілін таңдап алу құқығын береді. Бұл орайда, ынталандыра отырып, мемлекет мемлекеттік тілге, оның дамуына, мемлекеттік-құқықтық реттеу саласын ғана емес, қоғамдық қатынастардың басқа да барлық салаларын қамтып, қолданылуына қамқорлық жасауға тиіс. [5].

Яғни, мемлекеттік органдарда (оның ішінде құқық қорғау органдарында, сот жүйесінде және басқада мемлекеттік, мемлекеттік емес ұйымдарда) мемлекеттік тілдің қолданылу аясына үстемділік беруге болады және ол басқа тілдердің мәртебесіне кедергі тигізбейді.

Осындай құқықтық норма бола тұра, қазақ тілін өркендетуге, оның қоғамда үстемдігін арттыруға бағытталған ауқымды шараларды байқалмайды.

Билік үйреніп, қолданып жарытып жатпаған қазақ тілін үйрену үшін өзге ұлт негіз көрмей отыр.

Демек, мемлекеттік тілдің бүгінгі жай-күйі өзінің заңды мәртебесінен төмен деңгейде қалып отыр.

Сонымен қатар, бұл жалғыз қаулы мемлекеттік тіл басымдығын толық қамтамасыз ете алмайды.

Сондықтан, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеріп, оған үстемділік беру үшін заң жүзінде маңызды шешімдер қабылдау керек.

Біріккен Ұлттар Ұйымының «Байырғы тұрғылықты халық құқықтары туралы» Бас Ассамблеяның 2007 жылғы 13 қыркүйектегі 61/295

декларациясының 3 бабында, байырғы тұрғылықты халықтар өзін-өзі анықтауға құқылы. Осы құқықтың есесінен олар өздерінің саяси мәртебесін еркін түрде орнатып, өзінің экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуын еркін жүзеге асырады.

Декларацияның 5 және 11-баптарында халықтың қалауы бойынша мемлекеттің саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени өміріне толық араласуға құқығын сақтай отырып, өздерінің ерекше саяси, құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және мәдени институттарын сақтауға және нығайтуға, сонымен қатар өздерінің мәдени дәстүрлері мен салттарын сақтауға және жандандыруға құқылы екендігі аталып көрсетілген.

8-бабында байырғы тұрғылықты халықтар мен оларға жататын тұлғалар олардың мәдениетін жою мақсатындағы мәжбүрлі ассимиляция немесе ықпалға төтеп беруге құқылы.

13, 14-баптарына сәйкес байырғы тұрғылықты халықтар өздерінің тарихын, тілін, ауыз әдбиет шығармашылығын, философия, жазуы мен әдебиетін жандандыруға, қолдануға және келер ұрпаққа беруге құқылы.

Олардың мәдениетіне сай келетін туған тілдерінде білім беретін білім беру жүйелері мен оқу орындарын құрып, оларды бақылауға және еш бір кемсітушіліксіз барлық деңгейлерде мемлекеттік білім алуға құқылы [66].

«Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 2 қарашадағы N 2592 Конституциялық заңының 1-бабы бойынша республикалық референдум - Қазақстан Республикасы Конституциясының, конституциялық заңдарының, заңдарының және мемлекеттік өмірінің өзге де неғұрлым маңызды мәселелеріне арналған шешімдердің жобалары бойынша бүкілхалықтық дауыс беру.

Конституциялық Заңның 10-бабында референдум тағайындау құқығы Қазақстан Республикасының Президентінде болады.

Ал 11-бабына сәйкес Республикалық референдум тағайындау жөніндегі бастамашылық биліктен бөлек сан жағынан Республиканың барлық облыстарын, астанасы мен республикалық маңызы бар қалаларын тең мөлшерде білдіретін республикалық референдумға қатысу құқығы бар екі жүз мыңнан кем емес Республика азаматтарында болады [67].

Осы мәселенің шешілу жолы халықаралық нормаларды ескере отырып, Конституциямыз бен Республикалық референдум тағайындау туралы конституциалық заң нормаларын басшылыққа ала отырып, Конституцияның 7 бабының 2 тармағына референдум жүргізу арқылы келесідей өзгертулер енгізуді қарастыру қажет:

«Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деген норманы күшін жойып, орнына *«Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында қазақ тілі қолданылады. Орыс тілі ұлтаралық қатынас тілі болып табылады»* деген норманы енгізу.

Ғалым Ә. Нысанбаева: «Қазақ тілінің өзін-өзі анықтауы 1989 жылдың қыркүйек айында қабылданған «Тілдер туралы» Заңда нақты көрініс тапты.

Онда алғаш рет мемлекеттік тіл мәртебесі заңмен бекітілді, орыс тілі ұлтаралық қатынас тілі мәртебесіне ие болды. Қазақстандағы тіл саясатының бағыты 1997 жылы «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» жаңа Заңның қабылдануымен өзгерді, онда «мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады», - деп танылған («Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңның 5-бабы). Бағамының өзгеруі қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде үстем бола алмауымен байланыстырып, де-юре қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесіне ие, бірақ де-факто ол мұндай мәртебеге ие емес», - деп 2003 жылы пікірін басып айтқан [68].

Осы уақытқа дейін білім беру саласында қазақ тілін оқыту, сондай-ақ қазақ тілінде негізделген жоғары, орта білім берудің жаңа жүйесін қалыптастыру сияқты жоғары сапалы оқу-әдістемелік база жоқ»

Алдында көрсеткендей қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесіне Кеңес Одағында, 1989 жылы талай қыспақтардан өтіп қол жеткізген еді.

Сол ұтымды тіл саясатын 1993 жылы Қазақстан Республикасының Конституциясын қабылдауда да ұстандық.

Алайда, 1995 жылы Қазақстанда тіл саясатының күрт өзгертіп, керісінше бағыт алып, Конституциямызға қазақ тілінің мәртебесіне орыс тілін теңестірдік.

Соның салдарынан «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңын қабылдап, орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады деп бекіттік.

Осылайша қазақ тілі жеке өзіне тиесілі мәртебесінен заң жүзінде айырылды.

Сондықтан «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңның 5-бабы мен 8-бабына келесідей өзгертулер енгізу керек:

- «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деген 5 баптың күшін жою;

- 8-баптың «орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деген норманың күшін жойып, орнына «орыс тілі ұлтаралық қатынас тілі болып табылады» деген норманы енгізу.

Қазақстан Республикасының Конституциясы мен «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңға тиісті өзгертулер енгізілген жағдайда:

- «Қазақстан Республикасының Ұлттық құндылықтары туралы» Заң қабылдау керек (*толығырақ 2 тарудың 2.2 тармағында көрсетілді*);

- «Қазақстан Республикасының Ұлттық құндылықтары туралы» Заң талаптарын бұзғандығы үшін тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік қарастыру керек (*толығырақ 2 тарудың 2.2 тармағында көрсетілді*);

- «Қазақ тілі Академиясын» құру керек (*толығырақ 2 тарудың 2.2 тармағында көрсетілді*);

- Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңға тиісті өзгертулер енгізіліп, «Қазақстан

Республикасының Ұлттық құндылықтары туралы» Заңы қабылданып, «Қазақ тілі Академиясы» құрылса, Кодекстерге, заңнамаларға, басқа да нормативтік құқықтық актілерге тиісті өзгертулер мен толықтырулар еңгізілуі тиіс.

«Мемлекеттік тіл туралы» Заң қабылдауды Алаш арыстарынан бастап, осы күнгі зиялы қауымға дейін ұсынып жүргеніне бір ғасырдан асты.

Саяси ғылым докторы, профессор Бәкір Әбдіжәлел: «Н.Ә. Назарбаевтың 2008 жылдан бастап Жолдауында орысша айтылған «триединство языков» сөз тіркесін кейбір шала сауатты саясатшылдардың қазақшаға «үш тұғырлы тіл», - деп аударуы халықты да, тіл мамандарын да шатастырып, олар тілдің жалғыз ғана тұғыры болатынын, оның ұлттық тіл екенін біле тұра бұрмалап, орыс және ағылшын тілдерін мемлекеттік мәртебесі бар қазақ тілімен бір деңгейге қоюда. Сөйтіп, құқықтық жағынан да, саяси жағынан да қателіктер жасалуда.

Қазіргі ана тілдік кеңістік құқықтық жағынан да жетілмей отыр. Қазақстан Республикасы Үкіметі осы күнге дейін «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңның 23-бабына сәйкес мемлекеттік органдарда қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту туралы қаншама қаулылар қабылдап жоспарлар бекіткенімен, мемлекеттік ұйымдары мен мекемелер оны шала орындап, мемлекеттік тіл көбінде қағаз жүзінде қалып келеді.

Осылайша, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңнан кейінгі тікелей мемлекеттік тілге қатысты маңызды құжаттар негізінен орындалмай, қазақ тілі мемлекеттік органдарда аударма тілге айналды.

Сол себептен қазіргі қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесімен санаспайтындар қатары күннен-күнге ерекше қарқынмен өсуде. Әйтпесе химия, физика, биология, информатика сияқты пәндерді ағылшын тілінде оқытамыз дейміз бе? Сонда қазақ баласы жаратылыстану ғылымдарын қазақша білмеуі керек пе? Оларға әдебиет, мәдениет және тарихқа қатысты пәндермен шектелу жетеді ме? Қазіргі күні ешбір жерде, өзін қадірлеген, өз тілін құрметтеген елдің бірде-біреуінде өз пәндерін басқа тілде оқу жоқ болар.

Бірде Н. Назарбаев «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңға заман талабынан туындаған өзгертулер енгізу керек болса, ондай қадамға барған дұрыс деген еді. Бірақ Үкімет те, Парламент те мұндай қадамға бара алмай отыр. Сондықтан ең болмаса Конституцияның 7-бабының 1-тармағына сәйкес «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңға мемлекеттік тілді қорғау және оған қамқорлық жасау бағытында қатаң талап қоятын құқықтық нормалар енгізу керек.

Сондай-ақ Заңның «Деректемелер мен көрнекі ақпарат тілі» деп аталатын 21-бабын мемлекеттік тілдің талабына сай қайта жазып, күнделікті өмірде екі тілдің қосарлануын жойып, қазақ тіліне жол ашу аса қажет.

Шынына келгенде, қазіргі күндері баласының ағылшын тілін білгеніне қарсы ата-ананы қолға шырақ алып жүріп табу қиын шығар. Ал әлі тілі еркін шықпаған, ата-аналары да өз тіл-дерін білмейтін, тіпті қазақ тілінде сөйлегісі келмейтін ұл-қыздарымызға балабақшадан бастап, бастауыш мектептің

бірінші сыныбынан ағылшын тілін оқытудың жай-жапсары жөнінде бірауыз сөз жоқ. Себебі мәселелердің жағдайын зерделеу министрлік үшін тиімсіз. Өйткені оның нәтижелері өздерінің мақсаттарына қайшы келуі мүмкін.

Сөз соңында, Қазақстаннан өзге кез келген өркениетті елдің азаматтары өз елінің мемлекеттік тілінде сөйлейді. Ал біз осыдан ширек ғасырдай уақыт бұрын Тәуелсіздікке қол жеткізсек те, тіл саясатында көңіл көншітерліктей нәтиже жоқтың қасы. Алаш арысы Мұстафа Шоқай: «Ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігі болуы мүмкін бе? Тарих ондайды көрген жоқ та, білмейді де. Ұлт азаттығы – ұлттық рухтың нәтижесі. Ал ұлттық рухтың өзі ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі аясында өсіп дамиды, жеміс береді», - деген екен. Шынында да, ұлттық рух тамаша қасиеттерге ие етумен бірге өз ұлтыңды шынайы тануға, өз халқыңның алдындағы өз борышыңды жоғары сезіне түсуге көмектеседі», - деп түйіндеген [58].

Бұл ұсынысты фиолсофия ғылымының докторы, профессор Амангелді Айталы және басқада ғалымдар қоштап, мемлекеттік тілді бұзғаны үшін жауапкершілікті енгізу керектігін ұсынып отыр.

Сонымен қатар, қазақ тілінің бүгінгі жағдайын, Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды жүзеге асыратын прокуратура органдары да атап өтуде.

Мысалы, 2010 жылы Парламенттің мәжілісінде «Мемлекеттік тіл - ел бірлігінің факторы» - атты конференция өтті.

Сол конференцияда «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңның қолданылуы мен жетілдіруне қатысты Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары М.А. Жүргенбаев айтқан баяндамасына қысқаша тоқталсақ: «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңының қабылданғанына 13 жылдан астам уақыт өтті, осыған қарамастан мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдарда қазақ тілін қолдану деңгейі жақсара түспеді.

Аталған Заңның ережелерін іске асыру мақсатында мемлекет басшысы тілдерді дамытудың, олардың қолданылу аясын кеңейтуге бағытталған мемлекеттік бағдарламасын бекітті. Үкімет, өзге де орталық және жергілікті органдар осы мақсатта белгілі бір іс-шаралар өткізді. Оларды іске асыру үшін ел бюджетінен жыл сайын елеулі қаражат бөлінеді. Мәселен, егер 2001 жылы тілдерді дамытуға 100 миллион теңге бөлінсе, 2008 жылы 5 миллиард теңге бөлінді. Жалпы, мемлекеттік тілді дамыту бойынша мемлекет қабылдаған шараларға қарамастан, оның қолдану аясын кеңейтудің белсенді үрдісі туралы айтуға болмайды.

Прокурорлардың тексерулерімен анықталғаны, бұл:

- мемлекеттік органдар мен мекемелерде мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту бойынша жұмысты ұйымдастыру төмен деңгейдегісі;
- басшылық тарапынан қызметкерлердің мемлекеттік тілді меңгеру дәрежесіне және оны күнделікті қызметте қолдануға жеткілікті көңіл бөлінбейтіндігі;

- осының салдарынан іс жүргізу мен құжат айналымының 75% ресми (орыс) тілде жүргізілетіндігі.

Мысалы, кейбір өңірлерде халыққа қызмет көрсететін мемлекеттік мекемелер өздерінің күнделікті қызметінде мемлекеттік тілді қолданбайды, тек қазақ тіліндегі маңдайшаларды, тақтайшаларды және түрлі-түсті ақпаратты орнатумен ғана шектеледі.

Мемлекеттік тіл курстарын өткен қызметкерлер іс қағаздарды және құжаттарды қазақ тілінде жүргізбейді, сондай-ақ оны одан әрі зерделеу бойынша ешқандай шара қолданбайды.

Мұның себебі мемлекеттік мекемелердің жекелеген басшылары мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту жөнінде жұмыс жүргізбеуі, оны басым қызмет ретінде көздемеуі, тек тексеруші уәкілетті органға есепті формальды түрде берумен айналысуы болып табылады. Мәселен, көптеген мекемелер 2-3 жыл бұрын іс қағаздарын мемлекеттік тілге көшірдік деп есеп берсе де, қазіргі уақытқа дейін аудармашылар қызметін пайдалануды жалғастыруда.

Мемлекеттік қызметке үміткерлер үшін қазақ тілін білуге тестілер формальды түрде өткізіледі.

Бірыңғай тіл саясатын қалыптастыру үшін мемлекеттік органдар мен басқа да мекемелер күш-жігерінің үйлестірілуін арттыру керек екенін атап өту қажет. Парламент осы уақытқа дейін қазақ тілінде әзірленген тек бір заң қабылдаған, ол «Халықтың көші-қоны туралы» Заң. Егер Үкімет болашақта заң жобаларын мемлекеттік тілде ұсынатын болса, онда бұл іс-әрекеттер оң әсер етеді және осы үрдістің одан әрі дамуына ықпал ететін болады.

Тілдерді қолдану саласындағы заңдылықтың бұзылуының негізгі себептері:

Біріншіден, мемлекеттік қызметкерлерге, олардың басшылығымен қазақ тілін меңгеру бойынша қажетті талаптар қойылмайды.;

Екіншіден, заңнамада құқық бұзушының жауапкершілігі және оны тарту тетігі көзделмеген.;

Осының салдарынан, осы уақытқа дейін «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңның талаптарын бұзғаны үшін бірде-бір мемлекеттік орган жауапқа тартылмаған, өйткені мұндай жауапкершілік заңнамада мүлдем көзделмеген.

Мемлекет басшысы мемлекеттік тілді оқытуды оқу орындарынан, атап айтқанда балабақшалар мен мектептерден бастау қажет екенін ерекше атап өтті. Осыған қарамастан, мұндай ұйымдарда тілдерді оқыту формальды түрде жүргізіледі, ал соның салдарынан мемлекеттік қызметке мемлекеттік тілді қолдануға қабілетсіз азаматтар келеді.

Қорытындылай келе, мемлекеттік тілдің қолданылу аясын одан әрі кеңейтуге бағытталған келесі мәселелерге назар аударғым келеді:

Біріншіден, мемлекеттік тілді оқытудың жаңа тиімді әдістерін әзірлеу қажет;

Екіншіден, мемлекеттік тілді оқытатын ұйымдардың жауапкершілігін күшейту, сондай-ақ олардың сертификаттарды формальды беру фактілерінің жолын кесу;

Үшіншіден, тиісті педагогикалық мүмкіндіктері, кадрлық құрамы және жұмыс тәжірибесі бар арнайы институттарға мемлекеттік тілді оқыту құқығын беру;

Төртіншіден, заң жобаларын қазақ тілінде әзірлеуге қабілетті мамандар дайындау;

Бесіншіден, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңның талаптарын өрескел бұзатын адамдарды жауапқа тарту тетігін көздеу;

Алтыншыдан, мемлекеттік тілді қолдану қажет кәсіптерге, мамандықтар мен лауазымдарға белгілі бір көлемде және біліктілік талаптарына сәйкес тізбесін әзірлеу.

Аталған мәселелерді шешу кезінде ғана мемлекеттік органдарда қазақ тілінде құжат айналымын тиісті деңгейде жүргізуді қамтамасыз етуге болады» [69].

Туған тілдің тағдырына толғанған тіл жанашырлары мен ұлт зиялылары мемлекеттік тілдің мәртебесін сараптай келе, билік басындағыларға қазақ тілі мәртебесін көтеру бойынша үндеу жолдағанды тоқтатпаған.

Соның бірінде, Қазақстан Республикасының Конституциясында жазылған 7-баптың 2-тармағына қатысты. Қазақстанда қазақ тілімен орыс тілі-ресми тіл тең қолданылады деген бапты алып тастамай қазақ тілі дамымайды делінген. Мемлекеттік органдарда, департамент және басқармаларда мемлекеттік қызметкерлер қағаз жүзінде ғана оқытылған. Оның дәлелі мекемелерде бұйрықтардың бәрі орыс тілінде жазылған және сол тілде сөйлеседі. Әлі күнге дейін Парламент, Мәжіліс, Сенат депутаттары заң жобаларын орыс тілінде дайындап, қазақ тіліне аударып отыр. Сондай-ақ, Жоғарғы оқу орындарындағы студенттердің жартысынан көбісіне білім-орыс тілінде жүргізіледі. Ал, Астана қаласындағы орыс мектептерінде мемлекеттік тілдің жүргізілу барысы, сапасы өте төмен [70].

Саясаткер Дос Көшімнің Abai.kz ақпараттық парталына берген сұхбатында: «менің көзім жеткен бір ақиқат бар. Осыдан 28 жыл бұрын қабылданған «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңды қайта қарау қажет. Ол заңды қайта жазатын кез келді. Ескі заң біздің аяғымызға байланған кірдің тасы секілді. Оны бұлай сүйретіп жүре беруге болмайды. Осыдан алты жыл бұрын бірнеше ұйымдармен бірігіп, «Мемлекеттік тіл туралы» заңды дайындап, Парламентке ұсынған едік. Парламент «мұны қабылдауға әлі ерте», - деп тайқақтап шыға келген. Сол заңды Парламентке қайтадан ұсынуымыз керек. Қазіргі заң біздің елді қостілді етуді көздейді. Бұл заңмен жүре берсек, қазақ тілі жанама, аударма тілі болып қала береді. Мемлекеттік тіл үстемдікке ие болуы үшін бел шеше кірісетін уақыт келді деп ойлаймын», - деген. [71].

Қазақ ұлтын басқалардан өзгешелендіріп тұратын өзіндік этностық басты белгісі – тілі екені ақиқат. Сондықтан өзін Қазақстанның азаматымын деп санайтын әрбір азамат мемлекеттік тілді білуі шарт.

2. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ДЕҢГЕЙІ.

2.1. Құқық қорғау қызметіндегі жедел іздестіру шараларын, тергеуді және іс қағаздарды жүргізу тілі, оның электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесіндегі пайдаланылуы, проблемалары және оларды шешу жолдары

Біз, Конституцияны, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзімізді еркіндік және теңдік мұраттарына берілген қоғам деп ұғына отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып, 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылдадық.

Конституцияның 7 және 93 баптарына сәйкес, Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл - қазақ тілі және ол Республиканың бүкіл аумағында тікелей қолданылады. Үкімет, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, арнаулы заңға сәйкес, Қазақстан Республикасының барлық азаматтары мемлекеттік тілді еркін әрі тегін меңгеруі үшін қажетті ұйымдастырушылық, материалдық және техникалық жағдайдың бәрін жасауға міндетті [1].

Осы талаптар «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңында көзделген. Сонымен қатар, аталаған заңның 23 бабы бойынша тілдің дамуы мемлекеттік тілдің басымдығын және іс қағаздарын жүргізуді қазақ тіліне кезең-кезеңмен көшіруді көздейтін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарымен қамтамасыз етіледі [2].

«Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» мақсаты - Қазақстанда тұратын барлық этностардың тілдерін сақтай отырып, ұлт бірлігін нығайтудың аса маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілдің кең ауқымды қызметімен қолданысын қамтамасыз ететін үйлесімді тілдік саясат.

Оның негізгі міндеттерінің бірі - мемлекеттік тілді қолданудың мәртебесін арттыру және оған сұранысты арттыру.

Осы құжат қоғам өмірінің барлық саласында тілдерді дамыту мен қолданудың және мемлекеттік тілді кең ауқымды қолдану үшін жағдай жасауда туындайтын өзекті проблемаларды шешудің нормативтік-ұйымдастырушылық негізі болып табылады [3].

Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаев: «Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторы болып табылатын қазақ тілінің одан әрі дамуы үшін барлық күш-жігерімізді салуымыз керек», - деп атап көрсеткен болатын.

Ел бірлігі доктринасында мемлекеттік тіл ұлттық және рухани бірліктің басты факторы, шешуші басымдығы ретінде айқындалған. Оны меңгеру әрбір азаматтың міндеті мен парызы болып табылумен қатар, жеке бәсекеге қабілеттілігі мен қоғамдық өмірге атсалысудағы белсенділігін айқындайды.

Демек, мемлекеттік тіл мәртебесі мен басымдығын арттыратын, іс қағаздардың қазақ тілінде жүргізілуін қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық актілер бар.

Алайда, іс жүзінде құқық қорғау органдарында қазақ тілі қолданыстан тыс. Мемлекеттік тіл тек ілеспе хат денгейінде қолданылып, негізгі құжат мәтіні орыс тілінде дайындалады, жиын, жедел отырыстар орыс тілінде жүргізіледі, тапсырмалар, ақпараттар т.б. орыс тілінде беріледі. Жедел тексеріс іс-шараларын жүргізу және сотқа дейінгі тергеу тілі орыс тілімен басым қамтылған.

Мемлекеттік органдар тарапынан тіл саясаты мен заңнамалар талаптары жеткілікті ескерілмей, заңға қайшы әрекеттер орын алып, заң талаптары бұрмаланып, коллизия тудыратын нормативтік құқықтық актілер қабылдануда.

Мысалы, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодекстің 30-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасында қылмыстық сот ісін жүргізу қазақ тілінде жүргізіледі, сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар ресми түрде орыс тілі, ал қажет болған кезде басқа тілдер де қолданылады.

Қылмыстық процесті жүргізетін орган істі орыс тілінде немесе басқа тілдерде жүргізу қажет болған кезде сот ісін жүргізу тілін өзгерту туралы уәжді қаулы шығарады [72].

Бұл құқықтық норма «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 24 бабы 3 бөлігіне сәйкес нақты мағынаны қамтып тұр [73].

Сонымен ҚР ҚПК-ің талабы бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу қазақ тілінде жүргізіледі, істі орыс тілінде немесе басқа тілдерде жүргізу қажет болған жағдайда, қылмыстық процесті жүргізетін орган сот ісін жүргізу тілін өзгерту туралы уәжді қаулы шығарады.

Яғни, қылмыстық процесті жүргізетін орган келесі сотқа дейінгі тергеп-тексеру әрекеттерін (сот ісін жүргізу тілін өзгерту туралы қаулы шығарғанға дейін) міндетті түрде қазақ тілінде жүргізуі керек:

- қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыз, хабар сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізіліміне тіркеу (179 бап 1 бөлігі негізіндегі баянаттар);

- сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыру кезінде хабардар ету (мысалы, 179 бап 1 бөлігіне сәйкес сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталғаны туралы бір тәулік ішінде прокурор хабардар етілуі және т.б.);

- тергеушімен өз қаулысымен істі өзінің іс жүргізуіне қабылдау (60 бабының 2 бөлігі);

- сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыру кезінде кейінге қалдыруға болмайтын тағы басқа жағдайлардағы әрекеттер [72].

Ал тәжірбиеде, құқық қорғау органдар қызметкерлері сотқа дейінгі тергеп-тексерулерді орыс тілінде басым жүргізіп, ҚР ҚПК-нің талабын өрескел бұзуда және ол үшін ешкім жауапкершілікке тартылмауда.

Аталған әрекеттер Қазақстан Республикасында берік тіл саясатының жоқтығына дәлел, тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаев айтқандай: «Қазақ тіліне кедергі жоқ, тек кедергі болып отырған өзіміз!», - деген пікірі орынды.

19 ғасырда О. Бисмарк: «Қауқарсыз заңдар мен қарымды шенеуніктер арқылы елді басқару мүмкін болар-ау, алайда, қауқарсыз шенеуніктермен ешқандай заң да көмектесе алмайды», - деген екен.

Сондықтан, құқық қорғау органдарының қызметкерлері Кодекс талабын қатаң сақтауы қажет, сақталмаған жағдайда жауапкершілікке тартуды көздеу қажет.

Екінші мәселе коллизия тудыратын нормативтік құқықтық актіге қатысты.

Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында (Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы N 858 Жарлығы), ұлттық құқықтың уақыттың жаңа талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында ХХІ ғасырдың перспективаларына сай келмейтін құқықтық догмалардан түпкілікті арылып, мемлекеттің норма түзушілік және құқық қолдану қызметін одан әрі жетілдіру қажет делінген.

Сонымен қатар, отандық құқықтық жүйенің бәсекеге қабілеттілігін арттыра түсу үшін қолданыстағы заңнаманы жүйелеу, заңнама салалары бөлігінде одан әрі топтастыру; оны ескірген және қосарлас нормалардан арылту, құқықтық реттеудегі олқылықтардың орнын толықтыру, қолданыстағы құқықтағы ішкі қайшылықтарды жою; заңдардағы сілтеме нормаларды азайту және Конституцияға сәйкес заңнамалық актілер қабылдана алатын мәселелер аясында тікелей қолданылатын заңдарды қабылдау практикасын кеңейту жөніндегі жұмысты жалғастыру қажет деп көрсеткен.

Тұжырымдаманың 5 тармағына сәйкес ұйымдастырушылық-құқықтық сипаттағы іс-шаралармен тығыз байланысты мәселелердің бірі заңгерлік білім мәселесі болып табылады. Қоғамға және мемлекетке адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қорғауға бағдар ұстанған және патриоттық бағыттағы жаңа сипаттағы заңгерлік кадрлар керек. Нақ осындай тәсіл заңгерлік білім жүйесінің негізі болуға тиіс [74].

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңының Конституцияға сәйкестігі жөніндегі» қосымша Қаулысында 2, 3-тармақтарына сай, мемлекеттік

ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында мемлекеттік тіл - қазақ тілі мен ресми түрде пайдаланылатын орыс тілінің тең қолданылуы бұл соңғысына екінші мемлекеттік тіл мәртебесі берілетінін білдірмейді.

Мемлекеттік тіл мәртебесінің үстем болуы оның жария-құқық саласында қолданылуының айрықшылығы, не басымдылығы Конституцияда баянды етіліп, заңдарда белгіленуі мүмкін екендігін білдіреді.

Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан тыс жерлерде, атап айтқанда, мемлекеттік және қоғамдық маңызы бар іс-шаралар (қабылдаулар, ассамблеялар, съездер, конференциялар, дөңгелек үстел отырыстарын) өткізу кезінде қазақ және орыс тілдерінің тең қолданылуын белгілемейді, ал Конституцияның 7-бабының 2-тармағында пайдаланылған "тең" термині мұндай іс-шараларға қатысты емес. Республика Конституциясы әркімге өз қалауы бойынша қарым-қатынас тілін таңдап алу құқығын береді. Бұл орайда, ынталандыра отырып, мемлекет мемлекеттік тілге, оның дамуына, мемлекеттік-құқықтық реттеу саласын ғана емес, қоғамдық қатынастардың басқа да барлық салаларын қамтып, қолданылуына қамқорлық жасауға тиіс [5].

Яғни, мемлекеттік органдарда (оның ішінде құқық қорғау органдарында, сот жүйесінде және т.б.) мемлекеттік тілдің қолданылу аясына үстемділік беруге болады және ол басқа тілдердің статусын бұзбайды.

Алайда, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 13 нормативтік қаулысы, Қазақстан Республикасы қылмыстық-процестік кодексінің 30 бабының 2 тармағын ескермей, мемлекеттік тіл мәртебесінің үстем болуына қарамастан орыс тілінің басымдылығына жол беріп тұр [75].

Нақтырақ айтсақ, жоғарыда көрсетілгендей, ҚР ҚПК-нің 30 бабының 1, 2 тармақтарында, Қазақстан Республикасында қылмыстық сот ісін жүргізу қазақ тілінде жүргізіледі, сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар ресми түрде орыс тілі, ал қажет болған кезде басқа тілдер де қолданылады. Қылмыстық процесті жүргізетін орган істі орыс тілінде немесе басқа тілдерде жүргізу қажет болған кезде сот ісін жүргізу тілін өзгерту туралы уәжді қаулы шығарады делінген [72].

ҚР ҚПК-тің 7 бабына сүйенсек:

Қылмыстық процесті жүргізетін орган – сот, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде прокурор, тергеуші, анықтау органы, анықтаушы.

Қаулы – соттың үкімнен басқа кез келген шешімі, анықтаушының, анықтау органының, тергеушінің, прокурордың қылмыстық іс бойынша іс жүргізу барысында қабылдаған шешімі [72].

Демек, ҚР ҚПК-сі қылмыстық процесті жүргізетін органға (құқық қорғау органдарға, соттарға) істі басынан қазақ тілінде жүргізуді міндеттеп отыр, ал басқа тілде, соның ішінде орыс тілінде істі жүргізу үшін қаулы шығару қажеттігін көрсетіп тұр.

Ал жоғарыда көрсетілген Жоғарғы сот нормативтік қаулысы негізгі нормативтік құқықтық акті – ҚР қылмыстық-процестік кодекстің 30-бабының 2 тармағын жоққа шығарып, коллизия туғызып тұр.

Атап айтқанда, Қаулының 2 тармағы: «Қазақстан Республикасында сот ісі қазақ тілінде жүргізіледі, қазақ тілімен қатар ресми түрде орыс тілі, ал қажет болған жағдайларда басқа да тілдер қолданылады», - деп жалпы норманы көрсетіп, Кодекстің 2 тармағының нақты міндетін көрсетпеген [75].

Нәтижесінде осы Қаулыға сәйкес, қылмыстық процесті жүргізетін орган істі сот жүргізу тілін өзгерту туралы қаулы шығармай орыс тілінде жүргізуге құқық беріп тұр.

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4 бабы 2 бөлігіне сәйкес Қазақстан Республикасы заңнамасы жүйесінің тұтастығы Қазақстан Республикасының Конституциясында және осы заңда бекітілген нормативтік құқықтық актілер сатысын сақтау арқылы қамтамасыз етіледі [73].

Жоғарыларды ескерсек, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 13 нормативтік қаулысына өзгертулер енгізуге негіз бар.

Сондақтан ҚР ҚПК-нің 30 бабындаға талаптар мағынасы өзгермей аталған қаулыға толығымен ену керек.

Мемлекеттік тіл тек ілеспе хат денгейінде қолданылып, негізгі құжат мәтіні орыс тілінде дайындалуды жою керек.

Ол үшін «Ұлттық ақпараттық технологиялар» акционерлік қоғамы «электрондық үкіметтің» және басқада ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторы ретінде барлық мемлекеттік органдарға жүйелік-техникалық қызмет көрсету барысында, кез-келген негізгі құжаттың мәтіні, оған тіркелген, не қосымша құжаттардың мемлекеттік тілмен қамтылғанын қамтамасыз ету қажет.

Осылайша олар жоғарыда көрсетілген Конституция, заңдар мен басқада құқықтық нормативтік актілердің талаптарын мемлекеттік органдар қызметкерлері тарапынан сақталуын қамтамасыз ете алады.

Осы жерде ресми деректер сапасына тоқталып кетсек.

«Көзбояушылық» статистикадан шындық деректерге көшуіміз керек. Осы күнге дейін құзыретті органдардың есептері бұрмаланып келеді.

Құзыретті органдардың ресми ақпараттарына жүгінсе, бізде қазақ тілі қарқынды даму үстінде, мемлекеттік тілде құжат айналымы 80-94% кем емес.

Мысалы, «Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінің ақпараты бойынша: халықтың мемлекеттік тілді меңгеруі жыл сайын зерттеу нәтижелеріне сәйкес оң динамикасын көрсетіп, 2016 жылы олардың үлесі 82,3% құрады. 2016 жылдың қорытындысы бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдардағы мемлекеттік тілдегі құжат айналымының үлесі 91% құрады. Ал қазақ тіліндегі БАҚ контентінің үлесі 71% артқан» [79].

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінің ақпараты бойынша: 2017 жылы мемлекеттік тілді меңгерген халықтың үлесі 83,1% құрады, ал 2016 жылы әлдеқайда аз болды. 2017 жылдың қорытындысы бойынша мемлекеттік тілдегі құжат айналымының үлесі 92% құрады. Ақпарат және коммуникация министрлігінің деректеріне сәйкес бұқаралық ақпарат құралдары контентінің қазақ тіліндегі үлесі 72% құрайды» [77].

«2018 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша мемлекеттік тілдегі жалпы құжат айналымының үлесі 93% құрады. Оның 91% орталық атқарушы органдарда, 95% жергілікті атқарушы органдарда және 46% ұлттық компанияларда», -деп Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінің өкілі ҚР Үкіметінің отырысында баяндаған [78].

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің 2014 – 2018 жылдарға арналған Стратегиялық жоспарында: «Мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілде іс жүргізу үлес көлемі құжат айналымының жалпы көлемі 84% құрайды», - деп, мемлекеттік тілдің басымдығына арналған көптеген іс-шаралар атқарылғандығы көрсетілген. Бұл министрліктің жоспары Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1551 қаулысымен бекітілген [43].

Мұндай әр жылғы мемлекеттік тілдің үлесінің ұлғайғандығы, оның басымдылығы, қазақ тіліндегі іс жүргізу құжат айналымының 80% асып жыл сайын артып бара жатқандығы туралы әр деңгейдегі есептер жеткілікті.

Бұл ақпараттар Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны орындау мақсатындағы жасалған:

1) мемлекеттік тілді меңгерген тұрғындардың үлесін (2016 жылы – 80 %, 2017 жылы – 83 %, 2018 жылы – 85 %, 2019 жылы – 90 %);

2) мемлекеттік тілді В1 деңгейінде меңгерген мектеп түлектерінің үлесін (2016 жылы – 70 %, 2017 жылы – 80 %, 2018 жылы – 90 %, 2019 жылы – 100 %);

3) мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарындағы қазақ тіліндегі контенттің үлесін (2017 жылы – 70 %, 2018 жылы – 71 %, 2019 жылы – 72 %);

4) қазақ тілінің реттелген терминологиялық қорының үлесін (2013 жылы – 20 %, 2016 жылы – 60 %, 2017 жылы – 75 %, 2018 жылы – 90 %, 2019 жылы – 100 %);

5) тұрғындардың ономастикалық комиссиялардың жұмысындағы шешім қабылдау процесін талқылау кезінде қоғамдық қолжетімділік пен ашықтық қағидаттарының сақталуы бөлігінде қанағаттанушылық дәрежесін (2013 жылы – 60 %, 2016 жылы – 75 %, 2017 жылы – 80 %, 2018 жылы – 81%, 2019 жылы – 82 %);

6) этномәдени бірлестіктер жанындағы қазақ және ана тілдерін оқытатын курстармен қамтылған этностардың үлесін (2013 жылы – 60 %, 2016 жылы – 70 %, 2017 жылы – 73 %, 2018 жылы – 78 %, 2019 жылы – 80 %);

7) республикадағы ағылшын тілін меңгерген тұрғындардың үлесін (2013 жылы – 10 %, 2016 жылы – 22 %, 2017 жылы – 23 %, 2018 жылы – 25 %, 2019 жылы – 27 %);

8) республикадағы үш тілді (мемлекеттік, орыс және ағылшын) меңгерген тұрғындардың үлесін (2013 жылы – 10 %, 2016 жылы – 20,5 %, 2017 жылы – 22 %, 2018 жылы – 24 %, 2019 жылы – 25 %) ұлғайту [80].

Бағдарламаның кейбір индикаторларының толық орындалғанына күмән туғызатын факторлар бар. Солардың кейбіреулеріне тоқталып кетсе болады.

Мысалы Ғалым Ә. Нысанбаеваның пікірінше: «Тілдердің функционалдық арақатынасын нақты анықтауда мемлекеттік тілдің лайықты орын ала алмауы тіл саясатын одан әрі жүргізудегі негізгі қиындыққа алып келіп отыр. Іс жүзінде орыс тілі мемлекеттік тілдің қолданылу деңгейінде, ал қазақ тілі керісінше ресми тіл деңгейінде. Қалыптасқан тілдік жағдайды өзгерту үшін қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беру жөнінде кең ауқымды мемлекеттік саясат жүргізу қажет. Бұл мәселе 1996 жылы Қазақстан Республикасының тіл саясаты тұжырымдамасында: «қабылданып жатқан шараларға қарамастан, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін әзірше толық көлемде іске асыру мүмкін емес. Себебі оның жаппай зерделеу мен пайдалануды қамтамасыз ететін тетікпен жеткілікті көлемде бекітілмегендігі. Сондықтан мемлекеттік тілде іс жүргізу және қызметтік қарым-қатынас екінші сипатқа ие», - деп белгіленген [81].

Қ. Қазақпаев: «Тіл саясатының қанағаттанғысыз іске асырылуының себебін өз уақытында қабылданған Тілдерді дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламалардың орындалмауын көреді (1990, 2001, 2011 жж.). Автор бұрынғы бағдарламаларды орындауға жауаптылар тым көп болды деп санайды, «тым көп аспаз сорпаны бұзады», - деген атпен белгілі нақыл сөздер сияқты болмас еді. Бүгінгі күннің биіктігінен ол шын мәнінде солай болды деп айтуға болады», - деп ойын қортқан [81].

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары М.А. Жүргенбаев: «мемлекеттік органдар мен мекемелерде мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту бойынша жұмысты ұйымдастыру төмен деңгейдегісін; басшылық тарапынан қызметкерлердің мемлекеттік тілді меңгеру дәрежесіне және оны күнделікті қызметте қолдануға жеткілікті көңіл бөлінбейтіндігін; осының салдарынан іс жүргізу мен құжат айналымының 75% ресми (орыс) тілде жүргізілетіндігін» 2010 жылы Парламенттің мәжілісінде баяндаған [69].

Жоғарыдағы жағдайға өзімнің 18 жылдан астам мемлекеттік қызметтегі тәжірбием дәлел (оның 17 құқық қорғау органының әр саласында болса, 3 жылы әкімшілік мемлекеттік қызметте). Өзім істеген мемлекеттік қызметте жалпы құжат шамамен 70-80% орыс тілінде дайындалады, ал негізгі мәтіні 90% жуық десем қателеспеспін. Қазақ тілі тек (шаблонды) ілеспе хат түрінде жүреді. Тек ілеспе хаттың мәтінін ұжымдағы қазақ тілін білетін бір-екі қызметкер үш-төрт сөйлемін өзгертіп келістіріп отырғаны болмаса. Көп басшылар құжатты қазақ тілінде дайындап әкелсен: «Мынау не, түк

түсініксіз, бар орысша жазып алып кел деп қайтарып жібереді, немесе қазақша түсіндіре бастасаң, түсінбей, қиналып кетеді. Амалсыздан орысша түсіндіресің, құжатты орысша дайындайсың».

Міне бүгінгі қазақ тілінің шынайы денгейі.

Осы тұста 2010 жылы шыққан бір мақаласын келтірсе өте орынды: «Қазақстан Үкіметінің жобасына сәйкес, 2020 жылға қарай елдің әрбір ересек тұрғыны қазақ тілінде сөйлеуі тиіс. Алайда, жекелеген сарапшылардың пікірінше, мұндай мақсатты жүзеге асыру үшін көп уақыт қажет болуы мүмкін.

Шілде айында Тілдерді дамыту бағдарламасының жобасын ұсына отырып, мәдениет министрлігі былай деп мәлімдеді: «Кеңес уақытында, тіпті кейде қазір де қазақ тілінде тілдесу орыс тілін білмеудің, артта қалудың белгісі деп саналды. Ал енді біз осы теріс стереотиптерді бейтараптандырып, қазақ тілін білу табыстылықтың, бостандықтың, кемелдіктің және кәсіби артықшылықтың белгісі екенін түсінуіміз керек».

Ұлыбритания Бристол университетінің докторлық дәрежесін алуға үміткер Катарина Бак «Евразиянет» басылымына берген сұхбатында: «Қазақ тілінде сөйлейтін қазақ ұлтының өкілдері қазақ тілі мен мәдениеті негізінен тек «сөзбен» ғана алға жылжып келе жатқандығына алаңдаушылық білдіреді. Қазақстан үкіметі олардың ой-пікірлеріне құлақ асуы керек».

Және бұл дауыстар оданда қатты шығуда: «Бізде Қазақстанда қазақ тілі өзіне лайықты мемлекеттік тіл дәрежесінде емес», – деп атап өтті Болатхан Тайжан атындағы қордың президенті Мұхтар Тайжан. Саяси шешімдер институтының семинарында ол қазақ тілін үйренуге «мәжбүрлеу тетігін» әзірлеуге шақырды.

«Ұлт тағдыры» қозғалысының көшбасшысы Дос Көшім бұл ұстанымды құптап: «Мотивацияға келсек, менің ойымша, егер адамда 20 жыл ішінде қазақ тілін үйренгісі келмесе, ол ешқашан үйренбейді, - дейді ол. Егер біз құқықтық мемлекет болып табылсақ, оған заң қабылдау қажет» [82].

Сол кездегі мемлекеттік тіл мәртебесі туралы заң қабылдау керектігі, мемлекеттік тілді бұзғандығы үшін жауапкершілікті енгізу туралы, істердің бәрі «сөзбен» жылжып келе жатқандығы туралы қанша айтылса да жүзеге аспағанды.

Осындай жағдайда біз Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасымен қойылған индикаторларға жету ауыр:

1) латын графикалы әліпбиді пайдаланатын жазбаша коммуникацияға қатысушылар үлесі: 2022 жылы – 10 %, 2023 жылы – 20 %, 2024 жылы – 30 %, 2025 жылы – 50 %;

2) мемлекеттік тілді меңгерген халықтың үлесі: 2020 жылы – 90,5 %, 2021 жылы – 91 %, 2022 жылы – 92 %, 2023 жылы – 93 %, 2024 жылы – 94 %, 2025 жылы – 95 %;

3) мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарындағы қазақтілді контенттің үлесі: 2020 жылы – 74 %, 2021 жылы – 75 %, 2022 жылы – 76 %, 2023 жылы – 77 %, 2024 жылы – 78 %, 2025 жылы – 79 %;

4) үш тілді (қазақ, орыс және ағылшын) меңгерген халықтың үлесі: 2020 жылы – 26%, 2021 жылы – 27%, 2022 жылы – 28%, 2023 жылы – 29%, 2024 жылы – 30%, 2025 жылы – 31% [3].

Оған бірінші кезекте мемлекеттік тілдің заң жүзінде қауқарсыздығы, жауапкершіліктің жоқтығы, соның салдарынан тіл саясатының дәрменсіздігі, оқу құралының жетіспеушілігі, ғылымның әр саласы бойынша сөздіктің жетіспеушілігі, тағы басқа себептер болып тұр.

Жауапкершілік көздеу ұтымды жол. Бірақ бұл мәселе жауапкершілік енгізумен түзеле қоймайды. Ол үшін жан-жақты кешенді жұмыс атқару қажет.

Еліміздегі тіл саясатын қайта қарап, түбегейлі іс-шаралар жүргізу керек. Конституцияға, тілге қатысты заңнамаларға, Кодекстерге, басқада нормативтік құқықтық актілерге тиісті өзгертулер мен толықтырулар енгізу керек (*негіз алдыңғы тарауда көрсетілді*).

«Қазақстан Республикасының Ұлттық құндылықтары туралы» Заң қабылдап, оны бұзғаны үшін жауапкершілік көздеу керек. Сонымен қатар «Қазақ тілі академиясын» құру қажет.

С.Торайғыр: «халық өз тағдырын өзі жасайды. Бұл үшін оған ұйқыдан оянып, ілгері жүру және басқа халықтар сияқты даму керек!».

Сондықтан оянатын кез келді, жеке өміріне қарағанда ел қамын басты мақсат тұтқан қазақ халқының асыл перзенттерінің үмітін ақтаған жөн.

2.2. Тіл саясатының жаңа талаптарын ескере отырып, құқық қорғау қызметінде тілдерге қатысты заңнамаларды бұзғаны үшін құқықтық жауапкершілік мәселелері.

2018 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының ЮНЕСКО мекемесі жойылып кету қаупі бар әлем тілдерінің жаңартылған атласын жариялады.

Атласты құрастырушылар тілдер біздің мәдениетіміздің, ұжымдық жадымыздың және құндылықтарымыздың жол серігі болып табылады делінген.

Олар біздің бірегейлігіміздің маңызды компоненті және біздің сан алуандылығымыздың құрылыс блогы және тірі мұра екендігін көрсеткен.

Дегенмен, бүгінгі таңда 6000 тілдердің жартысына жуығына жойылып кету қаупі төніп тұр.

2002-2003 жылдары ЮНЕСКО халықаралық лингвистер тобына, тіл саясатын әзірлеу, оған қажеттіліктерді анықтау, тиісті шаралар қабылдау,

және тілдің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында тілдің өміршеңдігін анықтау шеңберін әзірлеуді өтінген болатын.

Олар келесідей тоғыз өлшемдер әзірледі:

1. Тілді ұрпақтан ұрпаққа жеткізу.
2. Сөйлеушілердің абсолюттік саны.
3. Осы тілде сөйлейтін адамдар санының этникалық топтың жалпы санына қатынасы.
4. Тілді қолдану аясын өзгерту.
5. Тілді қолданудың жаңа салалары.
6. Ана тілінде оқу материалдары мен сауаттылық деңгейі.
7. Тілді ресми мәртебе мен пайдалануды қоса алғанда, тілге қатысты үкіметтік және ресми ұстаным мен саясат.
8. Тиісті этно тілді топ мүшелерінің тіліне қатынасы.
9. Осы тілдің құжаттардағы деңгейі [83-84].

Әрине ана тілдің жағдайын бағалау үшін ешқандай фактор жеткілікті емес. Алайда, бұл тоғыз фактор тілдің өміршеңдігін анықтай алады және оны сақтау немесе жандандыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасында осы өлшемдердің 4, 5, 6, 7 және 9-тармағында көрсетілген факторларға қатысты үлкен іс-шаралар жүргізу қажеттігі туындап тұр.

Эвенк елінің ақыны Алитет Немтушкин:

«Егер мен туған тілімді ұмытсам,
Туған әндерімді ұмытсам,
Маған көз бен құлақтың қажеті не?
Менің тілімнен пайда не?
Егер мен жердің иісін ұмытсам,
Оған қызмет етпесем,
Қандай пайда менің қолымнан?
Неге мен осы әлемде өмір сүремін?
Егер менің анамның соңғы сөздері
Эвенкиде болса?

Менің тілім әлсіз, әлі кедей деген

Ақымақ идеяға қалай сенемін?», – деп ана тіліне деген жанашырлық білдірген [84].

Ана тілінің қамқоршыларына, олардың сол кездегі ұсынған ұтымды реформаларына тоқталып, соңынан солардың идеаларына сүйеніп, ұсыныс берген жөн.

XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының арасында тіл мәселелеріне арналған еңбектер жазып, термин жасау ісіне айрықша атсалысқан тұлғалардың бірі, Алаш қозғалысының қайраткері, белгілі ғалым-ұстаз – Халел Досмұхамедұлы. Ол тіл саласындағы еңбектері негізінен емле, фонетика, термин, әліпби, әдеби тіл, жер-су аттары, аударма, түркі тілдерінің тарихы, көне сөздердің мағыналарын, этимологиясын ашуға арналған.

Оның 1922 жылы алғаш жарияланған «Қазақ-қырғыз тілдеріндегі сингармонизм заңы», - деп аталатын еңбегі күні бүгінге дейін құндылығын жоймаған аса маңызды зерттеу деп саналады.

Ең алдымен, Халел Досмұхамедұлы қазақтың ғылым тілін қалыптастырудың маңызын терең түсініп, бұл іске саналы түрде араласқан ұлт зиялыларының бірі. «Қазақ тілі – ғылым жолына шалынбаған, сөздері ғылым іретіне қарай жөндікпеген тіл. Сондықтан қазақ тілін ғылыммен таныстырып, ғылым жолына салатын заман келді», – деп жазады ғалым.

Ол осы пікірі арқылы сол кезеңде ұлттық ғылым тілінің қалыптаспағанын мәселе етіп көтере отырып, қазақтың ғылым тілін қалыптастыратын уақыттың жеткенін айтады.

«Жануарлар» атты еңбегінің алғыс сөзінде ол бұдан әрі былай деп жазады. «Ғылымды өз тілімізге аударғанда, ең керегі ғылым тіліндегі атауларды (термин) дұрыстап түсінікті қылып аудару. Ғылым тіліндегі қолданылған атауларды қазақ тіліне дұрыстап түсінікті қылып аудару – өте қиын жұмыс. Ғылым атауларына келісті ат тағу деген алғашқы уақытта қыйын болса да, өте мұқтаж нәрсе. Сөздің жүйесін келтіріп, көркем қылып жазу да керекті нәрсе. Ғылым атауларына ылайықты ат қою алғашқы уақытта тым мұқтаж, бүтін ілгері болашаққа жол салатын нәрсе; сондықтан алғашқы жазылған кітептерде, әсем қылып, сөздің жүйесін келтіріп жазудан көрі, ғылым атауларына ылайықты атақ тағу жағын қарастыру керегірек дейміз».

Бұл жерде ғалым терминдерді ұлт тіліне дұрыс аудару керектігін айта отырып, ғылыми стилді қалыптастыру мәселесіне көңіл бөлу керектігін алға тартады. Оның «сөздің жүйесін келтіріп, көркем қылып, әсем қылып жазу керек», - деп отырғаны – шығарылатын кітаптардың тілі, стилі де дұрыс болуы тиіс дегені. Алайда ғалым алғашқы кезде кітаптардың стилінен гөрі ғылыми ұғымдарға атау беріп, терминдерді жасап алу (ылайықты атақ тағу) маңызды, басты мәселе деп атап көрсетеді. Бұл да істің мәнін терең түсініп, бірінші кезекте тұрған мәселені, екінші, үшінші орынға шығаруға болмайтынын, алдымен неден бастау қажеттігін айқындап отырған білікті маман сөзі [86].

Ол «Қазақ тілі тексеріліп болған жоқ. Біз жат тілдерге қызығуды қойып, әуелі өз тілімізді дұрыстап тексеруіміз керек. Шындап тексерсек, қазақ тілінің өзінен пәнге жарайтын көп сөздер табылады», – деп жазды. Оның «Қазақ тілінен табылмаған сөздерді басқа түріктерден алу керек», - деген сөзі де, қазақ білімпаздарының екінші съезінде ресми бекітілген терминология қағидаттарының бірі.

Халел Досмұхамедұлы шет тілдерінен термин қабылдаудың, кірме терминдерді жазудың жолдарын ұсынды. Ол өзінің «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» атты белгілі еңбегінде былай деп жазады: «Осы күнгі қазақтың әдебиетінде шеттен кірген сөздер көбейіп кетті. Төңкерістен кейін шыққан журнал-газеталардың іші толған жат сөз. Білім, оқу әдебиеті де жат сөзге байыды. Заманымыздың көркем әдебиетіміз де жат сөзден құр емес. Оқушыға да, үйренушілерге де, үгіттеушілерге де, жазушыға да, білімдіге де,

шешенге де, ақынға да жат сөзсіз күнелте алмайтын заман туды. Топан судай қаптап тілімізді жат сөздер басып бара жатқан мезгілде ескерілмей, ұмытылуға айналған тіліміздің бір негізгі заңын еске салғымыз келеді» [86].

Ғалым тілде болып жатқан құбылысты, кірме сөздер тасқынының күшейгенін айта отырып, бұл үрдістен шет қалу мүмкін болмайтын уақыт туындады дейді. Ол өзге тілдерден сөз қабылдағанда өз тіліміздің заңдылықтарын сақтауды ең басты мәселе ретінде көтереді.

Ол кірме түбірлерді өзгертпей қабылдауға қарсы, оларды қазақ тілінің заңдарына сәйкестендіріп алуды ұсынады. Ол еуропа халықтары, орыс халқы терминдерді өзге тілдерден қалай алып отырғанын да мысал етіп көрсетті. «Аурупа жұрты латын сөздерін термин қылып қолданғанда бұлжытпай алып отырған жоқ, әр сөзді әркім өз тіліне бейімдеп өзгертіп қолданып жүр, сөзді өзгерткендер әрқайсысы өз тілдерінің заңымен өзгертеді», - деген ғалым пікірінен оның ізденіс ауқымының кеңдігін, жан-жақты білімділігін аңғаруға болады.

Одан әрі ғалым сөз етіп отырған мәселеге қатысты өз ойын былайша сабақтайды. «Аурупа сөздерін орыстың айтуынша қолданып жүрміз. Бұл дұрыс емес. Аурупа сөзін асыл нұсқасынан алып, өзгертіп қолдану керек.... Күнбатыс Аурупа сөздерін алғанда түбірін тексеріп, шамадан келгенше сөзді түпкі иесінің сөйлеуіне жақындатып алу керек. Сөз франсоздікі болса, франсоздың айтуына, немістікі болса, немістің айтуына жақындатып алу керек. Көпке дейін аурупамен біздің арамызға орыс тілі дәнекер болады. Орыстар Аурупа сөздерін өзінше өзгертіп алады. Мұны үнемі ұмытпасқа керек. Аурупа сөздерін орыс арқылы алғанда өте сақтық керек. Аурупа сөзін орыс өзгертіп, орыстың өзгерткенін біз тағы өзгертсек, ақырында Аурупа сөзі танымастай болып кетіп, аурупаша да болмай, орысша да болмай шатақ болуы мүмкін».

Ғалымның сонау 20-жылдары айтқан бұл пікірі бүгін де құнын еш жойған жоқ. Өкінішке қарай, шет тілдерінен термин алудың аса бір нәзік тұсын дәл аңғара білген ғалымның білімдарлықпен айтылған осы пікірі ескерілмей келді.

Біздің көп уақытқа дейін еуропа халықтарының сөздерін қабылдауда орыс тіліне жүгінетінімізді ол сол кезде-ақ болжай білген.

Ғалымның «Жат сөз тілдің заңына бағынбаса сіңбейді, қазаққа мұра бола алмайды», - деген сөзінің өміршеңдігін уақыт өзі дәлелдеп отыр. Өзгеріссіз қабылданған сөздердің терминқорымызға еніп, біз оларды жатқа біліп, жаппай қолданып жүргенімізге елеулі уақыт өтсе де, тілімізге сіңісер емес.

Х.Досмұхамедұлы терминологиялық жұмыстарды ұйымдастыру жолдарын ұсынып, бұл іске айрықша атсалысқан зиялылардың бірі. Ғалымның өткен ғасыр басындағы терминологиялық жұмыстарды ұйымдастыруға қатысты пікірлері бүгінге дейін құнын жойған жоқ. Ол қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезінде терминология мәселелерін талқылауға қатысты жарыссөзде былай дейді: «Пән сөздерін қабылдау реті мынадай болу

керек: бүтін қазақ халқы үшін жалғыз Білім кеңесі болу керек. Ол Білім кеңесінің жанында әр пәннің мамандарынан сайланған кемесиелер болу керек. Пән сөздер әуелі тиісті кемесиенің сынына түсіп, оның қабылдап алған сөздері баспасөз жүзінде жарияланып, көптің талқысына түсуге тиіс, ол пән сөздер сонан соң ғана барып Білім кеңесінің қарауына түсіп, бекіліп шығуға тиіс».

Елдің тілін бұзатын – көршілес елдердің мәдениетін үлгіге алған мәдениетті елдердің әсері. Елдің тілі бұзылуына ең алдымен оқығандары себеп болады. Бұлар жат әсерлерге бағынғыш келіп, ана тілін өзгертуге жол басшы болады.

Ғылыми ұғымды дәл бейнелеп, тіл тұтынушыларының көңілінен шыға қоятындай термин жасау – тілді жетік білуді, шығармашылық шеберлікті, көп ізденісті қажет ететін өте күрделі шаруа. Ғалым оны жақсы түсінді [86, 87].

Белгілі ғалым Халел Досмұхамедұлының идеаларын бүгінгі зиялы қауым өкілдері де қолдау көрсетуде.

Мысалы, математика ғылымының кандидаты, филология ғылымының докторы Шерәлі Біләл: «Қазақ тілін реформалау мен ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағытын өзгертуді ұсынды». Мұндай ауқымды істерді ойдағыдай орындап шығу үшін Институтты іске бейімдеу қажет. Ол үшін институтты құрылымдық тұрғыдан қайта құру қажет.

Бүгінгі күн талабына сай мынадай құрылымдық бөлімдер болуы орынды:

1. Лексикография.
2. Тәржіма.
3. Математикалық лингвистика.
4. Компьютерлік лингвистика.
5. Реформа.
6. Қоғамдық лингвистика.
7. Терминология.

Осы аталған ғылыми бағыттық бөлшектеулерге келесідей түсінік берген. Лексикография дегенде сөздіктер шығару ісінің маңыздылығына көңіл бөлу. Тәржіма дегенде аударма ісінің аса қажетті де әрқашанда актуалдылығына мән беру. Математикалық және компьютерлік лингвистика салалары дегенде сырттан басшы мамандарды шақыру арқылы жолға қою. Ал қоғамдық лингвистика дегенде ғылымының халықпен байланысын арттыру. Терминология болса, тілбілім атауларын Ахмет Байтұрсын ілімі негізінде қалыптастырып, сол үлгіні өзге ғылымдарға нұсқа ретінде ұсыну.

Осы алға қойған мақсат-міндеттерді ойдағыдай атқару арқылы мемлекеттік тіл мәселесін түбегейлі шешеміз. Яғни, мемлекеттік тіл мәселесінің шешімі ғылымға тіреліп отыр.

Шашылып келген қаржыны бір бағытқа тура бағыттауға мүмкіндік туады және латынға көшу арқылы біз бұл істі жеделдетеміз.

Кешегі Кеңестік дәуірде ондай қажеттілікті орыс тілі өтейтін. Өзге тілдер, оның ішінде қазақ тілі сияқты орыс тіліне байланып қалған тілдер, өзіне қажеттіні те қажетсізді де содан алатын. Бүгінде, мемлекеттігіміз нығайып, әлемдік аренаға құлаш тұрған заманда, әр елмен тікелей қатынас орнаған тұста, түпнұсқадан алып іске жарату – үйреншікті амалға айналуы шарт» [85].

«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», - дегендей біздей өзге тілге деген қамқорлық еш мемлекетте жоқ шығар сірә. Ал өз ана тілімізге келгенде іс шала тәрізді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 7, 93-баптарында және «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңның 4, 23-баптарында, Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл - қазақ тілі, ол қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі делінген. Үкімет, өзге де мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар мемлекеттік тілді барынша дамытуға, кең ауқымды қызметімен қолданысын қамтамасыз етуге міндетті.

Негізгі міндеттердің бірі - мемлекеттік тілді қолданудың мәртебесін арттыру және оған сұранысты арттыру.

Алдыңғы тарауда көрсетіп кеткендей, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңының Конституцияға сәйкестігі жөніндегі» қосымша Қаулысының 2 тармағына сәйкес, мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады деген конституциялық норма орыс тіліне екінші мемлекеттік тіл мәртебесі берілетінін білдірмейді.

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде конституциялық жолмен баянды етілуінен келіп шығатыны, қазақ тілі Қазақстан мемлекеттілігін айқындайтын факторлардың бірі болып табылады, оның егемендігін рәміздейді және Қазақстан халқының бірлігін білдіретін, Республиканың конституциялық-құқықтық мәртебесінің элементі болып табылады.

Мемлекеттік тілдің жоғары саяси-құқықтық мәртебесі оның жария-құқық саласында қызмет етуінің айрықшалығы не басымдылығы Конституцияда баянды етіліп, заңдарда белгіленуі мүмкін екендігімен расталады: Республика Президенті мен Парламенті Палаталары төрағаларының мемлекеттік тілді міндетті түрде еркін меңгеруі; мемлекеттік рәміздерде тек қана қазақ тілінің пайдаланылуы; мемлекеттік органдардың мөрлері мен мөртаңбаларындағы атауларының, мемлекеттің егемендігін айқындайтын мемлекеттік белгілердің (шекара бағандарында, кеден атрибуттарында және т.б.) қазақ тілінде жазылуы; мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құқықтық актілері мен өзге де ресми құжаттарының мәтіндерін қағазда және өзге де тасымалдауыштарда орналастырғанда, мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының ресми тұлғалары көпшілік алдында сөз сөйлегенде;

мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының ресми бланкілері мен басылымдарында; ұлттық валютада және өзге де мемлекеттік бағалы қағаздарда; Республика азаматының жеке басын куәландыратын құжаттарда, мемлекет атынан берілетін өзге де құжаттарда, сондай-ақ мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметімен байланысты өзге де салаларда қазақ тіліне басымдылық берілуі.

Дегенімен, мемлекеттік органдар тарапынан қазақ тілінің кең ауқымды қолданысын қамтамасыз етуге, оның мәртебесін арттыруға бағытталған іс-шаралар тиімсіз болып отыр.

Құқық қорғау органдары мен басқада мемлекеттік органдарда мемлекеттік тіл тек ілеспе хат деңгейінде қолданылады, ақпарат айналымы орыс тілінде басым қамтылған.

Құқық қорғау органдарында осындай жағдай орын алып отырғанын ескеріп, басқа мемлекеттік органдарға, мемлекеттік емес ұйымдарға, тіпті заңды тұлғалар мен жеке тұлғаларға талап қою қиын.

Демек, елімізде мемлекеттік тілге қатысты қолданыстағы нормативтік құқықтық актілер жеткіліксіз. Бұл жағдайдың орын алуына себеп болып отырған бірқатар мәселелер бар.

Біріншіден алдыңғы тарауда көрсетілгендей, Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңына, Кодекстерге, басқада заңнамалар мен нормативтік құқықтық актілерге тиісті өзгертулер мен толықтыруларды еңгізу керек.

Екіншіден «Ұлттық ақпараттық технологиялар» акционерлік қоғамы барлық мемлекеттік органдарға жүйелік-техникалық қызмет көрсету барысында, кез-келген негізгі құжат мәтінінің, оған тіркелген, не қосымша құжаттардың мемлекеттік тілмен қамтылғанын қамтамасыз ету үшін жаңа бағдарламалар мен талаптар орнату керек.

Үшіншіден, қазақ тілінің мәртебесін тұрақтап көтеретін заң жоқ!

Бұл жерде тамырын тереңдететін ауқымды шара жүргізу қажет.

Американдық экономист Лоуренс Харрисонның «Әр ұлттың өзінің құтқару жолы бар: бұл ұлттық құндылықтар», [91] - деп айтқан сөзін бүгінде бүкіл әлем қолдап отыр.

Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаев: «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында, «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай. Бірақ, ұлттық кодымды сақтаймын деп бойыңдағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, жегесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық. Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды», - деп атап кеткен [88].

Кезінде француз отары болған Марокко елінің тарихшысы Абдулла Лауридің «Отарлаушылар біздің ішкі жан-дүниемізді тонап, жаратылыс сыйлаған табиғи таным-қабілетімізден ажыратты. Өзімізді қанша тәуелсізбіз десек те, бәрібір қараңғылық құрсауынан құтыла алар емеспіз», [103] - деген жан айқайы қазіргі біздің душар болып отырған күйіміздің көрінісі сияқты.

Өткен ғасыр халқымыз үшін қасіретке толы болды, оның жарасы осы күнге дейін жазылмай келеді, оған дәлел жастардың басым көпшілігі қазақша қарым-қатынасқа қызығушылығын жоғалтуы. Бұл өте қауіпті.

Қаладағы қазақ мектептері мен бала-бақшаларындағы оқушылар, бүлдіршіндердің басым көпшілігінің қоңырау кезінде өзара орыс тілінде қарым-қатынасқа түседі, атаналарымен орыс тілінде сөйлеседі.

Ана тіл, ұлттық салт-дәстүрлер мен мәдениетіміз мәңгі сақталуы тиіс. Ол үшін мемлекет тарапынан пәрменді шаралар қолданылуы қажет, осылайша ұлттық кодты сақтап алуға болады.

Пәрменді шаралардың негізі ретінде «Қазақстан Республикасының Ұлттық құндылықтары туралы» заң қабылдау қажет.

Осы заңда ең басты құндылықтардың бірі ретінде қазақ тілінің мәртебесі мен үстемділігін көздеу қажет.

Ұлттық идеология мен тіл саясатын ұтымды жүргізетін жаңа орган ретінде «Қазақ тілі академиясын» құрып, оның функциясы мен құзыретін заңда белгілеу қажет.

Сонымен қатар, бұл заңда тарихи тамыры тереңде жатқан, ұлтымыздың жоғары бағаланатын қасиеттері: ұлттық салт-дәстүрлеріміз, әдет-ғұрыпымыз бен мәдениетіміз ұлттық код ретінде енгізілуі қажет.

Төртіншіден, елімізде қазақ тіліне, заңда көзделген ұлттық құндылықтарымызға қатысты заңнамаларды бұзғаны үшін жауаптылық көзделмеген.

Айтарлық, Әкімшілік құқық бұзушылық кодекстің 75-бабында жалпы тіл туралы заңнаманы бұзған үшін жауапкершілік көзделген.

Бірінші бөлігінде лауазымды адамның тіл білмеуін уәж етіп жеке және заңды тұлғалардың құжаттарын, өтініштерін қабылдаудан бас тартуы, сондай-ақ оларды мәні бойынша қарамауы үшін жауапкершілік көзделсе, үшінші және бесінші бөліктерінде деректемелер мен көрнекі ақпаратты орналастыру жөніндегі талаптарды бұзу мен жеке тұлғалардың тіл таңдау құқықтарын шектеу, тілдік белгілері бойынша кемсіту бойынша жауапкершілік көзделген [89].

Қылмыстық Кодекстің 145-бабында адамның (азаматтың) құқықтары мен бостандықтарын тегіне, әлеуметтік, лауазымдық немесе мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне, қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына байланысты себептермен немесе кез келген өзге де мән-жайлар бойынша тікелей немесе жанама шектеген үшін жауапкершілік көзделген [90].

Мұндай жағдай мемлекеттік тілдің кең ауқымды қолданысын камтамасыз ететін үйлесімді тіл саясатының дәрменсіздігіне алып келері анық.

Сондықтан жоғарыда көрсетілгендей «Қазақстан Республикасының Ұлттық құндылықтары туралы» Заң қабылдап, оның талаптарын бұзғандығы үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік көздеу керек. Яғни, Әкімшілік құқық бұзушылық кодекс пен Қылмыстық кодекске «Қазақстан Республикасының Ұлттық құндылықтары туралы» Заңды бұзғандығы үшін арнайы баптар енгізу арқылы жауапкершілік көздеу қажет.

Ал құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында тәртіптік жауапкершілікке тарту тәжірбиесін қолға алу - басты шарт.

Ол үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдардың, соттың және басқада мемлекеттік ұйымдардың ережелеріне «Қазақстан Республикасындағы Ұлттық құндылықтар туралы» Заңын бұзғандығы үшін тәртіптік жауапкершілікті көздеу қажет.

Бесіншіден, мемлекеттік қызметкерлерді мемлекеттік тілді меңгеріп, іс жүзіндегі атқарған жұмысының нәтижесі туралы талаптар бағалау критерийіне енгізілуі керек.

Алтыншыдан, мемлекеттік қызмеке үміткер тұлғаға қойылатын негізгі талаптың бірі - мемлекеттік тілді еркін меңгеруі болу керек. Оны тексеретін қатаң ауызша және жазбаша сынақ енгізу қажет. Сынақ процесі жариялы ашық түрде өту керек, яғни ниет білдірген кез-келген тұлға оны көруге мүмкіндігі болуы керек.

Жетіншіден, еліміздің бүкіл халқын игі істерге жұмылдыратын, жігерлендіретін, көркейтуге, күшті ел жасауға ұмтылдыратын рух, идеология болуы керек.

Ол үшін елімізде тікелей Президентке бағынышты «Қазақ тілі академиясын» құру керек. Д. Қонаев: «Адам өзін жанкүйерлермен емес, идеяларды өзгерте алатын ақылдылармен қоршау керек», - деген ұстанымындағы Академия басшысын Президент тағайындау керек.

Бұл өте маңызды шара.

Мысалы көп ұлтты Ресей Федерациясында тілге қатысты екі заң қабылданған: біріншісі «Ресей Федерациясы халықтарының тілдері туралы» заң болса, екіншісі «Ресей Федерациясының мемлекеттік тілі туралы» Заң, яғни орыс тілі туралы.

Соңғы заңның қолдану шеңбері біріншісіне қарағанда ауқымдырақ және бүгінгі күні биліктің бақылауымен толық орындалып келеді.

Сонымен қатар, Ресей Федерациясы Президентінің жанында орыс тілі жөніндегі кеңес құрылған.

Ресей билігі орыс тілі әлемде ең танымал және кең тараған тілдердің қатарында болуына қарамастан, оған осыншама көңіл беруі кездейсоқ емес.

Олар орыс тілі - әлемдік мәдени мұраның сөзсіз бөлігі болуына, орыс тілі арқылы өз идеологиясын, саясатын жүргізуді, ықпал етуді көздеп отыр.

Дәл осындай оңтайлы саясатты Ресей ғана емес, бүкіл дамыған мемлекеттер ұстануда («Бүкіл әлемдік ағылшын тіл комитеті», «Иврит тілі академиясы», «Францияның тілі академиясы» және т.б.).

Сондықтан біздің елімізде мемлекеттік идеологияны жүргізетін, текелей Қазақстан Республикасының Президентіне бағынышты басты орган - «Қазақ тілі академиясын» құру оңтайлы шешім.

«Қазақ тілі академиясының» басты міндеттерінің бірі ретінде ұлттық идеология мен мемлекеттік тіл саясатын ұтымды жүргізіп, ұлттық кодты сақтап қалуға бағытталған ауқымды іс-шараларды ұйымдастыруды жүктеу қажет. Сонымен қатар ол:

1. Қазақ тілінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған іс-шаралар жүргізу нәтижесінде азаматтар әр сала бойынша лексикалық, емлелік, стильдік, орфоэпиялық қателерсіз жазып үйренуі керек.

Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ тіліне қатысты нақты іс-шаралар азайып, саны көп, сапасы аз сөздіктер даярланды. Синтаксистік нормаларға сәйкес келмейтін сөйлемдер көбейіп, халықаралық терминдер қазақшаға сапасыз аударылды.

Олардың көбі мемлекеттік қызметкерге қажет болып жатқан жоқ. Ал қажеттісін пайдалану үшін талап қоятын қауқарлы заң жоқ.

Осылайша қазақ тіліміз орыс тілінің аудармасына, қазақша жансыз баламасына айналған жасанды тілге айналып бара жатыр.

Басқа елдердің тәжірбиесіне сүйенсек, сөздерді қайта жаңғырту, ана тілде жоқ халықаралық сөздерді аудару оңай шаруа емес.

Еуропа елдерінің тілдерінен орыс тілі арқылы ана тілімізге енген терминдік атауларды қайта қарастыру керек, себебі оларда орыс тілінің заңдылығы сақталған.

Сондықтан терминалогияда ғалым Халел Досмұхамедұлының басқа зиялы қауымның бір ғасыр бұрынғы ұсыныстарын ескеру керек. Яғни, қазақ тілінен табылмаған сөздерді басқа түркі елдердің аудармаларын сәйкестікке қарау, не асыл нұсқасынан алып, өзімізге ыңғайлатып өзгертіп қолдану керек. Ұмытылған көне қазақ тілін заманға сәкес енгізуді де қарастыру керек. Осылайша терминологиямызды жүйелеп, жаңа ұғымдар мен терминдердің көпшілікке түсінікті, әрі жеңіл қылып тарату керек.

Оқулықтарды жаппай шала аудармадан айырылып, сала бойынша кешенді аудармаға көшу қажет. Бақылау барысында анықталған шала оқулықтардың авторларына қатысты шара қолдануды қарастыру керек.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Ж. Тоқаев: «Отбасында ана тілінде сөйлеп өскен бүлдіршіннің тілге деген ықыласы терең, құрметі биік болады. Осы тұрғыда, балабақшаларда, мектептерде мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруді назарда ұстау қажет. «Біз мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру бағытындағы жұмыстарды үздіксіз жалғастыра береміз», - деп атап өткен [92].

Ұлттың сапасын жаңғырту білім беруге тығыз байланысты екенін әу бастан білген А.Байтұрсын бір ғасыр бұрын өз идеяларын ұсынған: «...әр

халыққа керегі – өз дінінің, тілінің, жазуының сақталуы. Солай болған соң бастауыш мектеп, әуелі миссионерлік пікірден, политикадан алыс боларға керек, яғни қазақтың діні, тілі, жазуы сұмдық пікір, суық қолдан тыныш боларға керек. Әуелгі үш жылда балалар кілең қазақша оқу керек». «Әуелі біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастауымыз керек. Неге десек, болыстықта, билікте, халықтық та оқумен түзеледі. Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде, оқумен түзеледі» [93].

Герольд Бельгер: «Мені тағы бір мәселе ашындырады. Ауылдан келген жас қыздар бірден орыс тіліне көше қояды. Тіпті өзара қарым-қатынаста да. Олар бірде бір бесік жырын білмейді. Ал олардың бәрі болашақ ана ғой. Егер, әйел-ана басқа тілге, басқа мәдениетке көшсе, меніңше, бұл ұлттың жойылуы. Әйел бәрін сақтауы керек: ошағын, тілін, ұлттық, аналық тегін, әйтпесе, бәрінен айрыласың», - деп орынды айтқаны бар [94].

Сондықтан балаға тәрбие мен білімді ең алдымен ана тілімізде беруіміз керек.

Жапон, Израиль, Испания сияқты тағы басқа мемлекеттерде 5-7 сыныпқа дейін мектептегі барлық пән тек өз ана тілінде беріледі.

Ана тілінде тәлім алып өскен бала қоршаған ортаны ең алдымен өз тілінде танып біледі. Ол бала қазақша ойлайды, олай ойлаған бала отанын сүйгіш, құрметтегіш келеді.

Сондықтан «Қазақ тілі академиясы» балабақшадан бастап жоғарғы сыныпқа дейін білім беру мемлекеттік тілде жүргізілуін қамтамасыз ету керек.

Жоғары оқудағы қазақ топтары артқанымен, ондағы пәндердің біразы орыс тілінде өтіп келеді.

Филология ғылымының докторы, профессор Дандай Ысқақұлы: «Жаһандандудың басты міндеттерінің бірі – ана тілінен, сол себепті де ұлттық тамырынан ажырап қалған мәңгірттерді, ұлтынан жеріген, өздерін ұлттан жоғары санайтын космополиттерді, ешқандай ұлтқа жатпайтын, жатса да оны білмейтін, бойында көптеген ұлттардың қаны, болмысы бар «жаңа адамды» тәрбиелеп шығару. Қазір батыстың бүкіл ақпарат құралдары, білім, тәрбие беру жүйелері осы мақсатқа жұмылдырылған».

Біздіңше, балаға шет тілін бала бақша түгіл, бастауыш сыныптарда да оқытуға болмайды. Өйткені А.Байтұрсын ескерткендей, «Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген, ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай жүйесімен тізсе, әрине, ол нағыз қазақша болып шықпайды. Сондай кемшілік болмас үшін әр жұрт баласын әуелінде өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі ана тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқытуға тиіспіз.

Кеңестік кезеңдегі және одан кейінгі дәуірдегі тіл саясатын зерттеген В.М.Алпатовтың анықтауынша, адамның ойлау қабілеті сол ұлттың тілі

арқылы ғана алғашқы мүшелде, яғни 13 жасқа дейін қалыптасады. Жас баланың бойындағы ген арқылы тұқым қуалап келе жатқан ойлау жүйесін сол негізде ана тілі арқылы ары қарай жалғастырса, ол баланың ойлау қабілеті тез жетіледі. Ал енді ойлау жүйесі әлі қалыптаса қоймаған жас балаға өзінің бойында бар ген арқылы келе жатқан ойлау жүйесіне сәйкес келмейтін тілді оқытса, ол баланың бұрыннан тұқымында келе жатқан ойлау жүйесі бұзылып, жаңа тілге негізделген жаңа ойлау жүйесі пайда бола бастайды.

Адамның қай тілде сөйлеуі немесе қандай музыка тыңдауы оның бүкіл физиологиялық, рухани жағынан дамуына тікелей әсер етіп, оның өмірдегі орнын анықтайды.

Сөз бен ойдың, сөйлеу мен ойлаудың, сол сияқты ойлаудың өз кезегінде адамның тәнімен, жанымен тығыз байланыстылығы адамның тіл мәдениетін жетілдіріп, тән сұлулығы, жан сұлулығы жарасқан, жан-жақты жетілген жарасымдылықты қамтамасыз етеді. Ғалымдар кей адамдардың дұрыс сөйлей алмауы, не болмаса кекештенуі сияқты кемшіліктерді оның ойлау жүйесіндегі, не болмаса психикасындағы ақаулармен, яғни денсаулығымен тікелей байланыстырады. Адамның қай тілде сөйлеуі, қай тілде ойлауы сияқты әдетте байқала бермейтін нәрселердің өзі ғасырлар бойы белгілі бір ұлтқа жатып, белгілі бір тілде сөйлеген адамдардың сыртқы бет әлпетінен бастап, бүкіл физиологиялық құрылымын қалыптастырып, денсаулығына, мінез-құлқына, жалпы адами болмысына әсер ететіндігін көпшілік қауым біле бермеуі мүмкін.

Шет тілін, көп тіл білуді міндет қылмай, қажеттілігіне қарай үйренген жөн.

Ал енді екі тіл қатар оқытылғанда, екі тілде қатар сөйлегенде екі тілдегі ойлау жүйесі де қатар жұмыс істеп, бір-біріне кедергі жасайды. Қазақша сөйлеп тұрған адамның кей кездерде орыс тілін араластырып жіберетіндігі – осы екі тілдік ойлау жүйесінің қатар келіп, бір-біріне кедергі келтіретіндігінің нақты көрінісі. Екі тілдік ойлау жүйесі жұмыс барысында бір-біріне кедергі келтіріп, нәтижесінде адамның ойлау қабілетінің дамуына айтарлықтай нұқсан келтіретіндігін ғалымдар айтып жүр.

Сонымен, бүгінгі күндері Қазақстанның білім беру жүйесінде жүзеге асырылып жатқан «қостілділік», «үш тұғырлы тіл», - дегендеріміз байқамаса, яғни ғылыми негізде жүргізбесе, тікелей ұлттық тілдің жойылуына, оның артында тұрған ұлтсыздыққа, ұлттың жойылуына алып баратын қаупі бар екендігі әрдайым есте болғаны жөн», - деп есептейді [95].

3. Құнды кітап – халық қазынасы, ол оқырманға құнды ақпарат жеткізіп, оны рухани сусындырады, ғылымға, білімге жөн сілтейді және тәрбиелейді.

Алайда, қазіргі кезде кейбір тарихи кітаптар керісінше зиян тигізуде.

Мысалы, осы кезде кез келген қазақтың үйіне қонақ болып барсаң, үйінің төрінде өз руына арналған тарихи кітап тұрады. Оны алып оқысаңыз, грамматикалық және техникалық қателерді ескермегенде, ол оқырман

көзқарасын теріс айналдыратын, негізсіз, жалған және дәлелсіз ақпаратқа толы.

Оны оқып өскен жас боз бала «трайбализм» ауруына жас тайынан шалдығып, негізсіз жазылған «фантастиканы» шындыққа теңеп, сол үшін ұрыс-керіске дейін баруға дайын. Әрине, бұл санатқа жалпы тарихқа қатысты барлық кітаптарды жаппай жатқызуға болмайды. Дегенімен осындай деңгейдегі кітаптар баршылық.

Сондықтан, тарихи кітаптар, еліміздің идеологиясына әсері бар басқада ғылым салалары бойынша, сол сияқты шет тілінен аударылған еңбектер «Қазақ тілі академиясының» мақұлдауымен баспаға берілуін қарастыру керек.

«Қазақ тілі академиясы» рұқсатынсыз жарияланған кітаптің авторына және басылым басшылығына ескерту жасау, қайталанған жағдайда әкімшілік жауапкершілікке тарту мәселесін де қарастырған жөн.

4. Бұқаралық ақпарат құралдары (әсіресе сананы жаппай манипуляциялауға көшкен кейбір Ресей және басқа елдердің БАҚ), интернет, әлеуметтік желілер (ватсап, фейсбук, телеграмм, инстаграмм және т.б.) қазақ тілінде жүргізілуі және ондағы ақпараттың ұлттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін қатаң тексеру.

Мемлекеттік тілдің төменгі деңгейіне бұқаралық ақпарат құралдары (әсіресе сананы жаппай манипуляциялауға көшкен кейбір Ресей және басқа елдердің БАҚ), интернет ресурстары, әлеуметтік желілер (ватсап, фейсбук, телеграмм, инстаграмм және т.б.) белгілі әсерін тигізуде.

Ұлт мәдени бірегейліктің негізін қамтамасыз етеді және маңызды факторы болып табылады.

Қазіргі кезде мәдени бірегейлік бұқаралық ақпарат құралдары ұсынған әлеуметтік нормаларға адамдардың еліктеуімен анықталуы мүмкін, яғни адамдар әлеуметтік нормаларды бұқаралық ақпарат құралдары арқылы алады [96].

Адам өзінің ата-анасынан, бұқаралық ақпарат құралдарынан, қоғамдастықтан тапқан идеяларды қабылдайды.

Ал бүгінгі ұлттық радио мен телеарнада, түрлі жарнама, орыс тілінен сөзбе-сөз аударма немесе қалай болса солай жасалып жатқан тіл бұзу әрекеті.

Қазіргі жастар бұрынғыдай қазақша газет немесе журнал бетін ашпайды. Барлық қажетті ақпаратпен интернет ресурстарынан және әлеуметтік желілерден орыс тілінде сусынданады.

Орыс тіліндегі ақпарат көбіне қайнар көзінен ерекшеленіп, не бұрмаланып, не қысқа түрде беріледі. Оларды ақпараттың түпнұсқасымен салыстырса, көбіне өздереріне керек, идеологиясына сәйкес, орыс елін ұлықтайтын ақпарат аласыз.

Өкініштісі қазіргі заманда көптеген жастар елдің тарихи мәдениетіне емес, Кеңес Одағындағы идеологиядан қалған жат мәдениетке еліктеу қауіпі төніп тұр.

Сондықтан, БАҚ және әлеуметтік желілердің қазақ тілінде жүргізілуін қадағалау қажет. Шет ел БАҚ құралдарының ақпаратын халыққа сараптап, ұлттық идеологияны шайқамайтын, керекті, әрі пайдалы ақпараттарды ұсыну қажет, шет елдің үгіт-насихатына жол бермеу керек.

Әлеуметтік желілерді пайдалануда мемлекеттік тілдің үлесін ұлғайту қажет.

Ұлттық интернет-сегментті дамыту керек.

YouTube сияқты басқада танымал контенттердің қазақ аналогын енгізу керек және ұлттық әлеуметтік желілерді дамыту керек.

Гугл іздеу жүйесі кез-келген шет тілдегі интернет бетін орыс тіліне аударып беруді ұсынады. Осы сияқты басқа да мүмкіндіктерін қазақ тілінде пайдалану керек.

Мәдени аренаның әсер ету сипаты Интернеттің пайда болуымен өзгерді.

Бүгінгі күндері жаңа технологиялар ағыны және оған қол жетімділік жасөспірімдер мен жастарға әсер ететін зерттеулердің жаңа салаларын құрды.

Жаңа ұрпақ үшін сандық (цифрлік) өмір олардың үй өмірімен уйлесіп табиғаттың тағы бір элементі ретінде қабылданып келеді. Интернетті жастар жиі қолданып, ол өмірлік серігі болуда. Одна жастар тек ақпарат алып қана қоймай, өз өмірі туралы әңгімелейді, басқаларға ұсынатын контентті әзірлейді және оған басқалардың реакциясын бағалайды, солайша құрдастарының мақұлдауына тәуелділік өсуде. Олар байланысқан кезде (әрбір пост, сурет немесе бейне жүктегенде), өздерінің күнделікті істері мен өмірі туралы айтады, сол арқылы өздерінің кім екендігін анықтап, орнын айқындайды [97].

«Бүгінгі қазақстандық БАҚ - бұқаралық па?», - деген Ұшқын Сәйдірахманның El.kz сайтына берген мақаласында, БАҚ адамға бүгінгі күні қандай әсер беретіні туралы ашып жазған: «Интернет ресурстар, мультимедиялық құралдар тек халықты ақпараттандыру ғана емес, қоғам санасын манипуляциялау функциясын да қозғады. Сондықтан бұрын төртінші билік аталған БАҚ қазіргі уақытта «Soft Power»-ге айналды. Қазіргі уақытта елде төңкеріс жасау үшін ауыр артиллерияны, физикалық күшті, қару-жарақты пайдаланудың қажеті жоқ, тек сіздің позицияңыз бойынша ақпаратты біржақты беру, белгілі траекториямен халықтың санасын уландыру.

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігінің деректеріне сүйенсек, қазіргі уақытта елімізде 1156 газет және 1269 журнал, 285 электронды бұқаралық ақпарат құралы (оның ішінде 269 телерадиокомпания) тіркелген. Ал "Kaznic" Қазақ торап ақпарат орталығының 2018 жылғы қазан айындағы деректері бойынша kz және қаз домендерінің жалпы саны 142 430 жеткен. Бұл ресурстар оқырмандарына қандай контент ұсынып отыр және сұранысын қанағаттандырып отыр ма? Мен қазақстандық интернет ресурстардың аудиториясын анықтау

мақсатында сауалнама жүргіздім. Осы сауалнама нәтижесінде респонденттердің 63 % қазақ тілді интернет ресурстарды оқымайтынын, тек әлеуметтік желідегі кездескен кездейсоқ сілтемелерді көзі шалатынын айтты.

«Жалпы БАҚ-тың біздің санамызға әсерін мойындамауға болмас. Интернеттің барлық кеңістікті жойып, адамның психикалық және физикалық реалитеттеріне тікелей әсер ететін жаға кеңістік екенін ескерсек, оның пәрменін бағалау қажет. Осыдан бірнеше жыл бұрын-ақ мобильді журналистика назар аударатындай елеулі дүние болып көрінбесе, бүгінде оқырманға дәл жететін, оперативтілігінен озық тұратын жүйеге айналды. Бірнеше команда болып жасалған бейне роликтен де бір вайнердің жасаған вайны немесе вирал видеолары әлдеқайда өтімді. Неліктен дәстүрлі БАҚ өз позициясын жекелеген адамдарға, кезінде өзі оқырман болған блогерге, вайнерге немесе желінің белсенді пайдаланушысына жіберіп алды. Бұл жаңа медиаға бейімделе алмау ма әлде конвергенция кезеңінің кемшіліктері ме әлде аудитория сұранысының өзгеруі ме? Қазіргі уақыттың алдыңғы жүзжылдықпен салыстырғанда артықшылығы бұқаралық коммуникация құралдарының түрлерінің өзгеруі және олардың қолданатын тәсілдерінің түрленуі. Біздің қазіргі қоғамымыздың жалпы қоғамтану теорияларының біріне сүйенсек, ақпараттық қоғам аталуы да орынды. Оның негізі бар - ақпарат көптеген факторлар арқылы (ең алдымен саяси және экономикалық) күрес құралынан оның мақсатына айналып кетті. Ақпарат үшін көшбасшы елдер, ірі компаниялар, тұлғалар күресуде, және де дәл ақпарат көптеген конфликтер барысында шешуші рөл атқарады. Ақпарат нақтылы құндылығы бар әлеуметтік ресурсқа айналды» [98].

Сонымен қатар «Қазақ тілі академиясы»:

- ұлттық идеология мен мемлекеттік тіл саясатын ұтымды жүргізіп, ұлттық кодты сақтап қалуға бағытталған ауқымды іс-шараларды ұйымдастыруды;

- өмірдің барлық саласында (интернетте, бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде, білім беру саласында, ғылымның жаратылыстану, техника-математикалық, қоғамдық-әлеуметтік, гуманитарлық және басқада жаңа бағыттары бойынша, т.б.) қазақ тілін дамыту мен кең ауқымды қолданылуына байланысты өзекті проблемаларды шешу үшін нормативтік-ұйымдастырушылық жұмыстарды;

- мемлекеттік тілді оқытудың әдіснамасын жетілдіру мен стандарттауды;

- мемлекеттік тілді оқытудың инфрақұрылымын дамытуды;

- мемлекеттік тілді оқыту процесін ынталандыруды;

- қазақ тілінің лексикалық қорын жетілдіруді және жүйелеуді;

- тіл мәдениетін жетілдіруді;

- мемлекеттің барлық саласына қатысты қазақ тілінде терминалогиялар әзірлеуді;

- латындандыруды;

- терең тарихымызға қатысты кез келген еңбек тек осы Академияның қолдауымен ғана жарыққа шығуды және осы сияқты басқа да елімізге аса маңызды аспектілерді қамту қажет.

Қазақ тілін ғылым тіліне айналдыру керек, жастар мен ғылыми ізденушілер ең үздік оқулықтар арқылы әлемдік ғылымның соңғы жетістіктерімен өз ана тілінде танысу керек.

Ғылыми мақалалар мен басқада еңбектер қазақ тілінде жазылу керек, ал шет тілінде жазылған болса, оның мемлекеттік тілге аудармасын ұсынуды міндеттеу керек. Сөйтіп қазақ тілі ресми-іскерлік стиліне көшу керек.

«Қазақ тілі академиясы» өз қызметін бастағаннан еңбегі жемісті болса, елімізде ана тілде оқылатын сапалы материалдарда, терминдерде болады. Сонда ғана ана тіліміздің мәртебесі қағаз жүзінде емес шынайы өмірде тұғырлана түседі.

Осындай ауқымды шаралар жүргізу арқылы біз бұқаралық сананы өзгерте аламыз.

«Тілін білмеген түбін білмейді. Қазақ тілінің жоқтығы – қазақтың жоқтығы!». Сондықтан «құлдық» сезімнен айырылатын кез келді, ол үшін идеологиямызға сәйкес ұтымды, әрі пәрменді жұмыз жүргізуіміз басты міндет.

Р. Гамзатов айтқандай: «Егер ертең менің тілім жоғалса, мен бүгін өлуге дайынмын!» - дегендей, ұлттың санасын ояту қажет. Идеологияны ұтымды жүргізіп, құлдық сезімнен айырылатын кез келді. Мемлекеттік тіл мәртебесін, оның үстемдігін қамтамасыз ету – барлығымыздың басты міндетіміз!

2.3. Құқық қорғау қызметінде латындандыру процессінің қолайлы жақтары.

Қазақ жазушысы, аудармашы, публицист Герольд Бельгер: «Мен қазақ алфавитін өзгертуді қалайтын адамдардың бірімін. Латын қарпіне көшудің жолында жүрген адаммын. Мақсатым – латын әрпіне көшсек, Шығыс, оның ішінде түркі халықтарының басы қосыла ма деген ой. Қазақ қайсысын қабылдаса, қайсысын дұрыс деп есептесе, мен соған қолымды көтерем де, соның бағытымен кетем» [63].

Соңғы жылдары қоғамда қызу пікірталас тудырып жүрген келелі мәселелердің бірі қазақ жазуын кириллицадан латын әліпбиіне көшіру мәселесі.

Өткен ғасырдың алғашқы жылдары қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін көтеруге байланысты көптеген іс-шаралар жүргізілгенін алдында атап өттім. Сол кезеңдегі қазақ тілін латындандыру тарихта ерекше орын алады.

А. Байтұрсынұлы араб жазуының негізінде қазақ тілінің жазуын қалыптастыруды Кеңес билігінен бұрын қолға алды. Оның жасаған қазақ әліппесі 1915-1929 жылдар аралығында кең қолданыста болғандығы белгілі.

Жалпы, одақ бойынша ХХ ғасырдың 20-30-шы жылдары кеңестік лингвистика нәтижелі жұмыстар атқарды. Аз уақыттың ішінде ондаған жазу үлгілері дайындалды, көптеген тілдер алғаш рет ғылыми және қоғамдық-саяси салаларда, іс жүргізуде пайдаланыла бастады.

КСРО көлемінде 1920 жылдардың басында латын алфавитін насихаттау жұмыстары қолға алынды. Кириллицаны ұлттардың жазуына енгізу ұсынысына теріс пікір айтқан Е.Д. Поливанов латын алфавитіне ауысу туралы бастамаға қолдау білдірді. Ол ұлттардың жазуын латындандыру олардың бір-бірімен, сол сияқты, халықаралық жазумен жақындасуына қолайлы жағдайдың туатындығына тоқталды. Тілші-ғалымның пікірін саясатсыз, ғылыми тұрғыдан бағаласақ, шындығында латындандырудан ұлттар ұтылмас еді. Дегенмен, сол жылдары жаңа жүйеге бейімделіп келе жатқан әлсіз ұлттар үшін кез келген тәжірибелер тиімсіз болды. Ал, кеңестік билік жағдайында араб жазуын реформалау, оны латыншамен алмастыру идеясының туындауының саяси астарының болғандығы белгілі. Олардың ішінде араб жазуын, тіпті оның реформаланған нұсқасының өзін меңгерудің күрделілігі, ең бастысы өткеннің «артта қалған» мәдениетінен, оның ішінде исламнан алшақтау, Шығысты батыстандыру мақсаттары алғашқы орында тұрды.

Араб графикасын реформалау идеясынан Әзірбайжан алғашқы болып бас тартты. Ол елде латын алфавиті 1922 жылы бекітілді. Алғашқы кезде араб және латын алфавиттері тең дәрежеде пайдаланылды, тек 1925 жылдан бастап қана жаңа жазу бастауыш мектептерде міндетті болды. 1926 жылы Бакуде өткен І Бүкілодақтық түркітанушылардың съезінде резолюция қабылданады, онда барлық халықтарға Әзірбайжанның тәжірибесін игеру ұсынылады. Латындандыру идеясы одақтық үкіметтің қолдауына ие болып, С. Агамали-оглының жетекшілігімен жаңа түрік алфавитінің бүкілодақтық орталық Комитеті құрылады. Ол Комитет 1927 жылдың маусым айында Бакуде жұмыс жасай бастады.

Жаңа қазақ алфавитіне ауысуға негіз болған оқиға 1923 жылдың соңындағы Ташкент, Орынбор, Мәскеу қалаларындағы қазақ еңбекшілері мен оқушы жастардың баспасөз беттерінде араб алфавитіне қатысты жазылған қарсылықтары болып табылды.

Сол кезде қазақтың кейбір зиялы қауым өкілдері мен ғалымдарының бір бөлігі жаңа әліпбидің халықты мұсылман дәстүрінен, мұсылман мәдениетінен алшақтатындығын көріп, латын әліпбиін енгізуге қарсы болды. Қазақ қоғамы араб және латын әліпбиін қолдайтындар болып екіге бөлініп кетті.

Қазақстанда латын әрпінің негізіндегі жаңа қазақ алфавитінің 3 жоба - нұсқасы әзірленген: Н. Төреқұловтың (Мәскеу), М. Мурзин (Орынбор), Х. Досмұхамедов (Ташкент).

Сөйтіп, Қазақстанда алфавит алмастыру бойынша алғашқы басқосу 1924 жылдың 12-18 маусым аралығында өтіп, латынға көшуді мақұлдайды.

КСРО-да 20 ұлт жаңа алфавитке көшіп, ал жазуы болмаған 50 ұлт латын алфавитін қабылдаған.

Жалпы, латын алфавитін қазақ тіліне бейімдеуде 3 қағида негізге алынды:

1) ортақ алфавит жүйесін сақтай отырып, КСРО түркі халықтарының республикаларымен бірге біртекті әріптерді енгізу;

2) жаңа алфавитті қазақтың ұлттық тіліне нұсқан келтірмей, оның айтылуына сәйкес қолдану;

3) арабшаларға қарсылық ретінде, жаңа алфавитке нүктесіз, ілмексіз жеңіл әріптер енгізу.

Қазақстанда 1924 жылы басталған алфавит ауыстыруға байланысты пікір таластар 1927 жылға қарай күшейе түседі.

1927 жылы Қызылордада «Жаңа әліппешілер қоғамы» құрылады. Жаңа алфавитті насихаттауға, таратуға бағытталған еріктілерден тұратын «Жаңа әліппешілер қоғамының» орталық, аймақтық, аудандық комитеттері, бастауыш ұйымдары, үйірмелері жұмыс істеді.

«Жаңа әліппешілер қоғамының» Орталық комитеттің төрағасы Т. Шонановтың баяндамасының тезистерінде баспа ісі, ұлттық мектептерді дамыту, сауатсыздықты жою, мемлекеттік аппаратты жергіліктендіру сияқты шараларды жүзеге асыру барысында педагогикалық, техникалық, мәдени-тарихи тұрғыдан араб тілінің жарамсыздығы ерекше айқындалғандығы мәлімденеді.

Сол жылы Жаңа қазақ алфавиті Комитеті құрылады.

1927-1928 оқу жылында барлық техникумдарда сабақтар латын алфавитінде оқытыла бастады. Сол уақытта республикада 29 техникум болса, оларда 2646 адам оқыды. Сонымен бірге, педагог-кадрларды қайта даярлау курстары ұйымдастырылып, онда 890 қазақ мұғалімдері оқыды.

1930-шы жылдары тіл саясаты саласында уақытша тұрақтылығымен сипатталды. Латын жазуы араб графикасын толықтай ығыстырды.

30-шы жылдардың басында кеңестік әкімшілік өз бағытын өзгертіп, «жекелеген бір елде социализм құру» ұстанымын насихаттай бастайды.

1930 жылы Орталық комиссия саяси бюросында орыс алфавитін латындандыру туралы мәселені қарастыруды тоқтату туралы нұсқау беріледі. Сол уақыттағы партиялық түсінік бойынша, Кеңес Одағы – социалистік, яғни алдыңғы қатарлы, ал латындандырылған Батыс елдері – буржуазиялық, артта қалған болып саналды. Сонымен бірге, уақыт өткен сайын өзектілігін арттырып келе жатқан ортақ тіл мәселесі нақты шешімді талап етті. Ал, ортақ тіл тек бірыңғай жазу болғанда ғана мүмкін. Бұл жерде ортақ тіл рөліне тек орыс тілі ғана үміткер бола алғандығы белгілі. Сөйтіп, орыс тілін өзінің кирилдік жазу негізі арқылы тарату қолға алынды. Латындандыру ұлтаралық қатынас құралдарын пайдалануды тежейтін кедергі ретінде қаралды.

1933 жылдың қазанында М.Калининнің жетекшілігімен құрылған комиссия елдегі халықтардың жазуын латын әрпі негізінде унификациялау жұмысын одан әрі пайдасыз, негізсіз деп тапты. Комиссия латын алфавитін орыс алфавитімен алмастыру ұсынысын жасап, 1935 жылы комиссия қаулы негізінде кириллица алфавитке көшіру басталады [83].

Бүгінгі күні бізбен қоса Қырғызстан Республикасын есептемегенде түркі тілдес көрші мемлекеттердің барлығы латын графикасына көшкен.

Түркі тілдерінің ішінде Түркия латын әліпбиіне 1928 жылы, Әзірбайжан 1991 жылы, Өзбекстан мен Түркіменстан 1993 жылы көшті.

Түрік жазуы 1928 жылдың 1 қарашасында М.К.Ататүріктің «Жаңа түрік әріптерінің қабылдануы мен қолдануы туралы» Заңымен латын әліпбиіне өтті. 1929 жылы алдымен мемлекеттік мекемелер көше бастады. Бірақ 1-маусымға дейін іс-қағаздарда араб графикасы қатар қолданылды. Ал маусымнан бастап мүлдем тыйым салынды, яғни ескі жазумен «қоштасуға» 6 ай ғана мұрсат берді. Сөйтіп, Түркияда латын әліпбиіне өту бар-жоғы 1 жылда біржақты болды.

Әзербайжан жазуы түрік әліпбиін, ортақ Стамбұл жобасын негіз етті. Әліпбидің бұл құрамы 1992 жылдан бері өзгермеген. Оның себебі түрік әліпбиінің тәжірибесін қолданғандықтан. Сондай-ақ әліпбиді емес, орфографияны жетілдіру арқылы жазуларын түзетіп отырғаннан.

Әліпби өзгертудің «жарқын үлгісін көрсеткен» өзбек жазуы болды. Алғаш 1993 жылдың 2 қыркүйегінде қабылданған өзбек әліпбиі Стамбұл басқосуында ұсынылған ортақ әліпбиді негізге алған-ды. Бірақ 1995 жылы әліпби күрт өзгерді, ондағы әріптер өзгеріске ұшырады. Әліпбиді өзгертуге ұсыныстар әлі айтылып жатыр. Мысалы, 2019 жылы қосарлар мен апострофтарды алып тастап, таңбаларын ұсынған.

Сонымен, әліпби 2 рет өзгерсе де, латын әліпбиі ұлттық әліпбиге айнала алмай отырғандықтан өзбек жазуының латынға толығымен көшуі баяу. Алдымен 2000 жылы толық аяқталады деді, одан кейін 2005ж, сосын 2010ж, одан 2015ж, енді 2021 жылы жаңа әліпбиге көшеді дейді.

Ал түркіменнің жаңа әліпбиі өз «өмірін» тіпті «тарту-таралғы» болудан бастаған: Түркия президенті 1993ж. Түркіменстанға барғанда Түркіменстан президенті сый-сыяпат ретінде түркімен әліпбиін латынға көшіру туралы бұйрыққа қол қойған. Латын әліпбиімен жарық көрген алғашқы кітап та - Президенттің өз кітабы болды. Бірақ әліпбидің ішінде одан да өткен «тосынсый» болды. Түркімен әліпбиін жасаушылар латынның 26 әрпімен ғана «оңай шығып кетеміз», - деп ойлады. Латынның барлық әрпін пайдаланғаны кейбір түркімен тіліне келмеді. Сөйтіп, түркімен жазуы да «ер кезегі – үшіншісінде» тұрақтады.

Өзбек жазуы 2 рет өзгерсе де, ұлттық жазуын жасай алмай отыр, ал түрікмен жазуы 3 рет өзгеріп, үшіншісінде ұлттық жазу жасады» [99].

Әрине, 80 жылға жуық қолданған әліпбиден латын қарпіне түбегейлі көшу оңай шаруа емес.

Филология ғылымының докторы, профессор Әлімхан Жүнісбектің айтуынша, «бүгінгі қазақ жазуына тек әліпби ауыстыру ғана емес, түбегейлі реформа керек». Реформа бір ғана әліпби ауыстырумен тынбайтынын, ол өз алдына үш мәселені қамтитындығын айта келе, «үш мәселе – дыбыс, әліпби және емле-ереже: дыбыс – өзге тілдерден бөлектеп тұратын тілдің тұрпат-тұрқы, әліпби – сол дыбыстың қауызы, басқаша айтқанда, қорғаны мен оққағары, емле-ереже – дыбыстардың басын біріктіріп, сөз құрап тұратын дәнекері», - деп көрсетеді.

Сонымен қатар әліпби ауыстыру қазақ жазуына реформа жасаудың ең төте жолы болып табылатынын, егер латын таңбаларын баптап қабылдай алсақ, онда көптеген тілбұзар әріптер мен емле-ережелер өзінен-өзі түсіп қалатынын ескертеді.

Бір сөзбен айтқанда, латын әліпбиіне көшу жасампаздыққа ұмтылған халқымыз үшін берері мол игі іс десек, артық айтқанымыз емес. Бұл бастаманы ана тіліміздің қолданыс аясын одан әрі кеңейте түсуге, мәртебесін көтеруге, ұлттық сананың қайта жаңғыруына мүмкіндік деп түсінуіміз керек. Сонымен бірге латын қарпін қабылдау арқылы дамыған өркениетті елдердің қатарына қосылып, түркі әлемінің ішкі рухани, мәдени тұтастығын қамтамасыз етуге өз үлесімізді қоса аламыз. Ең бастысы – тіліміздегі басы артық кірме сөздерден арылып, орыс тілінің ықпалынан еркіндікке шығатын боламыз. Ендеше, әлемдік жаһандану үдерісіне қосылып, дүниенің төрт бұрышында тарыдай шашырап жүрген қазақ әлемінің рухани тұтастығын қамтамасыз ету үшін де латын әліпбиіне көшу – маңызды шешім [100].

Бүгінгі қазақ зиялылары латын әліпбиіне көшуді толығымен қолдап отыр.

Бұл мәселе қазақ тағдырындағы тарихи маңызды шешімдердің бірі.

Қазақ тілінің тазалығы үшін аса қажетті басты реформа, әлемдік өркениетке ілесу, «күлдық» сезімнен айырылу, сондай-ақ ана тіліміздің жаһандық ғылым мен білімге кіруін қамтамасыз ететін бірегей қадам.

Латын тілі Еуропада ең бірінші жаза алатын жалғыз тіл болған. Қазіргі заманда әлемдегі ақпараттардың көбі латын графикасында жарық көреді. Ал ақпаратқа кім иелік етсе, сол ғылым мен технологияға да иелік ететіні белгілі. Демек, мемлекетіміздің әлемдік ақпарат кеңістігіне енуіне тамаша мүмкіндік.

Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаев: «Қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық. Латын әліпбиіне көшу ұлтымыздың санасын бұғаудан босатады, түркі және жаһандық әлеммен ықпалдасуға, ертеден қолданған әдебиетімізге қайта оралып, ұлттық санамыздың қайта жаңғыруына жол ашады», - деп халыққа жеткізді.

Мемлекет тарапынан латын әліпбиіне көшіру үшін барлық нормативтік құқықтық, ұйымдастырушылық және әдістемелік іс-шараларды жүргізіп жатыр.

Латын әліпбиіне көшу мәселесі қозғалғанына он үш жылдан асты. Тұңғыш Президент Н. Назарбаев бұл тұрғыда әр қадамды терең талдап, тіл ғалымдары мен әдебиетшілердің, тарихшылардың ойлануына мүмкіндік берді. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы ғылыми орталарда кеңінен талқыланды.

Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде латын әліпбиіне көшіру, Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында, Қазақстан Республикасының Президентінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" атты Қазақстан халқына Жолдауына, 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында, Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауына толық қарастырылған.

Бұл құжаттарда Қазақстан аумағындағы терең тарихи, мәдени және психологиялық базасы бар мемлекеттік тілдің этносаралық қатынас тілі ретінде толыққанды қолданылуына қажетті шаралар көзделген.

Латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиі Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 26 қазандағы № 569 Жарлығымен бекітілген болатын.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2017 жылғы 14 қарашадағы № 153-ө өкімімен бекітілген қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссиясы құрылып негізгі міндеттері белгіленді:

1) латын графикасына кешу кезінде туындайтын проблемалар мен қиындықтарды анықтау мақсатында латын графикасына кешкен елдердің тәжірибесін зерделеу және талдау нәтижесі;

2) қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру;

3) қазақ тілі әліпбиін латын графикасына кешірудің тәсілдерін айқындау;

4) мемлекеттік тіл саясатын жетілдіру;

5) мемлекеттік тілді кешенді және жүйелі дамыту мен енгізу, этностардың тілдерін сақтау, ағылшын тілін тереңірек және қарқынды үйрену жүйесін құру;

6) тілдерді дамыту мен қолдануға бағытталған нысаналы мемлекеттік бағдарламалар мен жоспарлардың жобаларын қарау;

7) бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметті ақпараттық, әдістемелік қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады [101].

Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына 2025 жылға дейін кезең-кезеңімен көшіру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бірінші кезең: 2018 – 2020 жылдар, екінші кезең: 2021 – 2023 жылдар) Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің 2018 жылғы 13 наурыздағы № 27-ө өкімімен бекітілген болатын.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1045 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында - қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі толыққанды қызметін қамтамасыз ете отырып, латын графикалы әліпби негізінде қазақ тілін жаңғыртуға, тіл мәдениетін одан әрі арттыруға және тілдік капиталды дамытуға бағытталған үйлесімді тіл саясатын жүргізуді мақсат етті.

Ол көзделген барлық іс-шаралар жалпы мемлекеттік және ұлттық бірегейліктің аса маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілді дамытудың басымдығына негізделген және азаматтардың рухани-мәдени, тілдік қажеттіліктерін толыққанды қанағаттандыруға бағытталған.

Бағдарлама Конституцияның 7-бабына және алдында көрсетілген Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңының Конституцияға сәйкестігі жөніндегі» қосымша Қаулысына қатаң сәйкестікте әзірленген.

Сонымен қатар латын әліпбиіне көшіру мәселесіне байланысты басқада құқықтық нормативтік актілер қабылданды және қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі Ұлттық комиссияның төрт арнайы жұмыс тобы құрылды.

Біріншісі - орфографиялық (қазақ әліпбиін латын графикасына көшіруде орфография мен орфоэпия ережелерін дайындау үшін).

Екіншісі - әдістемелік (латын әліпбиін үйрету және оқыту әдістемесін жасап, оны білім беру жүйесіне біртіндеп енгізу үшін).

Үшіншісі - терминдік (латын графикасының негізінде қазақ тілінің терминологиялық базасын жүйелеу үшін).

Төртіншісі - сараптамалық-техникалық (латын графикасын IT-технология талаптарына сәйкес келтіру үшін).

Сондықтан ағылшын және одан да көп тілдерді меңгеріп келе жатқан қазақ жастарымызға латын графикасын игеру ешқандай қиындық тудырмайды деп ойлаймын. Керісінше жоғарыда атап көрсеткендей тек пайдасын береді.

Тіл өлсе, ұлт жоғалады. Сондықтан алда тұрған атқарылатын жұмыс ауқымды, әрі маңызды болып тұр.

Ол жұмыстарды жоғарыда ұсынған «Қазақ тілі академиясын» құру арқылы, «Ұлттық құндылықтар туралы» Заң қабылдап, басқада нормативтік құқықтық, ұйымдастырушылық жұмыстарды жүзеге асырсақ оң нәтижесін бермек.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Латын графикасындағы әліпбиге көшу мәселесінде асығыстық танытуға болмайды. Тыңғылықты, тексерілген ұстаным талап етіледі. Жан-жақты сараптау және жаңа әліпбидің барлық аспектілерін әзірлеу қажет. Латын әліпбиінің ұсынылған үш нұсқасы да жетілдірілмеген болып шықты.

Сондықтан бұл проблемада шынайы ғылыми әдіс керек және жеңілдетуге болмайды», - деп бұл мәселенің маңыздығын атап өтті.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы: «Қазақ тіліне реформа, тіпті қажет десеңіздер тілімізді жаңғырту қажет. Ғалымдарымыздың салмақты пікірлерін күтеміз. Тағы да қайталап айтамын, біз нақты қазақ тілін реформалаймыз. Мұндай ұлтымыз үшін тағдыршешті мәселеде науқаншылдыққа және жеңілтектікке жол беруге болмайды», - деп ауқымды іс-шаралар ұйымдастыру қажеттігін белгіледі [102].

ҚОРЫТЫНДЫ

Тарихты ұлы тұлғалар жасайды. Олар әлемді өзгертті, жаңалықтар ашты, жаңа технологиялар жасады, өз отанын тоқыраудан шығарып ең күшті және гүлденген мемлекеттер қатарына қосты. Ежелден Пифагор, Будда, Конфуций, Аристотель, Ескендір Зұлқарнайын, Еділ қаған, Күлтегін қаған, Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари, Шынғысхан, және тағы басқа әлемге ұлы істерімен танылса, қазақ хандығында Керей мен Жәнібек хандар, Қасым хан, Хақназар хан, Тәуке хан, Абылай хан, Кенесары хан, Абай Құнанбайұлы және тағы басқа біртуар тұлғалар. Күштеп орыстандыру саясаты кезіндегі қазақ елінің тәуелсіздігі үшін, оның индустриалды және әлеуметтік-экономикалық, саяси және рухани даму жолында күрес жүргізген XX ғасырдың қазақ интеллигенциялары: Тұрар Рысқұл, Ахмет Байтұрсын, Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулат, Жүсіпбек Аймауыт, Мағжан Жұмабай, Мұхаметжан Тынышбаев, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мұстафа Шоқай және тағы басқа Алаш ардақтылары тарихта ұлы істерімен із қалдырған.

Алаш ардақтыларының ерендей еңбегі қазақ жерін, елін сақтап қалуымен байланысты. Осы күнгі Қазақстан Республикасы жерінің тұтастығы мен сақталып қалуында Алаш қайраткерлерінің орасан зор еңбегі бар. Сол қазақтың елдігі мен тұтастығын аңсаған Алаш қайраткерлерінің идеясы бүгінде іске асты. Алаш қозғалысы - бүгінгі тәуелсіздіктің бастауы, қайнар көзі.

Біртуар тұлғалар басқа елдерде өз елдерінің тағдырына өз үлестерін қосқан. Қазіргі Израиль мемлекетінің иврит тілінің жандануы бірегей құбылыс болды, ол «жоғалған тіл», - деп саналып, «клиникалық» өлімді бастан өткерген әлемдегі жалғыз тіл. Еврейлер 16 ғасырдан астам басқа тілдерде сөйлескен. Тек жүз жыл бұрын ғана иврит тілін Элиэзер Бен-Иехуд деген реформатор қайта жандандырған. Ол өзінің революциялық идеяларын халыққа жеткізіп, өз жерлері - Эрец-Исраэльге қоныстандыруды көздеген. Балабақшалар мен жоғары оқу орындарын ашып, сөздіктер шығарған. 1903 жылы «Иврит тілі комитеті» құрылып, иврит тілі мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болған. Кейіннен иврит тілі бойынша заңшығармашылықпен айналысатын «Иврит тілі академиясы» (мемлекеттік мекеме) құрылған. Академия осы күні де иврит тілінің қарқынды дамуын қамтамасыз етіп жүр. Оның нормативтік қаулылары мемлекеттік органдарға, мемлекеттік ғылыми және білім беру мекемелеріне, телерадио хабарларын таратушыларға міндетті. Осылайша иврит тілін жаңғырту - әлемдегі бұрынсоңды болмаған мінсіз идеологияға айналған.

Қазіргі кезде көптеген елдерде ана тіліне қамқор көрсету мақсатында мемлекеттік тілді бұзғандығы үшін құқықтық жауапкершілік көзделген.

Мысалы, 2019 жылдың 16 шілдесінде Украина «Украин тілін қолдануды қамтамасыз ету туралы» Заң қабылдады. Заңға сәйкес Украинаның әрбір азаматы мемлекеттік тілді меңгеруге міндетті, тілді бұзған

адамдар әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Заң украин тілін барлық деңгейдегі шенеуніктердің (судьялар, құқық қорғау органдары қызметкерлері, әскери қызметшілер, білім беру мен медицина саласының қызметкерлері, мемлекеттік және коммуналдық кәсіпорындардың лауазымды тұлғалары, адвокаттар пен нотариустар) міндетті түрде меңгеруін талап етіп, теледидар мен радиохабар, кітап шығару, компьютерлік бағдарламалардың интерфейсі, әдепкі сайттар украин тілінде басым қамтамасыз етілуін міндеттеген.

Ал Латвияда ана тілдеріне қатысты әкімшілік жауапкершілікке бір тарау арнаған. Осы тәжірбие қалған Прибалтика елдерінде қолданыста.

Мемлекеттік тілді бұзғандығы үшін әкімшілік жауапкершілік сонымен қатар Тәжікстанда көзделген.

Өзбекстанның Конституциясының 4-бабына сәйкес, мемлекеттік тіл өзбек тілі болып табылады. Сондай-ақ, «Мемлекеттік тіл туралы» Заңның 9-бабына сәйкес, мемлекеттік билік және басқару органдарында жұмыс мемлекеттік тілде жүргізіледі. Алайда, мемлекеттік мекемелерінде өзбек тілінде емес, басқа тілдерде іс жүргізу жағдайларын ескеріп, мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру мақсатында Өзбекстан әділет министрлігі «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» Кодекске толықтырулар енгізуді ұсынып отыр. Ол толықтыруларға сәйкес мемлекеттік органдар мен ұйымдарда мемлекеттік тілде іс жүргізу жөніндегі талапты қатаң сақтау үшін лауазымды адамдарға қатысты жауапкершілік белгілену көзделген.

Көп ұлтты Ресей Федерациясында тілге қатысты екі заң қабылданған: біріншісі: «Ресей Федерациясы халықтарының тілдері туралы заң болса», екіншісі: «Ресей Федерациясының мемлекеттік тілі туралы» Заң, яғни орыс тілі туралы. Соңғы заңның қолдану шеңбері біріншісіне қарағанда ауқымдырақ.

Сонымен қатар, Ресей Федерациясы Президентінің жанында орыс тілі жөніндегі кеңес құрылған.

Ресей билігі орыс тілі әлемде ең танымал және кең тараған тілдердің қатарында болуына қарамастан, оған осыншама көңіл беруі кездейсоқ емес.

Олар орыс тілі - әлемдік мәдени мұраның сөзсіз бөлігі болуына, орыс тілі арқылы өз идеологиясын, саясатын жүргізуді, ықпал етуді көздеп отыр.

Дәл осындай оңтайлы саясатты Ресей ғана емес, бүкіл дамыған мемлекеттер ұстануда («Бүкіл әлемдік ағылшын тілі комитеті», «Иврит тілі академиясы», «Францияның тілі академиясы» және т.б.).

«Егер де маған ел басқару мүмкіндігі туса, ең алдымен сол елдің тіл мәселесін қолға алар едім. Себебі тіл бірлігі болмаса, пікір бірлігі болмайды және идеология дұрыс жүргізілмейді. Идеология дұрыс жүргізілмей, ортақ түсіністік таппаған елде бірлік болмайды. Сондықтан бәрінен де бұрын адамдар арасындағы бірлікті ұстап тұрған тіл мәселесі маңызды», - деген Конфуций.

Осылайша көршілес елдер тіл саясатын ұтымды жүргізуде.

Дэвид Кристал: «Бір доминантты тіл, басқа әлсіз тілмен қарым - катынасқа түскенде, ол кеңірек тарап, әлсіз тілді ығыстырады», - деген.

Бүгінгі күні Кеңес Одағына кірген он бес мемлекеттің ішінде орыс тілі Ресей мен Беларусьте мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болса, Қазақстан мен Қырғызстанда ресми тіл болып мемлекеттік тілді ығыстыруда.

Ресейлік отарлау саясаты дербес мемлекеттік құрылымдар жойып, орыстандыру саясатына көшу жүзеге асырылды. Қазақстанға Ресейдің жақын көрші болуы өте теріс салдарға әкеп соқты. Бұл жерде ұлттық езгі күшті болды, күштеп орыстандыру қаттырақ жүргізілді, нәтижесінде тұрғылықты халықтың пайызының күрт төмендеуіне әкеліп соқты. 1959 жылы қазақтардың саны республиканың барлық халқының тек 30% құраған, ал 1962 жылы ол көрсеткіш 28,9% дейін төмендеген, ал славян халықтары керісінше 57 % өскен.

1938 жылы «Ұлттық республикалар мен облыстардың мектептерінде орыс тілін міндетті түрде оқыту туралы» қаулы шықса, 1955 жылы «Орыс мектептерінде қазақ тілін міндетті оқытудан босату туралы» Жарлығы шығып, салдарынан 1980 жылы астанамыз Алматыда тек жалғыз қазақ мектебі қалған (№ 12 мектеп).

1970 жылғы көрсеткіш бойынша ірі қалаларда тұратын орыстардың саны 58,2% құраған болса, қазақтардың саны тек 17,2% құраған. Қалада қазақтарды тұрғызбауға барынша тырысты, тіркеуге алмады, ал тіркеусіз жұмысқа алмады. Қалада білім алып, тұрғысы келгендер, амалсыздан басқа ұлттардың үйінде тіркелу үшін оларға барынша жағуға тырысты. Жоғарғы білім басым орыс тілінде болды, қоғамдық орындарда қазақша сөйлеткізбей, сөйлегендерді кемістіп отырған. Бұл аз ғана мысалдар. Ол кезде қазаққа барынша қысым, шектеу көрсетілді, осылайша өз жерінде өзгенің әмірі жүрген.

Бұл тарихи құбылыс ана тіліміз үшін күрестің, егемендік үшін күрестен еш кем еместігіне дәлел.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 7, 93-баптарында, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңның 4, 23-баптарында, Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл - қазақ тілі, ол қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі делінген. Үкімет, өзге де мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар мемлекеттік тілді барынша дамытуға, кең ауқымды қызметімен қолданысын қамтамасыз етуге міндетті. Негізгі міндеттердің бірі - мемлекеттік тілді қолданудың мәртебесін арттыру және оған сұранысты арттыру.

Сонымен қатар мемлекеттік тілдің қолданылу аясын арттыру қаншама құқықтық нормативтік актілерде, Президент жолдауларында, тұжырымдамаларда, доктринада, бағдарламалар мен жоспарларда көрсетілді. Қаншама үгіт-насихат жүргізіліп, ауқымды қаражат бөлінді. Бірақ қазақ тілінің бүгінгі халі барлығымызға белгілі. Ал мемлекеттік органдардың әрекетіне қарасақ, шашыраңқылық байқалады.

Нәтижесінде мемлекеттік органдарда (соның ішінде құқық қорғау органдарында, сот жүйесінде және басқа да мемлекеттік ұйымдарда) қазақ тілі іс жүзінде қолданыстан тыс, мемлекеттік тіл тек ілеспе хат деңгейінде қолданылып, негізгі құжат мәтіні орыс тілінде дайындалады, жиын, жедел отырыстар орыс тілінде жүргізіледі, тапсырмалар, ақпараттар орыс тілінде беріледі. Жедел тексеріс іс-шараларын жүргізу, сотқа дейінгі тергеп-тексеру орыс тілімен қамтылған.

Сол себепті мемлекеттік шенеуніктер мен қызметкерлер үйреніп, қолданып жарытып жатпаған қазақ тілін үйрену үшін халық негіз көрмей отыр.

Құзыретті органдардың жыл сайынғы баяндамасы мен есептерін қарастырар болсақ, бізде мемлекеттік тілдің үлесі жыл сайын артып, бүгінгі күні іс жүргізу құжат айналымы 93% асып мемлекеттік бағдарлама толық орындалып келеді. Шындығына келсек бұл ақпараттар күмән туғызады, тек есеп «белгісі» үшін жасалған тәрізді.

Зиялы қауымның қаншама үндеулеріндегі деректер оған дәлел. Ұлыбритания ғалымы Катарина Бак: «Қазақ тілінде сөйлейтін қазақ ұлтының өкілдері қазақ тілі мен мәдениеті негізінен тек «сөзбен» ғана алға жылжып келе жатқандығына алаңдаушылық білдіреді», - деп жазған.

Кезінде Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары М.А. Жүргенбаев Парламенттегі баяндамасында: «мемлекеттік органдар мен мекемелерде мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту бойынша жұмысты ұйымдастыру төмен деңгейдегісін; басшылық тарапынан қызметкерлердің мемлекеттік тілді меңгеру дәрежесіне және оны күнделікті қызметте қолдануға жеткілікті көңіл бөлінбейтіндігін; осының салдарынан іс жүргізу мен құжат айналымының 75% орыс тілде жүргізілетіндігін» айтып өткен. Бұл жағдай бүгінде өзгере қойған жоқ.

Оған өзімнің тәжірибем де дәлел. Мемлекеттік қызметте жалпы құжат шамамен 70-80% орыс тілінде дайындалады, ал негізгі мәтіні 90% жуық десем қателеспеспін. Қазақ тілі тек (шаблонды) ілеспе хат түрінде жүреді. Оның өзін ұжымдағы қазақ тілін білетін бір-екі қызметкер үш-төрт сөйлемін өзгертіп келістіріп отырғаны болмаса. Басшылардың басым көпшілігі құжатты қазақ тілінде дайындап әкелсен: «Мынау не, түк түсініксіз, бар орысша жазып алып кел деп қайтарып жібереді, немесе қазақша түсіндіре бастасаң, түсінбей, қиналып кетеді. Амалсыздан орысша түсіндіресің, құжатты орысша дайындайсың».

Міне бүгінгі қазақ тілінің шынайы деңгейі. О. Бисмарктың: «Қауқарсыз заңдар мен қарымды шенеуніктер арқылы елді басқару мүмкін болар-ау, алайда, қауқарсыз шенеуніктермен ешқандай заң да көмектесе алмайды», - деген сөзі өте орынды айтылғанды.

Осы жағдайда «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасымен» қойылған индикаторларға жету қиын.

Мұндай тіліміздің ауыр жағдайда болуына бірнеше себептер бар.

Қазақ тілі - мемлекеттік тіл мәртебесіне Кеңес Одағында, 1989 жылы талай қыспақтардан өтіп қол жеткізген еді.

Сол ұтымды тіл саясатын 1993 жылы Қазақстан Республикасының Конституциясын қабылдауда ұстана білдік.

Алайда, 1995 жылы тіл саясаты күрт өзгеріп, Конституциямыздың 7-бабының 2-тармағына, мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады деп орыс тілін теңестірдік.

Осы норманы 1997 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңының 5-бабы және 8-бабымен толықтырдық.

Осылайша қазақ тілінің жеке өзіне тиесілі мәртебесінен заң жүзінде айырылды.

Аталған нормалардың негізінде мемлекеттік тілді меңгермей-ақ, орыс тілін кез келгені мемлекеттің бүкіл саласында, қоғамдық қатынастарда, мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізуде еркін қолдана алады.

Мұндай жағдайда мемлекеттік тілдің мәртебесіне байланысты ешкімге қандайда бір талап қоя алмайсыз.

Мемлекеттік тілдің мәртебесін кеңейту мақсатында, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі 2007 жылы «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңының Конституцияға сәйкестігі жөніндегі» №3 қосымша Қаулы қабылдағанын біреуі білсе көпшілігі білмейді.

Осы Қаулының 2-3-тармақтарында, орыс тіліне мемлекеттік тіл мәртебесі берілмегендігін, мемлекеттік тіл мәртебесінің үстем болуы, не басымдылығы Конституцияда баянды етіліп, заңдарда белгіленуі мүмкіндігі көзделген.

Дегенімен бұл жалғыз Қаулы мемлекеттік тілдің жағдайын толыққанды түзете алмайды. Бұл жағдайда мемлекеттік тілді дамыту ұзаққа созылуы мүмкін.

«Әр адамның өз тіліне деген қатынасына қарап оның мәдени деңгейі туралы ғана емес, сонымен қатар азаматтық құндылығы туралы да нақты айтуға болады. Өз еліне деген шынайы махаббат өз тіліне деген сүйіспеншілігінсіз елестету мүмкін емес. Өз тіліне немқұрайлы қараған адам - жабайы. Оның тілге деген немқұрайлығы өз халқының өткеніне және болашағына толық немқұрайлықпен түсіндіріледі», - деген К.Паустовский.

Мемлекет мықты ұлттық идеология ұстанып, әлсіз заңнамаларды күшейтіп, жауапкершілікті көздеген жөн. Өз еркімен жүрмей тұрған істі, заң жүзімен итермелеу керек.

Өткен тарихи құбылыстарды ешкім өзгерте алмайды, бірде біз, бірде олар тарихи аренада беделді болып, өз үстемдігін жүргізгендегі теріс жақтары болашақ қарым-қатынасқа кедергі болмауы керек. Ол табиғи заңдылық. Одан теріс бұрылмай, керісінше болашақта зор пайдасы бар, ұтымды қарым-қатынас орнатуымыз керек.

Бізді халықаралық аренада берік ұлттық идеологиямыз бен тіл саясатымыздың бар екендігін білдіре алатын, ұлттық мүдделерді қорғай алатын және екіжақты пайдалы ынтымақтастықты ұстанушы ел ретінде тануы керек.

Жона бергеннің жұқарар кезі, соза бергеннің үзілер кезі келді. Сондықтан мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтеріп, оның үстемдігін арттыру үшін келесі кешенді іс-шаралар атқару керек:

Біріншіден, Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабын өзгерту үшін референдум өткізу керек.

Біріккен Ұлттар Ұйымының «Байырғы тұрғылықты халық құқықтары туралы» Бас Ассамблеяның 2007 жылғы 295 декларациясына сәйкес, байырғы тұрғылықты халықтар өзін-өзі анықтап, саяси мәртебесін еркін орнатып, өзінің экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуын еркін жүзеге асырады. Тарихын, тілін, мәдениет институттарын сақтап нығайтуға, оны жандандыруға құқылы.

«Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңның 1-бабы бойынша республикалық референдум - Қазақстан Республикасы Конституциясының, конституциялық заңдарының, заңдарының және мемлекеттік өмірінің өзге де неғұрлым маңызды мәселелеріне арналған шешімдердің жобалары бойынша бүкілхалықтық дауыс беру.

Жоғарыдағы халықаралық нормаларды ескере отырып, Конституцияда баянды етілген өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып, «Республикалық референдум тағайындау туралы» конституциалық Заң нормаларын басшылыққа алып, Конституцияның 7 бабының 2 тармағына референдум жүргізу арқылы келесідей өзгерту енгізуді қарастыру қажет:

«Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деген норманың күшін жойып, орнына *«Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында қазақ тілі қолданылады. Орыс тілі ұлтаралық қатынас тілі болып табылады»* деген норманы енгізу.

Екіншіден, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңның нормаларына келесідей өзгертулер енгізу керек:

- *«Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады»* деген 5 баптың күшін жою;

- 8-баптың *«Орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады»* деген норманың күшін жойып, орнына *«Орыс тілі ұлтаралық қатынас тілі болып табылады»* - деген норманы енгізу.

Үшіншіден, «Қазақстан Республикасының Ұлттық құндылықтары туралы» Заң қабылдау керек.

Заңда ең басты құндылықтардың бірі ретінде қазақ тілінің мәртебесі мен үстемділігін көздеу қажет.

Сонымен қатар, бұл заңда тарихи тамыры тереңде жатқан, ұлтымыздың жоғары бағаланатын қасиеттері: ұлттық салт-дәстүрлеріміз, әдет-ғұрыпымыз бен мәдениетіміз ұлттық код ретінде енгізілуі қажет.

Төртіншіден, «Қазақстан Республикасының Ұлттық құндылықтары туралы» Заң талаптарын бұзғандығы үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікті көздеу керек.

Әкімшілік құқық бұзушылық кодексіне жаңа 75-1 бабын енгізіп, ұлттық құндылықтарға қарсы жасалған құқық бұзушылықтар түрлерін белгілеп, ол үшін жауапкершілікті көздеу қажет.

Сол сияқты Қылмыстық кодексте жаңа 145-1-бабын енгізіп, ұлттық құндылықтарды тікелей немесе жанама шектегені үшін қылмыстық жауапкершілікті қарастыру керек.

Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында тәртіптік жауапкершілікке тарту тәжірбиесін қолға алу керек. Ол үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, құқық қорғау мен арнаулы мемлекеттік органдардың, соттың және басқада мемлекеттік ұйымдардың ережелерінде «Қазақстан Республикасындағы Ұлттық құндылықтар туралы» Заңын бұзғандығы үшін тәртіптік жауапкершілікті көздеу қажет.

Бесіншіден, «Қазақ тілі академиясын» құру керек.

Елімізде негізгі идеология мен мемлекеттік тіл саясатын ұтымды жүргізетін, ұлттық кодты сақтап қалуға бағытталған кешенді іс-шараларды ұйымдастыратын «Қазақ тілі академиясын» құру, оңтайлы шешім.

«Қазақ тілі академиясы» текелей Қазақстан Республикасының Президентіне бағынышты негізгі мемлекеттік органдардың қатарында болу керек. Басшысын Қазақстан Республикасының Президенті тағайындап, оның құзыретін кеңейту керек.

«Қазақ тілі академиясы» міндеттерінің ішінде:

1. Мемлекеттің барлық саласында (мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдарда, құқық қорғау мен арнаулы мемлекеттік органдарында, сот жүйесінде және басқада мемлекеттік ұйымдарда, ғылымның жаратылыстану, техника-математикалық, қоғамдық-әлуметтік, гуманитарлық және басқада жаңа бағыттарында, бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде, білім беру саласында және т.б.) қазақ тілінің үстемділігін бақылап, өзекті проблемаларын шешу үшін нормативтік-ұйымдастырушылық жұмыстарды жүргізу. Соның ішінде:

- мемлекеттік тілде оқытудың инфрақұрылымын дамыту;
- мемлекеттік тілде оқыту процесін ынталандыру;
- барлық сала бойынша қазақ тілі заңдылығын сақтап терминалогиялар әзірлеу;
- қазақ тілінің лексикалық қорын жетілдіру және жүйелеу;
- оқулықтар мен маңызды кітаптардың аудармаларын қамтымассыз ету;
- тіл мәдениетін жетілдіру;
- латындандыру процесін жүргізу және т.б.

Қазақ тілінің бәсекеге қабілеттілігін арттырып, ол ғылым тіліне айналуы керек. Ғылыми ізденушілер ең үздік оқулықтар арқылы әлемдік ғылымның соңғы жетістіктерімен мемлекеттік тілде танысуы маңызды. Сондықтан шетел тілінде жазылған еңбектер мемлекеттік тілге аударылуы қажет. Ғылыми мақалалар мен басқада ғылыми еңбектер қазақ тілінде жазылуы керек.

2. Балаға тәрбие мен білімді ең алдымен ана тілімізде беруіміз керек.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Ж. Тоқаев: «Отбасында ана тілінде сөйлеп өскен бүлдіршіннің тілге деген ықыласы терең, құрметі биік болады. Осы тұрғыда, балабақшаларда, мектептерде мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруді назарда ұстау қажет. «Біз мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру бағытындағы жұмыстарды үздіксіз жалғастыра береміз», - деп бұл мәселенің маңыздылығын атап өтті.

Бірқатар дамыған елдерде (Жапон, Израиль, Испания және т.б.) балабақшалары мен бастауыш сыныптарында тәрбие мен білім тек ана тілінде беріледі, ал әлемдік тіл – ағылшын тілі жоғары сыныптарда қалауы бойынша беріледі.

Сондықтан осы елдердің тәжірибесін ескеріп, оқыту процесін мемлекеттік тілде жүргізу өте маңызды.

Ана тілінде тәлім алып өскен бала қоршаған ортаны ең алдымен өз тілінде танып біледі, ана тілінде ойлайды, ал олай ойлаған бала отанын сүйгіш, құрметтегіш келеді.

3. Бұқаралық ақпарат құралдарында, интернет ресурстарында, әлеуметтік желілерде қазақ тілінде жүргізілуін және беріліп отырған ақпараттың ұлттың мүддемізге сәйкестігін бақылауды қолға алу керек.

БАҚ (әсіресе сананы жаппай манипуляциялауға көшкен кейбір Ресей және басқа елдердің БАҚ), интернет, әлеуметтік желілер (ватсап, фейсбук, телеграмм, инстаграмм және т.б.) мемлекетке ықпал етуші «төртінші» билік екендігі жасырын емес.

Олар мемлекеттің идеологиясын жүргізетін, немесе оған кедергісін тигізетін басты құралдардың бірі.

Жаңа ұрпақ үшін сандық өмір табиғаттың бір бөлігі ретінде қабылданады. Интернетті жастар жиі қолданып, ол өмірлік серігіне айналды.

Қазіргі кезде жаңа буын идеяларды өзінің ата-анасы мен қоршаған ортадан алып қоймай, көбіне БАҚ, интернеттен, әлеуметтік желілерден қабылдайды. Ал ол көп жерде мінез-құлқымызға жат ақпараттарға толы. Осылайша олар идеологиямызға қайшы ақпараттармен орыс тілінде сусынданады.

Сондықтан, БАҚ мен әлеуметтік желілердің қазақ тілінде жүргізілуін қамтамасыз ету қажет. Шет ел БАҚ құралдарының ақпаратын халыққа сараптап, ұлттық идеологияны шайқамайтын, керекті, әрі пайдалы ақпараттарды ұсыну қажет. Шетелдің үгіт-насихатына жол бермеу керек.

Әлеуметтік желілерді, интернетті пайдалануда мемлекеттік тілдің үлесін ұлғайтып, ұлттық интернет-сегментін дамыту керек.

4. Білімнің қайнар көзі - кітап пен оқулықтар қазақ тілінде жарық көру керек. Шет елдің баспа туындыларының мемлекеттік тілге аударылуын қамтамасыз ету қажет.

Құнды кітап – халық қазынасы, ол оқырманға құнды ақпарат жеткізіп, оны рухани сусындырады, ғылымға, білімге жөн сілтейді және тәрбиелейді.

Кітаптар, оқулықтар мен басқада баспа туындыларын шығару үшін оның мазмұнына қатаң талаптар қою керек.

Терең тарихымызға қатысты кез келген еңбек, еліміздің идеологиясына әсері бар басқада ғылым салалары бойынша туындылар, сол сияқты шетел тілінен аударылған еңбектер «Қазақ тілі академиясының» мақұлдауымен баспаға берілуін қарастыру керек және бұл олардың бақылауында болу керек. Мақұлдаусыз жарияланған туындының авторына және басылым басшылығына ескерту жасау, қайталанған жағдайда әкімшілік жауапкершілікке тарту мәселесін де қарастырған жөн.

Жалпы осы ұсыныстар болашақта оң шешімін тауып жатса, Қазақстан Республикасының Конституциясына мен «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңына тиісті өзгертулер енгізсек, «Қазақстан Республикасының Ұлттық құндылықтары туралы» Заң қабылдасақ, жауапкершіліктерді көздесек, «Қазақ тілі академиясын» құрсақ, осыларға байланысты Кодекстерге, заңнамаларға, нормативтік құқықтық актілерге тиісті өзгертулер мен толықтыруларды енгізсек, тілмен бірге қоғам да жаңарады.

Алтыншыдан, мемлекет тарапынан («Қазақ тілі академиясымен») тіл саясатының орындалуын қатаң қадағалап, құқық бұзушыларды жауапкершілікке тарту керек.

Бүгінгі күні мемлекеттік органдар тарапынан тіл саясаты мен заңнамалар талаптары жеткілікті ескерілмей, заңға қайшы әрекеттер орын алып отыр.

Атап айтсақ, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодекстің 30-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасында қылмыстық сот ісін жүргізу қазақ тілінде жүргізіледі, сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар ресми түрде орыс тілі, ал қажет болған кезде басқа тілдер де қолданылады. Қылмыстық процесті жүргізетін орган істі орыс тілінде немесе басқа тілдерде жүргізу қажет болған кезде сот ісін жүргізу тілін өзгерту туралы уәжді қаулы шығарады.

Яғни, Қылмыстық процестік кодекстің 179-бабы 1-бөлігіндегі (арыз, хабарды бірыңғай тізіліміне тіркеу), 60-баптың 2-бөлігіндегі (хабардар ету), сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыру кезінде кейінге қалдыруға болмайтын басқа да әрекеттерді тергеу және анықтау органдары қазақ тілінде жүргізуі тиіс.

Алайда, ісжүзінде алдын-ала тергеу және анықтау органдары көрсетілген сотқа дейінгі тергеп-тексеру әрекеттерін орыс тілінде басым жүргізіп, ҚР ҚПК-тің талабын қатаң бұзуда.

Жетіншіден, заң талаптары бұрмаланып, коллизия тудыратын нормативтік құқықтық актілердің күшін жою.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 13 нормативтік қаулысы, Қазақстан Республикасы қылмыстық-процестік кодексінің 30 бабының 2 тармағын ескермей, мемлекеттік тіл мәртебесінің үстем болуына қарамастан орыс тілінің басымдылығына жол беріп тұр.

Жоғарыда көрсетілгендей ҚР ҚПК-тің 30 бабының 1, 2 тармақтарында қылмыстық сот ісін жүргізу қазақ тілінде жүргізіледі, орыс немесе басқа тілдерде жүргізу қажет болған кезде сот ісін жүргізу тілін өзгерту туралы уәжді қаулы шығарады. Осылайша ҚР ҚПК қылмыстық істі басынан қазақ тілінде жүргізуді міндеттеп отыр, ал басқа тілде, соның ішінде орыс тілінде істі жүргізу қажет болса қаулы шығару қажеттігін көрсетіп тұр.

Жоғарыда көрсетілген Жоғарғы соттың нормативтік қаулысы Кодекстің 30-бабының 2 тармағын жоққа шығарып, коллизия туғызып тұр. Қаулының 2 тармағы: «Қазақстан Республикасында сот ісі қазақ тілінде жүргізіледі, қазақ тілімен қатар ресми түрде орыс тілі, ал қажет болған жағдайларда басқа да тілдер қолданылады», - деп жалпы норманы көрсетіп, ҚР ҚПК-тің 2 тармағының нақты міндетін көрсетпеген.

Нәтижесінде осы қаулыға сәйкес, қылмыстық процесті жүргізетін орган істі сот жүргізу тілін өзгерту туралы қаулы шығармай орыс тілінде жүргізуге құқық беріп тұр.

Мұндай жағдайда, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 13 нормативтік қаулысына өзгертулер енгізуге негіз бар. ҚР ҚПК-нің 30 бабындаға талаптар мағынасы өзгермей аталған қаулыға толығымен ену керек.

Сегізіншіден, мемлекеттік қызметтің барлық санатындағы үміткер тұлғаларға қойылатын негізгі талаптың бірі – мемлекеттік тілді еркін меңгеру болу керек. Оны тексеретін қатаң ауызша және жазбаша сынақ (емтихан) енгізу қажет. Ол процес интернет ресурстары арқылы бақылауға ниет білдірген кез-келген адамға қол жетімді болуы керек.

Тогызыншыдан, мемлекеттік қызметкерлердің қызметін бағалау әдістемесіне мемлекеттік тілден білімі, іс жүзіндегі атқарған жұмысының нәтижесі туралы талаптар бағалау критерийіне енгізілуі керек.

Оныншыдан, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» акционерлік қоғамы барлық мемлекеттік органдарға жүйелік-техникалық қызмет көрсету барысында, кез-келген негізгі құжат мәтінінің, оған тіркелген, не қосымша құжаттардың мемлекеттік тілмен қамтылғанын қамтамасыз ету үшін жаңа бағдарламалар мен талаптар орнату керек.

Қорта келсек, алдымызда талай сүбелі істер тұр, тарихи шешімдер қабылдау тұр. Әрине бұл оңай шаруа емес. Бірақ өзіміздің өркениетті болашағымыз үшін осы маңызды шараларды кешіктірмей жүргізген абзал.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995 жылғы 30 тамыз // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>
2. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңы, 1997 жылғы 11 шілде // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151>
3. Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1045 қаулысы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900001045>
4. Тіл – елдігіміздің негізі// <https://egemen.kz/article/5692-til-%E2%80%93-eldigimizdinh-negizi>.
5. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің N3 қосымша қаулысы, 2007 жылдың 23 ақпаны // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/S070000003>
6. Жаханды тіл жүйесі. // https://en.wikipedia.org/wiki/Global_language_system
7. «Алаш ардақтылары көтерген ұлттық идеялардың бүгінгі күні жүзеге асқандығын дәлелдеңіз» // <https://martebe.kz/alash-ardakhtylary-kotergen-ulttykh-idejalardyn->
8. Израель электрондық журналы: «Израиль елінің ең көрнекті табысы: Иврит жандануы - бірегей әлемдік құбылыс» // <https://www.calcalist.co.il/internet/articles/0,7340,L-3777798,00.html>
9. «Балтиморское солнце» электрондық газеті: «Когда «мертвый» язык возвращает Израиль к жизни иврит: через 1700 лет возрожденный язык становится общей нитью, объединяющей нацию иммигрантов, имеющих мало общего, кроме религии» // <https://www.baltimoresun.com/news/bs-xpm-1998-04-26-1998116050-story.html>.
10. Социолингвистический феномен нового иврита: Становление, лексико-стилистическое варьирование и сферы функционирования. Диссертация мен автореферат, ВАК РФ 10.02.22ж., филология ғылымының докторы А.А. Крюков // <https://www.dissercat.com/content/sotsiolingvisticheskie-fenomen-novogo-ivrita-stanovlenie-leksiko-stilisticheskoe-varirovanie>
11. «Мое еврейское обучение» сайты. «Элиэзер Бен-Иегуда и создание современного иврита» // <https://www.myjewishlearning.com/article/eliezer-ben-yehuda/>
12. «Иврит-возрожденный язык Израиля» // <http://callofzion.ru/pages.php?id=572>
<http://www.berkovich-zametki.com/AStarina/Nomer1/Rabin1.htm>
13. «Особенности еврейской правовой системы: сравнение еврейского и мусульманского права (VII-XIII вв.)», диссертация мен автореферат, ВАК РФ 12.00.01ж., заң ғылымдарының кандидаты Д.Я. Примаков // <https://www.dissercat.com/content/osobennosti-evreiskoi-pravovoi-sistemy>
14. Иврит тарихының очерктері // <http://www.berkovich-zametki.com/AStarina/Nomer1/Rabin1.htm>
15. «Язык иврит: Исследование и преподавание», Мәскеу 2002 // <http://www.hebrew.su/rus/publications/sefer/2002/kryukov-1.pdf>
16. «Иврит академиясы» // https://he.wikipedia.org/wiki/תּירבועָה_וּשְׁלֵל_הַיְמָדָאָה
17. «Иврит тілі академиясы» // <https://eleven.co.il/state-of-israel/education/10110/>
18. «Академия языка иврит ввела в оборот 1400 новых слов» // <https://stmegi.com/posts/71000/akademiya-yazyka-ivrit-vvela-v-oborot-1400-novykh-slov/>
19. «Израильде иврит тілінің статусын көтеру туралы» - Үкіметтің іс-шаралар жоспары // <https://apps.education.gov.il/Mankal/Hodaa.aspx?siduri=157>
20. «Ной Вебстер и мечта об общем языке» // <https://connecticut.history.org/noah-webster-and-the-dream-of-a-common-language/>

21. «Ной Вебстер» // https://en.wikipedia.org/wiki/Noah_Webster
22. «Ференц Казинчидің барлық еңбектері» // http://deba.unideb.hu/deba/kazinczy_muvei/
23. «Ференц Казиничи» // https://en.wikipedia.org/wiki/Ferenc_Kazinczy
24. «Кнуд Кнудсен» // [https://en.wikipedia.org/wiki/Knud_Knudsen_\(linguist\)](https://en.wikipedia.org/wiki/Knud_Knudsen_(linguist))
25. «Мариус Ньюгаард» // [https://en.wikipedia.org/wiki/Marius_Nygaard_\(academic\)](https://en.wikipedia.org/wiki/Marius_Nygaard_(academic))
26. «Хенрик Вергеланд» // https://en.wikipedia.org/wiki/Henrik_Wergeland
27. «Ивар Аасен» // https://en.wikipedia.org/wiki/Ivar_Aasen
28. «Бьорнстjerne Бьёрнсон» // https://en.wikipedia.org/wiki/Bj%C3%B8rnstjerne_Bj%C3%B8rnson
29. «Адамантиос Корайс» // https://en.wikipedia.org/wiki/Adamantios_Korais
30. «Адамантиос Корайс» <https://www.britannica.com/biography/Adamantios-Korais>
31. «Ишвар Чандра Видьясагар» // https://en.wikipedia.org/wiki/Ishwar_Chandra_Vidyasagar
32. «Джайгопал Таркаланка» // https://en.wikipedia.org/wiki/Jaygopal_Tarkalankar
33. «Скарлат Варнав» // https://en.wikipedia.org/wiki/Scarlat_V%C3%A2rnava
34. «Вук Караджич» // https://en.wikipedia.org/wiki/Vuk_Karad%C5%BEvi%C4%87
35. «Шир Джама Ахмед» // https://en.wikipedia.org/wiki/Shire_Jama_Ahmed
36. «Йозеф Юнгманн» // <http://www.obec-hudlice.cz/vyznamni-rodaci-nasi-obce/josef-jungmann/>
37. «Йозеф Юнгманн» // https://en.wikipedia.org/wiki/Josef_Jungmann
38. «Йозеф Добровский» // <https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%94%D0%BE%D0%B1%D1%80%D0%BE%D0%B2%D1%81%D0%BA%D0%B8%D0%B9,%D0%99%D0%BE%D1%81%D0%B5%D1%84>
39. «Украин тілін қолдануды қамтамасыз ету туралы» Украин Республикасының Заңы // <https://ips.ligazakon.net/document/T192704?an=1>
40. «Владимир Зеленский 2020 орта білім туралы Заңға қол қойды» // https://24tv.ua/education/ru/reforma_shkoly_2020_ukraina_zakon_ob_obrazovanii_chno_iz_menilos_n1265209
41. Латвия әкімшілік құқық бұзушылық кодексі // <http://likumi.lv/doc.php?id=89648>
42. Өзбекстан Республикасының әкімшілік жауапкершілік туралы Кодексі, 1994 жылғы 22 қыркүйектегі № 2015-ХІІ Заңымен бекітілген // https://online.zakon.kz/m/document/?doc_id=30421092
43. «Әділет министрлігі мемлекеттік органдарда іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізбегені үшін айыппұл енгізуді ұсынды» // <https://podrobno.uz/cat/obchestvo/minyust-predlozhi-vvesti-shtrafy-za-to-chno-v-gosorganakh-deloproizvodstvo-vedut-ne-na-gosudarstven/>
44. «Қазіргі қоғамдағы лингвистикалық ұлтшылдық деструктивті» // <https://nomad.su/?a=3-202005260020>
45. «Әділет министрлігі: мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілде жұмыс жүргізу азаматтардың құқықтарына нұқсан келтірмейді» <https://www.minjust.uz/ru/press-center/news/99014/>
46. Әлем елдерінің ресми тілдері // <http://ostranah.ru/lists/languages.php>
47. «Күлтегін жазбасындағы ежелгі түріктердің манифесті» // <https://articlekz.com/kk/article/15460>
48. «Күлтегін жазуы» //

- https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9A%D2%AF%D0%BB%D1%82%D0%B5%D0%B3%D1%96%D0%BD_%D0%B6%D0%B0%D0%B7%D1%83%D1%8B
49. «Күлтегін жазбасы туралы» О. Сүлейменов // <https://www.youtube.com/watch?v=1VVtPjKtJc>
 50. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл. ISBN 5-89800-123-9, II том.
 51. David Crystal. Language Death. 2000 г. -5 б.
 52. Қазақстан мектептерінің тарихы» // https://kk.wikipedia.org/wiki/%D2%9A%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D2%9B%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%BD_%D0%BC%D0%B5%D0%BA%D1%82%D0%B5%D0%BF%D1%82%D0%B5%D1%80%D1%96%D0%BD%D1%96%D2%A3_%D1%82%D0%B0%D1%80%D0%B8%D1%85%D1%8B
 53. «Мемлекеттік тіл - тәуелсіздік тірегі» // <https://el.kz/news/archive/content-30996/>
 54. «Қазақстандағы тіл саясаты» // http://rlj.americancouncils.org/issues/59/files/Suleimenova_2009.pdf
2) https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%AF%D0%B7%D1%8B%D0%BA%D0%BE%D0%B2%D0%B0%D1%8F_%D0%BF%D0%BE%D0%BB%D0%B8%D1%82%D0%B8%D0%BA%D0%B0_%D0%B2_%D0%9A%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D1%85%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%BD%D0%B5
 55. «Ашаршылық. Қырылған қазақтың саны қанша? Саяси баға қашан беріледі?» // <https://informburo.kz/kaz/asharshyly-yrilan-azaty-sany-ansha-sayasi-baa-ashan-berled.html>
 56. «Білім беру жүйесіндегі тілдік реформа және оның жүзеге асуы» доцент А.З. Жуманова, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті // ЭОЖ 94[37:81] (47+57) 1940 - 1980 ЖЖ. БІЛІМ БЕРУ <http://edu.e-history.kz/ru/publications/view/1191>
 57. «Сахалин кәрістерінің жеке атаулары жүйесінің ерекшеліктері» // <https://koryo-saram.ru/osobennosti-sistemy-lichnyh-imen-sahalinskih-korejcev/>
 58. «Тәуелсіздік және қазіргі қазақ тілі» // <http://anatili.kazgazeta.kz/?p=40250>
 59. «Тіл ажалы» // <https://abai.kz/post/9763>
 60. «Герольд Белгер: «Қаламымды тастаған күні күдекең мені алып кетеді» // <https://www.ktk.kz/kz/blog/article/2018/02/08/89618/>
 61. Константин Паустовскийдің тілге қатысты сөзі // <https://proza.ru/2015/01/28/1683>
 62. Герольд Бельгер: «Өмірімнің 43 жылын қазақ тіліне құлағымның құрышын қандырумен келген екем...» // <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/kkzhiek/47593/>
 63. Сұғбат. Герольд Белгер // <https://abai.kz/post/68>
 64. З.Т. Садвокасова «Исследование научной проблемы колониальной политики как царского в контексте духовной экспансии» // http://iie.kz/?page_id=408&lang=ru
 65. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1993 жылғы 28 қаңтар // <http://ksrk.gov.kz/kk/news/kazakstannyn-1993-zhylgy-kabyldangan-tungysh-konstituciyasy>
 66. Біріккен Ұлттар Ұйымының «Байырға тұрғылықты халық құқықтары туралы» декларациясы. Бас Ассамблеяның 2007 жылғы 13 қыркүйектегі 61/295 қарарымен қабылданған. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/O0700000003>
 67. Республикалық референдум туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 2 қарашадағы N 2592 Конституциялық заңы. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002592>
 68. Ә. Нысанбаева – Қазақстандағы тіл саясаты. «Қазақстандық патриотизм американдық қасиетке ие болуы керек...» // <https://centrasia.org/newsA.php?st=1041890340>

69. «Мемлекеттік тіл-ел бірлігінің факторы» - Мәжілістегі конференция бойынша тезистер. // <https://www.zakon.kz/166739-mazhilis-gosudarstvennyji-jazyk-faktor.html>
70. «Мемлекеттік бойынша Үндеу» // <https://abai.kz/post/11662>
71. Дос Көшім: «Мемлекеттік тіл туралы жаңа заң қабылдау қажет» // <https://abai.kz/post/59447>
72. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231>
73. «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480>
74. Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында (Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы N 858 Жарлығы).
75. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 13 нормативтік қаулысы.
76. «Үш тілді қанша қазақстандық меңгерген» // https://ratel.kz/kaz/skolko_kazahstantsev_vladejut_tremja_jazykami.
77. Қазақстандықтардың 80% - дан астамы қазақ тілін меңгерген - Мәдениет министрлігі // <https://translate.yandex.kz/?lang=ru-kk&text=%D0%91%D0%BE%D0%BB%D0%B5%D0%B5%2080%25%20%D0%BA%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D1%85%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%BD%D1%86%D0%B5%D0%B2%20%D0%B2%D0%BB%D0%B0%D0%B4%D0%B5%D1%8E%D1%82%20%D0%BA%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D1%85%D1%81%D0%BA%D0%B8%D0%BC%20%D1%8F%D0%B7%D1%8B%D0%BA%D0%BE%D0%BC%20%20%D0%9C%D0%B8%D0%BD%D0%BA%D1%83%D0%BB%D1%8C%D1%82%D1%83%D1%80%D1%8B>
78. ҚР тілдерді дамыту: оқыту орталықтары, терминалогия және үштілдік» // <https://strategy2050.kz/ru/news/52352/>
79. Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің 2014 – 2018 жылдарға арналған Стратегиялық жоспары // <https://primeminister.kz/assets/media/pril-704-ru.pdf>
80. Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000401>.
81. «Қазақстан Республикасындағы қазіргі тіл саясаты» // <https://articlekz.com/article/17700>
82. Қазақстанды Қазақтандыру баяу қозғалғанымен, шегінгісі жоқ» // https://rus.azattyq.org/a/kazakh_language/2230285.html.
83. «Тілдің дамуы: өлшеу көрсеткіштерін іздеу» // <https://articlekz.com/article/22711>.
84. «ЮНЕСКО» - «Әлемдегі тілдер Атласы» // http://internat-tura.ru/index/alitet_nikolaevich_nemtushkin/0-5
<http://www.unesco.org/languages-atlas/index.php?hl=en&page=atlasmap>.
85. Тіл жүйесін реформалау қажет // <https://abai.kz/post/47781>.
86. ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДУЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНЫҢ МӘСЕЛІЛЕРІ // <https://termincom.kz/terminology/?id=4/>
87. Алаштың асыл арысы Халел Досмұхамедұлы ғұмырының ғибратты тұстары // <https://articlekz.com/kk/article/15512>.
88. Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences.
89. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі.
90. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі.

91. К вопросу о роли национальных ценностей в развитии нации <https://articlekz.com/article/10987>.
92. «ҚР Президенті Қ.Ж.Тоқаев латын әліпбиіне қатысты ұстанымын білдірді» // <https://www.ktk.kz/kz/newsfeed/article/2019/04/02/116088/>
93. Қазақша оқу жайынан. «Қазақ», 1913, №14».
94. ГЕРОЛЬД БЕЛЬГЕР: ҚАЗАҚТЫҢ ЕҢ БАСТЫ ҚАТЕЛІГІ – ТЫМ ЕЛІКТЕГІШТІГІ // <https://turkystan.kz/article/9700-gerold-belger-kazaktyn-en-basty-katelig-tym-elictegishtigi>
95. ҮШ ТҰҒЫРЛЫ ТІЛ – ҰЛТСЫЗДАНУҒА ТӨТЕ ЖОЛ // <http://mail.ult.kz/post/ush-tugyrly-til-ultsyndanuga-tote-zhol>
96. «СМИ и культурная идентичность - Мора - Международный журнал гуманитарных наук» . insanbilimleri.com .
97. Лопес, Нестор; Опертти, Ренато; Варгас Тамез, Карлос (2017). Молодежь и меняющиеся реалии: переосмысление среднего образования в Латинской Америке (PDF) . ЮНЕСКО. С. 44–45. ISBN 978-92-31 00204-5,
98. «Бүгінгі қазақстандық БАҚ - бұқаралық па?» - Ұшқын Сәйдірахман. // https://el.kz/news/nauka/bugingi_kazakstandik_bak_bukaralik_pa/
99. Түркі тілдері неше әліпби нұсқасын қабылдады? // <https://abai.kz/post/109464>
100. «Тіл келешегінің кепілі» // <http://anatili.kazgazeta.kz/?p=52587>.
101. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2017 жылғы 14 қарашадағы № 153-ө өкімімен бекітілген «Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссиясы құру туралы».
102. «Қасым-Жомарт Тоқаев латын әліпбиіне көшуге қатысты пікір білдірді» // https://www.inform.kz/kz/kasym-zhomart-tokaev-latyn-alipbiine-koshuge-katysty-pikir-bildirdi_a3596574
103. Қазақтың Салтын Сақтау Кімге Керек?..// <http://www.mediaon.kz/>